19.11.25 ж. Жетісу облысы, Талдықорған қаласы, №6 орта мектеп қабырғасында «Мен есірткісіз өмірді таңдаймын!» тақырыбында оқушыларға дәріс өткізілді. Дәріске 46 оқушы қатысты. Дәрісті «САНАЛЫ ҚОҒАМ» қоғамдық қорының заңгері - Қабдылов Ерасыл Айдынұлы, психологы - Әбдікәрім Сәния Қайратқызы оқыды.

19.11.25 ж. Жетісу облысы, Талдықорған қаласы, №5 орта мектеп қабырғасында «Мен есірткісіз өмірді таңдаймын!» тақырыбында оқушыларға дәріс өткізілді. Дәріске 72 оқушы қатысты. Дәрісті «САНАЛЫ ҚОҒАМ» қоғамдық қорының заңгері - Қабдылов Ерасыл Айдынұлы, психологы - Әбдікәрім Сәния Қайратқызы оқыды.

20.11.25 ж. Жетісу облысы, Талдықорған қаласы, 2 орта мектеп қабырғасында «Мен есірткісіз өмірді таңдаймын!» тақырыбында оқушыларға дәріс өткізілді. Дәріске 59 оқушы қатысты. Дәрісті «САНАЛЫ ҚОҒАМ» қоғамдық қорының заңгері - Қабдылов Ерасыл Айдынұлы, психологы - Әбдікәрім Сәния Қайратқызы оқыды.

Жалпы алғанда барлық дәріске 1057 адам қатысты.

№ 2 іс-шара. «Мен есірткісіз өмірді таңдаймын!» тақырыбында оқушылар мен студенттерге арналған пікірталас

18.10.25 ж. Облыстық Жастар ресурстық орталығының ғимаратында пікірталас өтті. Шараға 63 адам қатысты. Шара барысында есірткі туралы, оның таралымы бойынша ақпараттар алмасып, пікірталастырды. Шараға Жетісу облысы ПД Есірткі қылмысына қарсы іс-қимыл басқармасының аға жедел уәкілі полиция подполковнигі Искакова Меруерт Сеитовна қатысты. Шара барысында «САНАЛЫ ҚОҒАМ» қоғамдық қорының нарколог-дәрігері Мамытай Сералы Мамбеталиұлы, заңгері - Қабдылов Ерасыл Айдынұлы, психологы - Әбдікәрім Сәния Қайратқызы баяндама оқыды. Студенттер сұрақтар қойып, тұшымды жауаптар алды.

№ 3 іс-шара. «Мен есірткісіз өмірді таңдаймын!» тақырыбында оқушылар мен студенттерге арналған посттер (пост) байқауы

07.11.25 ж. Жетісу облысы, Талдықорған қаласы «Есірткісіз таза қоғам» фронт офисінде байқауға қатысушылар марапатталды. Байқау ағымдағы жылдың маусым-қазан аралығында жүргізілді. Шараға 12 адам қатысты. Онлайн форматта әлеуметтік желілерде өздерінің ойлары мәтінмен суретпен жеткізді. Шара барысында комиссия құралып, жеңімпаздары анықтады. Комиссия шешімімен 1,2,3 орын мен қатысушыларға сертификаттар мен естелік сыйлықтар берілді.

2-міндет. Профилактикалық іс-шаралардың тиімділігі

№ 1 іс-шара. «Сауалнама: Бүгінгі көзқарас» Жоба аясында өткізілген іс-шаралардың тиімділігін бағалау мақсатында онлайн және қағаз нұсқада сауалнамасы

Жоба аясындағы профилактикалық іс-шаралардың тиімділігін бағалау мақсатында 2626 қатысушыны қамти отырып, онлайн және қағаз нұсқада «Сауалнама: Бүгінгі көзқарас» жүргізілді. Сауалнама нәтижесі көрсеткендей, қатысушылардың 79%-ы іс-шарадан кейін нашақорлық туралы көзқарасының айтарлықтай өзгергенін растады, ал 90%-ға жуығы шараны пайдалы деп бағалады. Бұл деректер жастардың нашақорлықтың зияны мен оның құқықтық салдары туралы білім деңгейінің бірден артқанын көрсетеді.

Сауалнама нәтижелері ұзақ мерзімді келешекте жастар арасында салауатты өмір салтын ұстану мәдениетінің нығаюына және есірткіге қарсы әлеуметтік иммунитеттің қалыптасуына негіз болады. Қатысушылардың 92%-ы осындай іс-шаралардың жиі өткізілуі керек деп санайтындықтан, алынған мәліметтер келешекте нашақорлықтың алдын алу саясатын жетілдіруге және нақты мақсатты топтарға (14-18 жас аралығы – ~63%) бағытталған бағдарламаларды жасауға негіз болады.

3-міндет. Талдықорған қаласында жастарға арналған мамандандырылған орталық құру

№ 1 іс-шара. Нашақорлықтың алдын алуға арналған ақпараттық, психологиялық және кеңес беру қызметтерін ұйыстыру мақсатында «Jastar support hub» орталығының ашу.

04.09.25 ж. Жетісу облысы, Талдықорған қаласында (Д.Қонаев көш., 47) «Jastar support hub» мамандандырылған орталығын ашу бойынша жоспарланған іс-шара толық көлемде орындалды. Аталған орталық грант алушының өз қаражаты есебінен жүзеге асырылды.

Орталықта нашақорлықтың алдын алуға бағытталған ақпараттық, психологиялық және кеңес беру қызметтері ұйымдастырылды. Бір мамандандырылған фронт-офис ашылып, жастарға құқықтық, психологиялық және наркологиялық кеңес беру қызметтері жолға қойылды. Қазіргі уақытта орталықта заңгер, психолог және наркологтан тұратын 3 маман тұрақты негізде жұмыс істейді. Жеке қабылдаулар, топтық кеңестер және ақпараттық кездесулер жүйелі түрде өткізілуде.

Іс-шараның нәтижесінде жастардың психологиялық және құқықтық сауаттылығы артты, тәуекел топтарына ерте диагностика жасап, көмек көрсету тетігі қалыптасты. «Jastar support hub» орталығы есірткіге қарсы күрес бағытындағы тұрақты ақпараттық және кеңес беру алаңына айналды. Жалпы 33 консультация берілді.

4-міндет. Call-орталық пен сенім телефонын ашу

№ 1 іс-шара. «Сенім желісі – өмірің маңызды» сенім телефонын ашу. Психолог пен нарколог жұмыс істейтін сенім телефонын іске қосу, брошюралар мен баннерлер арқылы жарнамалау

«Сенім желісі – өмірің маңызды» атты сенім телефоны 15.07-31.10.2025 күні Талдықорған қаласында (Д.Қонаев көш., 47) іске қосылды. Бұл сенім телефоны арқылы тұрғындарға анонимді психологиялық және наркологиялық көмек көрсету жүйесі жолға қойылды және қоңыраулар тәулік бойы қабылданып, жедел кеңес пен қолдау көрсетілді. Сенім телефонында екі маман (психолог және нарколог) тұрақты түрде жұмыс істеді, олардың қызметі мен нөмірі баннерлер мен брошюралар арқылы кеңінен таратылды. Қызмет көрсетілген уақыт ішінде 396

қоңырау қабылданды, және кеңес алған азаматтардың 60%-ы өз жағдайы бойынша нақты шешім тапқанын атап өтті. Нәтижесінде, жастар арасында көмекке жүгіну мәдениеті қалыптасып, сенім телефоны есірткіге қарсы ерте ескерту мен профилактиканың тиімді құралына айналды.

5-міндет. Жастар арасындағы тәуекел топтарын

№ 1 іс-шара. «Тәуекел аймағы» аналитикалық зерттеу жобасын іске асыру. Психикалық денсаулық орталығы мен наркологиялық қызметтердің қолдауымен талдау жүргізу

1. Жалпы жағдай және наркологиялық көзқарас. Нарколог дәрігердің кәсіби көзқарасы бойынша зерттеу нәтижелері жастар арасында есірткіге тікелей тәуелділіктің төмен деңгейін көрсеткенімен, психоэмоционалды күйзеліс, вейп пен никотин өнімдерін пайдалану, сондай-ақ ақпараттық бейқамдық тәуекел топтарының бар екенін дәлелдейді.

Жастардың 95%-ы есірткі қолданбағанын айтқанымен, 4–5% аралығындағы топ тәуелділікке бейім мінез-құлық белгілерін көрсетеді — бұл әлеуметтік қысымға, қызығушылыққа немесе күйзеліс жағдайына байланысты болуы мүмкін.

2. Хабардарлық деңгейі және тәуекел көрсеткіштері

Есірткі түрлерін білу: 81,9% респондент есірткі атауларынан бейхабар. Бұл наркологиялық тұрғыдан қарағанда «белсенді қызығушылықсыз бейтарап топ» болып есептеледі. Бірақ бейхабарлықтың жоғары болуы алдын алу шараларын әлсіретеді.

Есірткінің зияны туралы білім: Тек 41,2% толық біледі. Бұл жастардың жартысынан көбі есірткі әсерінің физиологиялық және психологиялық салдарын нақты түсінбейтінін көрсетеді.

Наркологтардың тәжірибесінде мұндай білім тапшылығы жиі байқалады және бұл — тәуелділіктің алдын алу кезеңіндегі ең әлсіз буын.

3. Тәуелділікке бейім мінез-құлық элементтері

Темекі және вейп қолдану: 95% қолданбайды, бірақ 5% түрлі деңгейде қолданып көрген. Бұл – «тәуелділіктің бастау кезеңі» санатына жататын топ. Никотин мен вейпке бейімдік есірткіге өтудің алғашқы психологиялық сатысы болып саналады.

Есірткі ұсыну жағдайы: 1,4% адамға есірткі ұсынылған. Бұл көрсеткіш аз болғанымен, тәжірибеде мұндай тұлғалармен психологиялық жұмыс жүргізу аса маңызды. Себебі наркологиялық практикада «бір реттік ұсыныс» жиі алғашқы тәуелділікке себеп болады.

Күйзеліс пен жалғыздық: 52% соңғы 6 айда стресс пен уайым сезінген. Бұл – тәуелділікке бейім топтағы негізгі индикатор. Наркологтардың бағалауынша, психоэмоционалды тұрақсыздық пен әлеуметтік қолдаудың аздығы есірткіге тәуелділіктің ең жиі қозғаушы факторы болып табылады.

Психологқа жүгіну деңгейі: 84% – мүлде жүгінбеген, 10% – қажет деп есептейді. Бұл жастардың ішкі күйзелісті өздігінен еңсеруге тырысатынын, бірақ кәсіби қолдауға жүгіну мәдениетінің төмендігін білдіреді.

4. Заңдық және әлеуметтік түсінік деңгейі:

– 74% есірткі айналымының заңмен қудаланатынын біледі;

– 57% QR-код немесе Telegram арқылы таратудың заңсыз екенін біледі.

Дәрігерлік тұрғыдан бұл көрсеткіш оң, алайда әлі де ақпараттық және құқықтық сауаттылықты күшейту қажет. Әсіресе, интернеттегі есірткі жарнамасына сеніп қалу қаупі жоғары.

5. Наркологиялық қорытынды және ұсыныстар

Наркологиялық көзқарас тұрғысынан алғанда, жастар арасындағы тәуелділік деңгейі төмен, бірақ тәуекел топтары айқын:

Психоэмоционалды тұрақсыз жастар (52% стресс пен уайым сезінген).

Никотин мен вейп өнімдерін қолданатындар (5%).

Есірткі ұсынысын алғандар (1,4%).

Ақпараттық бейқам топ (есірткі түрлерін мүлде білмейтін 81,9%).

Ұсыныстар:

- Оқу орындарында нарколог, психолог және әлеуметтік педагог бірлесіп жұмыс істейтін тұрақты «Психо-профилактикалық кеңес беру кабинеттерін» ашу;
- Вейп пен никотин өнімдерін пайдаланатын жастарды ерте бақылау тобына енгізу;
- «Бір рет көру – бір тәуелділіктің бастауы» қағидаты негізінде ақпараттық кампаниялар өткізу;
- QR-код және әлеуметтік желілер арқылы есірткі жарнамасын таратудың қауіптілігі туралы интерактивті тренингтер ұйымдастыру;
- Психологиялық көмек қызметін цифрлық форматта (чатты кеңес беру, 24/7 сенім платформасы) дамыту.

Қорытынды. Бұл зерттеу наркологиялық қызметтің алдын алу бағытындағы жүйелі жұмыстың қажеттілігін нақты көрсетеді. Есірткі қолдану фактілері аз болғанымен, психологиялық тәуекелдер, эмоционалды әлсіздік пен әлеуметтік бейімсіздік факторлары өзекті күйінде қалып отыр.

Нарколог мамандардың пікірінше, тәуелділікпен күрестің ең тиімді жолы — ерте психологиялық скрининг, жеке профилактика және қоғамдық ақпараттандыру болып табылады.

6-міндет. Құқықтық көмек көрсету тобының жұмысын ұйымдастыру

№ 1 іс-шара. Заңгерлер мен психологтардан тұратын мобильді топтың жұмысын ұйымдастыру және жедел көмек көрсету мақсатында

2025 жылғы 03–17 қазан аралығында «Jastar support hub» орталығында «Құқықтық қолдау – сенің қасыңда» атты мобильді топтың жұмысы жоспарға сәйкес толық көлемде жүзеге асырылды. Аталған іс-шара грант алушының өз қаражаты есебінен ұйымдастырылды.

Іс-шара аясында мобильді топ екі рет ашық қабылдау өткізді. Топ құрамында заңгер, психолог және нарколог мамандар жұмыс істеп, жастар мен ата-аналарға құқықтық және психологиялық кеңес беру қызметтері көрсетілді. Кеңес беру барысында есірткіге байланысты құқықтық жауапкершілік мәселелері мен алдын алу тетіктері түсіндірілді.

Нәтижесінде 56 азамат тікелей кеңес алды, оның ішінде 12 адамға құқықтық көмек, 18 адамға психологиялық қолдау көрсетілді.

Қорытындылай келе, мобильді топтың жұмысы жастардың құқықтық сауаттылығын арттырып, көмекке жүгіну белсенділігін күшейтті. Аталған іс-шара қауіпті жағдайлардың алдын алуға және жастар арасында құқықтық мәдениетті қалыптастыруға оң ықпал етті.

7-міндет. Ақпараттық-түсіндіру шараларын өткізу

№ 1 іс-шара. Мұғалімдер мен дәрігерлердің қатысуымен профилактикалық интерактивті сабақтар «Есірткісіз болашақ!» ашық сабақтар өткізу.

Аталған міндет орындалу бойынша құжаттар толығымен ұсынылмады, жоспарланған нысаналы индикаторларға қол жеткізілмеді. Іс-шара грант алушының өз қаражатының есебінен жүзеге асырылған болатын.

8-міндет. Антинаркотикалық еріктілік қозғалысын дамыту

№ 1 іс-шара. Еріктілерге нашақорлықтың алдын алу әдістерін үйрету, көшбасшылық дағдыларын дамыту мақсатында «Antidrug VolTeam» еріктілер лагері

04.07.2025 күні Жетісу облысында еріктілерге нашақорлықтың алдын алу әдістерін үйрету және көшбасшылық дағдыларын дамыту мақсатында «Antidrug VolTeam» еріктілер лагері өткізілді.

Лагерьге 50 ерікті қатысып, оларға үш күндік оқыту бағдарламасы аясында нашақорлықтың алдын алу, ақпараттық науқан жүргізу, сондай-ақ көшбасшылық және коммуникациялық дағдылар бойынша 5 тәжірибелік тренинг пен семинарұйымдастырылды. Жоба нәтижесінде жастар арасында антинаркотикалық еріктілер желісі қалыптасты; оның ішінде 50 ерікті өз өңіріндегі антинаркотикалық акцияларды жалғастыруға дайын екенін білдірді. Еріктілер өз ортасында сауатты ақпарат таратушыларға және «Есірткісіз болашақ» идеясының белсенді насихатшыларына айналды.

9-міндет. Бейнеролик дайындау және тарату

№ 1 іс-шара. Жастармен және психологтармен түсірілген бейнеролик, YouTube және TikTok желілерінде «Таңдау сенен басталады!» видеоролигі

Қыркүйек-қараша 2025 жыл аралығында Жетісу облысында жастар мен психологтардың қатысуымен «Таңдау сенен басталады!» атты ақпараттық науқан аясында екі бейнеролик түсірілді. Бұл роликтерде нашақорлықтың зияны мен өмірлік дұрыс таңдау жасау идеясы көрсетіліп, YouTube және TikTok желілерінде жарияланды. Нәтижесінде:

Түсірілген 2 бейнеролик 80 000-нан астам қаралым жинады.

Ролик астындағы пікірлер мен реакциялар жастардың тақырыпқа деген қызығушылығының жоғары екенін көрсетті.

Бейнематериалдар өңірлік медиа-парақшалар арқылы да таратылып, кең ақпараттық қамту қамтамасыз етілді.

Қорытынды: Бұл жұмыс жастардың ақпараттық сауаттылығын арттырып, есірткіге қарсы қоғамдық көзқарасты нығайтты. Бейнероликтер әлеуметтік желілерде тұрақты түрде айналымда болып, антинаркотикалық контентті қалыптастыруға үлес қосты.

10-міндет. Граффити жою акциясын өткізу

№ 1 іс-шара. «Қабырға – жарнама емес!» тақырыбында еріктілер мен полицейлер бірлесіп есірткі жарнамасын жояды, оның орнына позитивті жазулар қалдыру

Маусым-қараша 2025 жыл аралығында Жетісу облысының Талдықорған қаласы мен аудандарында есірткі жарнамаларын жою мақсатында «Қабырға – жарнама емес!» атты акция өткізілді.

Акцияның барысы мен нәтижелері:

- барлығы 10 акция өткізілді.

- акцияға 50-ден астам ерікті мен полиция қызметкерлері бірлесіп қатысты.

- қатысушылар 100-ге жуық заңсыз жарнаманы жойып, олардың орнына салауатты өмір салтын насихаттайтын позитивті ұрандар қалдырды.

№	Ақпарат	БАҚ-та жарияланым сілтемесі
1	<p>Өткен уақыты: 15 шілде 2025 жыл Өткен орын: Талдықорған қаласында Іс-шара нәтижелері:</p> <ul style="list-style-type: none"> • Акцияға 5 ерікті қатысты • Талдықорған қаласындағы 3 шағын аудан қамтылды • Жалпы саны 20-ға жуық заңсыз граффити (QR-код, Telegram-канал атаулары, сілтемелер, кодтар) жойылды 	<p>https://aldaspan-info.kz/bos-lauazymdar-men-konkurstar/761-abyr-a-zharnama-emes-aktsiyasy-taldy-or-anda-esirtki-zharnamasyna-arsy-k-res-k-shejtildi</p> <p>https://www.instagram.com/reel/DMHpiVzCvWY/?igsh=MXg0dWc0YWd3a3U3Zg==</p>
2	<p>Өткен уақыты: 24 қыркүйек 2025 жыл Өткен орын: Алакөл ауданы ◆ Іс-шара нәтижелері:</p> <ul style="list-style-type: none"> • Акцияға 5 ерікті қатысты • Алакөл ауылы қамтылды • Жалпы саны 10-ға жуық заңсыз граффити (QR-код, Telegram-канал атаулары, сілтемелер, кодтар) жойылды 	<p>https://www.instagram.com/reel/DOhpBCPdz/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRIODBiNWFIZA==</p>

3	<p>Өткен уақыты: 23 қыркүйек 2025 жыл Өткен орын: Көксу ауданы</p> <p>◆ Іс-шара нәтижелері:</p> <ul style="list-style-type: none"> • Акцияға 2 ерікті қатысты • Көксу ауылы қамтылды • Жалпы саны орын анықталмады 	<p>https://www.instagram.com/reel/DO-9FYQgXrs/?igsh=bG5obDZ1cGZ0NjFw</p>
4	<p>Өткен уақыты: 2 қазан 2025 жыл Өткен орын: Қаратал ауданы</p> <p>◆ Іс-шара нәтижелері:</p> <ul style="list-style-type: none"> • Акцияға 10 ерікті қатысты • Көксу ауылы қамтылды • Жалпы саны 5-ке жуық заңсыз граффити (QR-код, Telegram-канал атаулары, сілтемелер, кодтар) жойылды 	<p>https://www.instagram.com/reel/DPUI9sWiHiw/?igsh=MTdudXQ2cDcwMDJsMQ==</p>
5	<p>Өткен уақыты: 23 қыркүйек 2025 жыл Өткен орын: Ескелді ауданы</p> <p>◆ Іс-шара нәтижелері:</p> <ul style="list-style-type: none"> • Акцияға 10 ерікті қатысты • Ескелді ауылы қамтылды • Жалпы саны 10-ға жуық заңсыз граффити (QR-код, Telegram-канал атаулары, сілтемелер, кодтар) жойылды 	
6	<p>Өткен уақыты: 26 қыркүйек 2025 жыл Өткен орын: Панфилов ауданы</p> <p>◆ Іс-шара нәтижелері:</p> <ul style="list-style-type: none"> • Акцияға 2 ерікті қатысты • Пафилов ауылы қамтылды • Жалпы саны орын анықталмады 	<p>https://www.instagram.com/reel/DPD5D7ZAnIp/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRIODBiNWFIZA==</p>
7	<p>Өткен уақыты: 25 қыркүйек 2025 жыл Өткен орын: Ақсу ауданы</p> <p>◆ Іс-шара нәтижелері:</p> <ul style="list-style-type: none"> • Акцияға 3 ерікті қатысты • Ақсу ауылы қамтылды • Жалпы саны 10-ға жуық заңсыз граффити (QR-код, Telegram-канал атаулары, сілтемелер, кодтар) жойылды 	<p>https://www.instagram.com/reel/DPDcFJRCdGA/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRIODBiNWFIZA==</p>

8	<p>Өткен уақыты: 13 қыркүйек 2025 жыл Өткен орын: Талдықорған қаласы</p> <p>◆ Іс-шара нәтижелері:</p> <ul style="list-style-type: none"> • Акцияға 5 ерікті қатысты • Талды қоған қаласы басты көшелер қамтылды • Жалпы саны 10-ға жуық заңсыз граффити (QR-код, Telegram-канал атаулары, сілтемелер, кодтар) жойылды 	<p>https://www.instagram.com/p/DObB4IPEnbn/?igsh=eDh6ZXZrcnEydTcw</p>
9	<p>Өткен уақыты: 21 қазан 2025 жыл Өткен орын: Талдықорған қаласы</p> <p>◆ Іс-шара нәтижелері:</p> <ul style="list-style-type: none"> • Акцияға 32 ерікті қатысты • Талды қоған қаласы басты көшелер қамтылды • Жалпы саны 20-ға жуық заңсыз граффити (QR-код, Telegram-канал атаулары, сілтемелер, кодтар) жойылды 	<p>https://www.instagram.com/reel/DQFTiGQDMLh/?igsh=MW5sZzVteWk5cHZoMA==</p>
10	<p>Өткен уақыты: 19 қараша 2025 жыл Өткен орын: Талдықорған қаласы</p> <p>◆ Іс-шара нәтижелері:</p> <ul style="list-style-type: none"> • Акцияға 22 ерікті қатысты • Талды қоған қаласы басты көшелер қамтылды • Жалпы саны 15-ке жуық заңсыз граффити (QR-код, Telegram-канал атаулары, сілтемелер, кодтар) жойылды 	<p>https://www.instagram.com/reel/DRPVZ5FDE0G/?igsh=MXAycnI3OGZndm1vcw==</p>

Қорытынды: Акция қалалық ортадағы есірткі жарнамаларының азаюына, тұрғындардың құқықтық мәдениетінің артуына ықпал етті. Жастар арасында әлеуметтік белсенділік пен жауапкершілік сезімі қалыптасып, қоғамда «таза қабырға — таза сана» қағидаты орнықты.

11-міндет. Спорттық іс-шара өткізу

№ 1 іс-шара. Жастар арасында спорттық жарыстар мен флешмобтар арқылы нашақорлыққа қарсы үгіттеу мақсатында «Street Workout for Life» шарасын өткізу

Қазан-қараша 2025 жыл аралығында Жетісу облысы, Талдықорған қаласында жастар арасында нашақорлыққа қарсы үгіттеу мақсатында «Street Workout for Life» спорттық жобасы аясында іс-шаралар өткізілді. Шара барысындағы жұмыстар:

Жастардың бос уақытын тиімді өткізуге және салауатты өмір салтын қалыптастыруға бағытталған спорттық жарыстар мен флешмобтар ұйымдастырылды.

5 түрлі спорттық жарыс өткізілді (футбол, үстел теннисі, қоян-қолтық ұрыс, қол күрес және гір тасын көтеру).

Жалпы 523 жас қамтылды.

Жеңімпаздарға дипломдар мен естелік сыйлықтар табысталды.

Әлеуметтік желілерде жарыстардан 20-дан астам жарияланым жасалды.

Нәтижесі: Жастар арасында спорт пен салауатты өмір салтына қызығушылық артты. Сауалнама нәтижесі бойынша, қатысушылардың 70%-ы шарадан кейін спортпен тұрақты айналысуға ниет білдірген. Қатысушылар нашақорлыққа қарсы белсенді ұстаным қалыптастырып, спорттық белсенділікті өмір салтының бір бөлігі ретінде қабылдауға ынталанды.

12-міндет. 26 маусым – Халықаралық нашақорлықпен күрес күніне арналған іс-шара өткізу

№ 1 іс-шара. «Денсаулық – басты байлық» тақырыбында көрмесін ұйымдастыру

2025 жылдың 26 маусым – Халықаралық нашақорлықпен күрес күніне орай Жетісу облысы, Талдықорған қаласында ауқымды іс-шаралар кешені ұйымдастырылды.

Іс-шаралар:

«Денсаулық – басты байлық» тақырыбындағы шаралар (26.06.2025):

Осы күні 4 түрлі іс-шара (Форум, көрме, серуен ұйымдастыру, Жастар театрының қойылымы) өткізілді.

Бұл шараларға 200-ге жуық адам қатысты (саны алғашқы форуммен сәйкес келмеуі мүмкін, бірақ жалпы іс-шаралар кешенін қамтыды).

Нысаналы топ өкілдері нашақорлықтың алдын алу бойынша негізгі ақпаратпен танысып, салауатты өмір салтының маңыздылығы туралы түсінік алды.

Қатысушылар психологиялық қолдау мен құқықтық сауаттылықты арттыруға бағытталған кеңестерге қол жеткізді.

Қорытынды: Бұл іс-шаралар кешені жастар арасында есірткіге қарсы белсенді ұстанымды нығайтып, нашақорлықтың алдын алу бойынша кешенді ақпарат берді, сондай-ақ өңірлік деңгейде антинаркотикалық қозғалыстың тұрақты алаңына айналды.

«Есірткісіз таза қоғам» облыстық форумы (21.10.25):

Форумға 100-ге жуық адам (жастар ұйымдарының көшбасшылары, полиция, психологтар, педагогтар) қатысты.

Жастар арасындағы нашақорлықтың алдын алу, қауіпсіз орта және еріктілер қозғалысының рөлі талқыланды.

Форум аясында граффити жою акциясы мен TikTok флешмобы өткізілді.

Қатысушылардың 85%-ы форум мазмұнын пайдалы деп бағалады.

Нәтижесі: Форум есірткіге қарсы белсенді ұстанымды нығайтып, мемлекеттік органдар мен ҮЕҰ арасындағы серіктестікті арттырды.

13-міндет. Интернет кеңістігін мониторингтеу

№ 1 іс-шара. Арнайы волонтерлер тобы OLX.kz, ВКонтакте, Работа в Kaspi.kz, Telegram, TikTok желілеріндегі есірткі жарнамаларын анықтап, есеп құрастырады. «Online StopDrugs» киберкөз

«Саналы қоғам» қоғамдық қоры 2025 жылғы маусымнан қарашаға дейінгі аралықта Жетісу облысының Қоғамдық даму басқармасының қолдауымен «Online StopDrugs» – киберкөз компоненті аясында онлайн-мониторинг жүргізді. Жобаның негізгі мақсаты – OLX.kz, ВКонтакте, Работа в Kасpi.kz, Telegram, TikTок платформаларындағы есірткі жарнамаларын анықтау болды.

Зерттеу барысы және нәтижелері: Арнайы құрылған 10 еріктіден тұратын топ үш ай ішінде онлайн кеңістіктегі ашық және жасырын есірткі жарнамаларын іздестірді. Олар жарнамаларда жиі кездесетін код сөздерді, бот сілтемелерді, QR кодтарды және жасырын телеграм-арналарды қарастырды. Нәтижесінде, барлығы 51 күдікті жарнама анықталды.

Жарнамалардың басым бөлігі Kaspi.kz жұмыс беру платформасынан (30) және OLX.kz платформасынан (17) табылды, сондай-ақ 4 жарнама Telegram платформасынан анықталды. Күдікті жарнамалар «байланыс үшін бот», «тез әсер етеді» сияқты сөздермен және QR-код, фейк аккаунттармен белгіленіп, ең қауіптісі – оқушылар мен жастар қолданатын хэштегтер арқылы таратылған.

Құжатталған дәлелдер мен ұсыныстар:

Еріктілер барлық жарнама бойынша скриншоттар, сілтемелер және қосымша мәліметтер жинақтап, оны тиісті шешім қабылдау үшін Жетісу облысы қоғамдық даму басқармасына ресми хатпен жолдады. Хатта нақты арналар тізімі, күдікті парақшалар және оларды бұғаттау шараларын қабылдау ұсынылды.

Жоба қорытындысында тұрақты мониторинг жүйесін енгізу, волонтерлер үшін кибереріктілікке арналған оқыту курстарын ұйымдастыру және құқық қорғау органдары мен IT мамандардың қатысуымен жедел әрекет ету тобын құру ұсынылды.

Жалпы қорытынды: Бұл зерттеу жобасы интернеттегі есірткі жарнамасына қарсы күресте азаматтық сектордың белсенді рөлін көрсетті және волонтерлердің жұмысы нақты нәтижемен аяқталып, құзырлы органдарға жолданды. Алдағы уақытта осындай мониторингті жүйелі түрде жүргізу қажеттілігі атап өтілді.

14-міндет. 5 оқыту бейнеролигін әзірлеу

№ 1 іс-шара. Киберқауіпсіздік, құқықтық жауапкершілік, психоэмоциялық тәуекелдер туралы 5 оқыту бейнеролигін шығару. «Киберқауіп – жасырын у» бейнежобасы

Жетісу облысы, Талдықорған қаласында 30.11.2025 күні жастардың киберқауіпсіздік және психоэмоциялық тәуекелдер бойынша сауаттылығын арттыру мақсатында «Киберқауіп – жасырын у» атты 5 оқыту бейнеролигінің (сабағының) толық құрылымы әзірленді.

Жобаның негізгі мазмұны: Әзірленген 5 модуль арқылы еріктілерге нашақорлықтың күрделі ауру екендігі, оның психологиялық және нейробиологиялық себептері туралы түсінік беріледі. Сонымен қатар, сабақтар синтетикалық есірткілердің таралу арналары (жасырын жарнама, чаттар) және таратушыларды тарту үлгілері сияқты нақты ақпараттарға бағытталған, бұған қарсы тұрудағы еріктінің рөлін айқындайды. Волонтерлер онлайн кеңістікте мониторинг жүргізудің қауіпсіз және тиімді әдістерін үйреніп, заңдық және құқықтық жауапкершілік туралы хабардар болады. Сабақтар тақырыбы:

Нашақорлықтың табиғаты мен тәуелділіктің психологиясы.

Синтетикалық есірткілер және олардың таралу арналары.

Таратушылар мен ҚР Қылмыстық кодексі бойынша жауапкершілік.

Әлеуметтік желілерді мониторинг жүргізу тәсілдері.

Еріктілердің антинаркотикалық жобалары және мотивациясы.

Қорытынды нәтиже: Бұл оқыту бағдарламасы ұзақ мерзімді келешекте жастардың киберқауіпсіздік мәселелері бойынша сауаттылығын арттыруға және психоэмоциялық тұрақтылығын нығайтуға әсер етеді. Ең бастысы, еріктілердің киберкеңістіктегі мониторинг жүргізу және қауіпті контент туралы хабарлау сапасы артады. Жоба соңында «Есірткісіз қоғам елшісі» мәртебесін беру арқылы олардың мотивациясы күшейтіліп, өздерінің ақпараттық-профилактикалық шағын жобаларын жасау қабілетін дамытады.

15-міндет. Instagram/TikTok платформаларында 5 тікелей эфир өткізу

№ 1 іс-шара. «Нашақорлық: шындық пен салдар» онлайн эфир – дәрігер, заңгер, полицей, психологпен сұхбат және көрермен сұрақтарына жауап

Маусым-қараша 2025 жыл аралығында Жетісу облысы, Талдықорған қаласында Instagram/TikTok платформаларында «Нашақорлық: шындық пен салдар» тақырыбында 5 тікелей эфир өткізілді. Эфирдің мақсаты мен барысы:

Әр эфирге дәрігер, заңгер, полицей және психолог сияқты түрлі саладағы мамандар тартылды.

Эфирлерде нашақорлықтың медициналық, құқықтық, әлеуметтік және психологиялық салдарлары жан-жақты талқыланды.

Тікелей эфир форматы көрермендерге мамандарға тікелей сұрақ қоюға және тақырып бойынша ашық әрі интерактивті диалог орнатуға мүмкіндік берді.

Сапалық көрсеткіш ретінде, көрермендердің сұрақтарына нақты және толық жауап беру арқылы аудиторияның ақпараттану деңгейінің артуы бағаланды.

Қорытынды нәтиже: Тұрақты өткізілген 5 тікелей эфир жастардың есірткіге қатысты тәуекелдер мен заңдық жауапкершіліктер туралы білімін арттыруға және қауіпсіз мінез-құлық дағдыларын қалыптастыруға әсер етті. Мамандардың кеңестері арқылы жастардың психоэмоциялық тұрақтылығын арттыруға және қиын жағдайда көмек сұрау мәдениетін қалыптастыруға мүмкіндік туды. Бұл шаралар қоғамдағы түсіндіру жұмыстарының тиімділігін арттырып, есірткісіз салауатты өмір салтын насихаттауға ықпал етті.

16-міндет. Инфлюенсерлерден тұратын топ құру

№ 1-іс-шара. «Antidrug InfluTeam» бастамасы 10 000+ жазылушысы бар блогерлермен келісім жасап, антинаркотикалық контент шығару

Маусым-қараша 2025 жыл аралығында Жетісу облысы, Талдықорған қаласында «Antidrug InFLuTeam» бастамасы аясында 10 000-нан астам жазылушысы бар блогерлермен келісім жасасып, олардан тұратын арнайы 2 инфлюенсерден тұратын тобы құрылды. Жұмыстың мақсаты және нәтижелері:

Құрылған топ арқылы антинаркотикалық контентті дайындау және оны Instagram/TikTok сияқты әлеуметтік желілерде белсенді шығару жұмыстары қамтамасыз етілді.

Жобаның тиімділігі мақсатты жастар аудиториясына тікелей жетумен және олардың сеніміне кіру арқылы есірткіге қарсы, салауатты өмір салтын насихаттайтын сапалы контенттің шығарылуымен бағаланды.

Тартылған 2 инфлюенсерлердің жазылушылар саны 10 000-нан асады.

Қорытынды: Бұл бастама ұзақ мерзімді келешекте жастар арасында есірткіні қолдануға қарсы «моданы» қалыптастыруға ықпал етеді. Танымал блогерлердің қатысуы арқасында антинаркотикалық ақпарат заманауи әрі тартымды форматта кеңінен таралып, жастардың есірткіге қатысты теріс көзқарасы нығайды. Нәтижесінде, қоғамда салауатты өмір салтын ұстанушылардың саны артып, «Antidrug InFLuTeam» бастамасының тұрақты жұмыс істеуіне негіз қаланды.

Аталған шара бойынша Грант алушы мақсатты индикаторларды толық орындамады. Іс-шара грант алушының өз қаражатының есебінен жүзеге асырылды.

Шарт талаптарына сәйкес жоба нәтижелерінің қорытынды жария презентациясы:

Зум арқылы жоба нәтижелерінің қорытынды жария презентациясы өтті.

Ақпараттық жұмыс

Жоба бойынша барлығы 200 астам жарияланым шықты, 21 инфографика және 100 астам мақала әртүрлі деңгейдегі БАҚ шықты.

Аталған шара бойынша Грант алушы мақсатты индикаторларды толық орындамады. Іс-шара грант алушының өз қаражатының есебінен жүзеге асырылды.

1) Әлеуметтік жобаның, әлеуметтік бағдарламаның мақсаттарына қол жеткізу және алынған нәтижелері:

Жоба аясында жастар арасында нашақорлықтың алдын алу, құқықтық және психологиялық сауаттылықты арттыру, сондай-ақ салауатты өмір салтын насихаттау бойынша кешенді әрі жүйелі іс-шаралар жүзеге асырылды. Қойылған негізгі мақсаттарға жалпы алғанда қол жеткізілді.

Жоба шеңберінде ақпараттық-ағартушылық дәрістер, пікірталастар, шығармашылық байқаулар, спорттық, еріктілік және онлайн іс-шаралар өткізілді. Барлық іс-шараларды қоса алғанда, жобаға жалпы 2 057 адам қатысты, бұл жоспарланған нысаналы топтардың кең көлемде қамтылғанын көрсетеді.

«Мен есірткісіз өмірді таңдаймын!» тақырыбындағы дәрістер мен пікірталастар арқылы жастардың есірткінің зияны, оның медициналық және құқықтық салдары туралы білім деңгейі артты. Сауалнама нәтижелері қатысушылардың басым бөлігінің нашақорлыққа қатысты көзқарасы өзгергенін және алдын алу шараларының тиімді болғанын көрсетті.

Жоба аясында «Jastar support hub» мамандандырылған орталығы мен «Сенім желісі – өмірің маңызды» сенім телефоны іске қосылып, жастарға құқықтық, психологиялық және наркологиялық көмек көрсету жүйесі қалыптастырылды. Сонымен қатар, еріктілік қозғалысы, интернет-мониторинг және ақпараттық науқандар арқылы профилактикалық жұмыстың тұрақты тетіктері жолға қойылды. Аталған іс-шаралардың бір бөлігі грант алушының өз қаражаты есебінен жүзеге асырылды.

2) Мақсатқа қол жеткізу (фактілерді сипаттау және мақсатқа қол жеткізу туралы дәлелдерді көрсету):

Жоба шеңберінде жоспарланған міндеттердің басым бөлігі орындалып, жастар арасында нашақорлықтың алдын алу, ақпараттандыру деңгейін арттыру және көмек көрсету инфрақұрылымын қалыптастыру бойынша нақты нәтижелерге қол жеткізілді.

Мақсатқа қол жеткізілген іс-шаралар бойынша дәлелдер:

- «Мен есірткісіз өмірді таңдаймын!» тақырыбындағы дәрістер, пікірталастар, спорттық және ақпараттық іс-шаралар өткізіліп, жобаға жалпы 2 057 адам тартылды;
- Профилактикалық жұмыстардың тиімділігі «Сауалнама: Бүгінгі көзқарас» арқылы дәлелденді: қатысушылардың 79%-ы көзқарасының өзгергенін, 90%-ға жуығы іс-шараларды пайдалы деп бағалады;
- «Jastar support hub» орталығы ашылып, жастарға құқықтық, психологиялық және наркологиялық көмек көрсету жүйесі жолға қойылды;
- «Сенім желісі – өмірің маңызды» сенім телефоны іске қосылып, 396 қоңырау қабылданды;
- Антинаркотикалық еріктілік қозғалысы қалыптасып, интернет кеңістігінде 51 күдікті есірткі жарнамасы анықталып, уәкілетті органдарға жолданды;
- Ақпараттық бейнероликтер, тікелей эфирлер және әлеуметтік желілер арқылы жастар аудиториясымен тұрақты байланыс орнатылды.

Қол жеткізілмеген және толық орындалмаған іс-шаралар:

- Мұғалімдер мен дәрігерлердің қатысуымен жоспарланған «Есірткісіз болашақ!» профилактикалық интерактивті ашық сабақтары өткізілмеді, осыған байланысты аталған міндет бойынша нысаналы индикаторларға қол жеткізілген жоқ;
- «Antidrug InfluTeam» бастамасы аясында инфлюенсерлермен жұмыс жоспарланған көлемде іске асырылмады, нәтижесінде көрсеткіштер толық орындалмаған болып есептеледі.

Грант алушының өз қаражаты есебінен жүзеге асырылған іс-шаралар:

- «Jastar support hub» мамандандырылған орталығын ашу;
- «Құқықтық қолдау – сенің қасыңда» мобильді тобының жұмысы.

Аталған іс-шаралар грант қаражаты есебінен емес, грант алушының өз қаражаты есебінен жүзеге асырылғандықтан, есептік кезеңде грант міндеттемелері шеңберінде толық орындалды деп саналмайды, алайда олар жобаның жалпы әлеуметтік әсерін күшейтіп, мақсатты топтарға нақты көмек көрсетуге мүмкіндік берді.

Қорытынды:

Жалпы алғанда, жобаның негізгі мақсатына ішінара қол жеткізілді. Ақпараттық және профилактикалық бағыттағы басым іс-шаралар тиімді іске асырылғанымен, жекелеген міндеттер мен нысаналы индикаторлар толық орындалған жоқ. Бұл жобаны алдағы кезеңдерде жетілдіру және мақсатты бағытта күшейту қажеттігін көрсетеді.

3) Жоспарланған нәтижелердің алынған нәтижелерге сәйкестігі; егер жоспардан ауытқу орын алса, оның негіздемесі:

Жоспардан ауытқу және орындалмаған көрсеткіштер:

- Мұғалімдер мен медицина қызметкерлерінің қатысуымен жоспарланған «Есірткісіз болашақ!» интерактивті профилактикалық ашық сабақтары өткізілмеді, осыған байланысты аталған іс-шара бойынша жоспарланған нәтижелерге қол жеткізілген жоқ;
- «Antidrug InfluTeam» бағыты аясында инфлюенсерлерді тарту арқылы ақпараттық қамту жоспарда көзделген көлемде орындалмады;

– Аталған көрсеткіштер бойынша нәтижелер Оператор тарапынан қабылданбады, себебі олар жоспарланған форматта және бекітілген индикаторларға сәйкес жүзеге асырылмаған.

Грант алушының өз қаражаты есебінен жүзеге асырылған іс-шаралар:

- «Jastar support hub» мамандандырылған орталығының ашылуы;
- «Құқықтық қолдау – сенің қасыңда» мобильді тобының жұмысы.

Аталған іс-шаралар жобаның мақсаттарына мазмұндық тұрғыда сәйкес келгенімен, грант қаражаты есебінен жүзеге асырылмағандықтан және шарт талаптарына сәйкес болмағандықтан, Оператор тарапынан есептік нәтижелер ретінде қабылданбады және жоспарланған нәтижелердің орындалуы ретінде есептелмейді.

Жоспардан ауытқудың негіздемесі:

Жекелеген іс-шаралардың орындалмауы мен қабылданбауына ұйымдастырушылық және уақыттық шектеулер, сондай-ақ іс-шаралардың грант шартына сәйкес келмеуі себеп болды. Сонымен қатар, бірқатар бастамалар грант алушының өз қаражаты есебінен іске асырылғандықтан, олар есептік кезеңде жоспарланған нәтижелерге толық сәйкестендірілмеді.

4) Әлеуметтік жобаны, әлеуметтік бағдарламаны іске асыру аяқталғаннан кейін және/немесе іске асыру кезінде болған әлеуметтік және басқа да өзгерістерді өлшеу (жобаға дейінгі ахуалды және жоба аяқталған кездегі ахуалды салыстыру, жоба шеңберінде проблемаларды мен міндеттерді шешу дәрежесі):

Жоба іске асырылғанға дейін өңірде жастар арасында нашақорлықтың алдын алу бойынша ақпараттық-түсіндіру жұмыстары жүйесіз сипатта болды, ал құқықтық, психологиялық және наркологиялық кеңес алу мүмкіндіктері шектеулі еді. Жастардың едәуір бөлігі есірткінің зияны, құқықтық жауапкершілік және көмекке жүгіну жолдары туралы жеткілікті ақпаратқа ие болмады. Сенім телефоны мен мамандандырылған орталықтардың болмауы тәуекел топтарына ерте диагностика жүргізуді қиындатты.

Жоба іске асырылу барысында және аяқталғаннан кейін аталған бағыттар бойынша оң әлеуметтік өзгерістер тіркелді. Ақпараттық және профилактикалық іс-шаралар арқылы жобаға 2 057 адам тартылып, жастардың хабардарлық деңгейі артты. Сауалнама нәтижелері қатысушылардың басым бөлігінің нашақорлыққа қатысты көзқарасы өзгергенін және алдын алу шараларын оң бағалағанын көрсетті. Бұл профилактикалық жұмыстың тиімділігін дәлелдейді.

Жоба аясында іске қосылған кеңес беру тетіктері жастар арасында көмекке жүгіну мәдениетінің қалыптасуына ықпал етті. Сенім телефоны арқылы жүздеген азамат кеңес алып, проблемаларды ерте кезеңде анықтау мүмкіндігі артты. Құқықтық және психологиялық қолдау алған азаматтардың өз құқықтары мен қауіп факторлары туралы түсінігі кеңейді.

Сонымен қатар, интернет кеңістігінде жүргізілген мониторинг нәтижесінде заңсыз контенттің анықталуы және уәкілетті органдарға жолдануы профилактикалық жұмыстың жаңа деңгейге көтерілгенін көрсетті. Еріктілерді тарту арқылы жастардың азаматтық белсенділігі мен әлеуметтік жауапкершілігі артты.

II. Әлеуметтік жобаға қатысушылар бөлінісінде статистикалық ақпарат

1) Гендерлік көрсеткіш:

Жобаға қатысушылардың саны барлығы	Ерлер	Әйелдер
2057	1379	678

2) Санаттар бойынша әлеуметтік дәрежесі:

Жобаға қатысушылардың саны барлығы	Балалар (оның ішінде мүгедек балалар)	Жастар	Мемлекеттік қызметкерлер	Бюджеттік ұйым жұмысшылар	Мүгедектігі бар тұлғалар	Егде жастағы адамдар (50 жастан жоғары), оның ішінде	Жұмыссыздар	Қоғамдық ұйымдардың өкілдері	Бизнес-сектор өкілдері	Басқа санаттар
2057	1480	440	50	34	-	-	28	25	-	-

3) Жас көрсеткіші:

Жобаға қатысушылардың саны барлығы	13-16 жас	17-22 жас	23-27 жас	28-32 жас	33-45 жас	46-58 жас	59 жас және одан жоғары
2057	700	853	364	120	20		

3. Жобаның нәтижелері:

1) көрсетілген насаналы топтардың жобаны іске асыру барысында (сандық көрсеткіштерді көрсете отырып, сапалық қозғалыстарды сипаттай отырып) алған нақты нәтижелері:

Жобаны іске асыру барысында негізгі нысаналы топтар – жастар, студенттер, оқушылар, ата-аналар және тәуекел тобына жататын азаматтар қамтылды. Барлық өткізілген іс-шараларды есепке алғанда, жобаға жалпы 2 057 адам қатысты.

Жастар мен оқушылар:

Ақпараттық дәрістер, пікірталастар және интерактивті іс-шаралар арқылы 1 500-ден астам жас қамтылды. Сандық көрсеткіштер жастардың есірткінің зияны, құқықтық жауапкершілік және алдын алу жолдары туралы ақпарат алу деңгейінің артқанын көрсетті. Сапалық тұрғыда жастардың есірткіге қатысты көзқарасы өзгеріп, салауатты өмір салтын қолдау және қауіпті жағдайлардан бас тарту ұстанымы қалыптасты.

Студенттер мен белсенді жастар:

Пікірталас алаңдары, еріктілік іс-шаралар және онлайн форматтағы кездесулерге 300-ге жуық студент пен жас ерікті қатысты. Нәтижесінде олардың әлеуметтік белсенділігі артып, антинаркотикалық бастамаларға өз еркімен қатысу деңгейі өсті. Жастардың ақпараттық жұмысқа тартылуы жауапкершілік пен көшбасшылық дағдыларын дамытуға ықпал етті.

Ата-аналар мен заңды өкілдер:

Кенес беру және ақпараттық кездесулерге 150-ден астам ата-ана қатысты. Олар балалар арасындағы тәуекел мінез-құлықты ерте анықтау, алдын алу және қолдау тетіктері туралы практикалық білім алды. Сапалық тұрғыда ата-аналардың профилактикалық жұмыстарға деген қатысуы мен хабардарлығы артты.

Тәуекел тобына жататын азаматтар:

Жеке қабылдау мен кеңес беру арқылы 100-ден астам азамат қамтылды. Оның ішінде құқықтық, психологиялық және наркологиялық көмек алған тұлғалар бар. Нәтижесінде проблемаларды ерте анықтау, көмекке жүгіну белсенділігі және мамандармен тұрақты байланыс орнату көрсеткіштері жақсарды.

Жалпы сапалық нәтижелер:

Жоба барысында нысаналы топтардың құқықтық және психологиялық сауаттылығы артты, есірткіге қарсы саналы көзқарас қалыптасты, көмекке жүгіну мәдениеті нығайды. Қатысушылар арасында жауапты мінез-құлық, әлеуметтік белсенділік және алдын алу шараларына қатысу деңгейінің өскені байқалды.

2) жобаны іске асыру барысында шешілуге тиісті проблемаға жобаның ұзақмерзімді ықпалы (жобадан туындаған осы немесе өзге саладағы болжамды оң/жағымсыз өзгерістерді негіздеу):

Жобаны іске асыру барысында көтерілген негізгі проблема – жастар арасында нашақорлықтың алдын алу деңгейінің жеткіліксіздігі, құқықтық және психологиялық қолдаудың қолжетімсіздігі, сондай-ақ тәуекел мінез-құлықтың ерте кезеңде анықталмауы. Жоба нәтижесінде қалыптасқан тәжірибе аталған проблемаларды ұзақмерзімді перспективада жүйелі түрде шешуге негіз қалайды.

Болжамды оң ұзақмерзімді ықпалдар:

- Жастар арасында есірткіге қарсы тұрақты саналы көзқарас қалыптасып, профилактикалық мәдениет нығаяды;
 - Құқықтық, психологиялық және наркологиялық кеңес беру тетіктерінің енгізілуі ерте диагностика мен алдын алу шараларының тиімділігін арттырады;
 - Жоба аясында қалыптасқан ақпараттық материалдар, еріктілік тәжірибе және мамандармен жұмыс моделі болашақта басқа өңірлерде қолдануға мүмкіндік береді;
 - Жастардың әлеуметтік жауапкершілігі мен азаматтық белсенділігі артып, қауіпті мінез-құлықтың таралу деңгейін төмендетуге ықпал етеді;
 - Көмекке жүгіну мәдениетінің қалыптасуы әлеуметтік шиеленістердің алдын алуға және қоғамдағы сенім деңгейін арттыруға әсер етеді.
- Ықтимал жағымсыз немесе шектеуші факторлар:
- Жобаның кейбір іс-шараларының гранттық қаржыландыру шеңберінде толық көлемде жалғасын таппау қаупі ұзақмерзімді әсердің қарқынын төмендетуі мүмкін;
 - Қаржыландырудың тұрақты болмауы консультациялық және ақпараттық жұмыстардың жүйелілігіне кері әсер етуі ықтимал;
 - Жоба нәтижелерінің сақталуы жергілікті атқарушы органдар мен мүдделі тараптардың одан әрі қолдау көрсету деңгейіне тәуелді.

3) Іске асырылған жобаның әлеуметтік-экономикалық әсері:

Әлеуметтік әсері:

- Жобаға қатысқан 2057 адам арасында ақпараттық, құқықтық және психологиялық қолдау көрсетілді;
- Қоғамдағы тәуекел мінез-құлыққа қарсы саналы көзқарас қалыптасты;
- Қатысушылардың әлеуметтік белсенділігі артты, еріктілік тәжірибесі мен азаматтық жауапкершілігі нығайды;
- Мектептер мен жергілікті қауымдастықтарда профилактикалық іс-шаралардың өткізілуі тұрақты сипат алды.

Экономикалық әсері:

- Жобаны іске асыру барысында жергілікті қызмет көрсетушілер мен мамандарға жұмыс орындары құрылды, бұл өңірлік жұмыспен қамтуды қолдады;

- Жобалық іс-шараларға жұмсалған қаражат жергілікті экономиканы қолдауға бағытталды;
- Қатысушылардың білім деңгейі мен әлеуметтік дағдыларының артуы болашақта еңбек нарығында табысқа жету мүмкіндігін арттырады, бұл ұзақ мерзімді экономикалық тиімділікті қамтамасыз етеді;
- Жобаның ақпараттық материалдары мен әдістемелік құралдары келешекте басқа өңірлерде қолданылуға мүмкіндік беріп, әлеуметтік инвестициялардың қайтарымдылығын арттырады.

Есепті кезеңде грант шеңберінде іске асырылған әлеуметтік жобалар, әлеуметтік бағдарламалар туралы мәліметтер

Грант алушы: «Жоғары жастар кеңесі» қоғамдық бірлестігі

Басым бағыттың атауы: «Жетісу Жастары» аналитикалық есебін дайындау

I. Сандық көрсеткіштерді келтіре отырып, әлеуметтік жобаның, әлеуметтік бағдарламаның барлық іс-шаралары бойынша жалпы ақпарат (іс-шараның өткен күні, орны, тақырыбы мен нысаны, қатысушылар саны, жоспарланған іс-шаралардың толық орындалуы):

1-міндет. Жоба туралы мүдделі тараптарды хабардар ету, оның маңызын түсіндіру және қолдау көрсетуге шақыру мақсатында «Жетісу Жастары» аналитикалық есебін дайындау алды брифинг өткізу

№ 1 іс-шара. «Жетісу Жастары» аналитикалық есебін дайындау алды брифинг өткізу

«Жетісу Жастары» аналитикалық есебін дайындау жобасы аясында Талдықорған қаласында «Жетісу Жастары» аналитикалық есебін дайындауға арналған брифинг өткізілді. Іс-шараның мақсаты – облыс жастарының өзекті мәселелерін талқылау, жасалып жатқан талдамалық жұмыстармен таныстыру және жобаны іске асыруға мүдделі ұйымдармен серіктестікті кеңейту.

Брифингке барлығы 32 адам қатысты. Қатысушылар құрамына жастар ұйымдары өкілдері, білім беру мекемелерінің жас мамандары, еріктілер, сондай-ақ жергілікті сарапшылар енді. Іс-шараға қатысқан ұйымдардың ішінен 5 ұйым жобаны қолдауға ресми түрде келісім берді. Іс-шараның ақпараттық қамтылуы қамтамасыз етілді: жергілікті және өңірлік бұқаралық ақпарат құралдарында және әлеуметтік желілерде жарияланымдар орналастырылды. Жобаны кеңінен жария ету мақсатында медиа-жоспар бекітіліп, коммуникациялық жұмыстың негізгі бағыттары айқындалды. Брифинг қорытындысы бойынша іс-шара толық көлемде орындалды. Материалдар ретінде фотосуреттер және 1 бейнематериал дайындалды. Сілтеме:

Әлеуметтік желі:

- 1) https://www.instagram.com/p/DOxPmsAAq6t/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRIODBiNWFIZA==
- 2) https://www.instagram.com/p/DOyozTcgnPy/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRIODBiNWFIZA==
- 3) https://www.instagram.com/reel/DOyKPBRDEYE/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRIODBiNWFIZA==

БАҚ:

- 1) <https://dauletten.kz/articles/zhetisu-zhastary-turaly-taldamalyq-bayandama-dayiyndalady?ysclid=mi9rcbf0b9509709122>

№ 2 іс-шара. Деректерді жинау және талдау: мақсатты топтар ішінде әлеуметтанулық зерттеу, аналитикалық есепті әзірлеу

«Жетісу Жастары» аналитикалық есебін дайындау жобасы аясында онлайн форматта жастарға қатысты өзекті ақпаратты жинау, статистикалық деректерді талдау және мақсатты топтар арасында әлеуметтанулық зерттеу жүргізу жұмыстары орындалды.

Іс-шараның негізгі мақсаты – өңір жастарының шынайы қажеттіліктерін анықтау, өзекті мәселелерді айқындау және жастар саясатын жетілдіруге бағытталған тиімді ұсыныстар әзірлеу.

Жүргізілген жұмыс барысында демография, білім деңгейі, жұмыссыздық, миграциялық жағдай, жастарды қолдау бағдарламаларына қатысу үлесі және басқа да бағыттар бойынша 50-ден астам статистикалық көрсеткіш талданды.

Бұл деректер өңірлік жастардың әлеуметтік портретін қалыптастыруға мүмкіндік берді. Жастар арасында әлеуметтанулық сауалнама жүргізілді.

Сауалнама арнайы әзірленген методикаға сәйкес онлайн және қағаз тасығыш форматында ұйымдастырылып, жалпы 640 астам респондент қамтылды. Қағаз нұсқада толтырылған сауалнамалардың үлесі талапқа сәйкес 5 % болды.

Онлайн сауалнама жүктемесі де толық көлемде қамтамасыз етілді. Жиналған деректерге кешенді талдау жүргізіліп, жастардың басым қажеттіліктері, қиындықтары, әлеуметтік сұраныстары және оларды шешуге бағытталған ұсыныстар әзірленді. Талдау нәтижелері негізінде 117 беттен тұратын толық аналитикалық есеп дайындалды. Аналитикалық есеп жоба талаптарына сай әзірленіп, мемлекеттік органдарға, білім беру мекемелеріне, жұмыс берушілерге және жастар ұйымдарына ұсынылды. Зерттеу нәтижелеріне сүйене отырып, кемінде 5 зерттеушілік ұсыныс ұсынылды.

Аналитикалық есепті жүктеу: <https://taplink.cc/jaskenes>

№ 3 іс-шара. Мақсатты топтар ішінде сараптамалық сұхбат ұйымдастыру (мемлекеттік сектор, бизнес, ҮЕҰ, білім беру мекемелері өкілдерімен). 5 сәтті кейс-стадиді жинау

«Жетісу Жастары» аналитикалық есебін дайындау жобасы аясында офлайн форматта мемлекеттік сектор, бизнес, үкіметтік емес ұйымдар және білім беру мекемелері өкілдерімен сараптамалық сұхбаттар жүргізілді.

Іс-шараның мақсаты – өңір жастарының қазіргі жағдайы туралы сарапшылар пікірін жинау, жастар саясатының тиімділігін бағалау және өңірдегі табысты тәжірибелерді анықтау.

10 сараптамалық сұхбат ұйымдастырылып, толық көлемде жүзеге асырылды. Сұхбат жүргізуге арналған бірінғай сұрақтар пакеті әзірленіп, барлық респонденттерге қолданылды. Әрбір сұхбат толық тыңдалып, мәтіндік форматқа түсірілді және 10 толық транскрипция дайындалды.

Сарапшылар ұсынған тәжірибелер мен өңірдегі жастармен жұмыс істеу саласындағы тиімді үлгілерді талдау нәтижесінде 5 сәтті кейс-стади жинақталды. Бұл кейстер өңірлік практиканың нақты мысалдарын қамтып, жастар әлеуетін дамытуда нәтижелі тәсілдерді көрсетеді. Жиналған ақпараттар негізінде жастардың қажеттіліктері, қанағаттану деңгейі, туындайтын қиындықтары және оларды шешуге қатысты ұсыныстар берілген зерттеу қорытынды есебі әзірленді.

Іс-шара нәтижесі ретінде жастар саясатын жетілдіруге бағытталған 8 зерттеушілік ұсыныс дайындалды. Іс-шара толық көлемде орындалды және жобаның келесі кезеңдеріне маңызды сараптамалық база қалыптастырылды.

Іс-шараның ашықтығын қамтамасыз ету мақсатындағ іс-шара туралы ақпараттар әлеуметтік желіге жарияланды. Сілтеме:

https://www.instagram.com/p/DO7tReNjNFi/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRIODBiNWFIZA==

https://www.instagram.com/reel/DO8YBLdjEwE/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRIODBiNWFIZA==

№ 4 іс-шара. Мақсатты топтар ішінде фокус-топтық талқылау ұйымдастыру

«Жетісу Жастары» аналитикалық есебін дайындау жобасы аясында офлайн форматта әртүрлі мақсатты топтармен фокус-топтық талқылаулар ұйымдастырылды. Іс-шараның негізгі мақсаты – өңір жастарының негізгі проблемаларын, қанағаттану деңгейін, сұраныстары мен ұсыныстарын терең талдау, сондай-ақ жергілікті жастар саясатын жетілдіруге бағытталған нақты пікірлерді жинау.

Жоспарға сәйкес 50 адамды қамтыған 5 фокус-топтық талқылау өткізілді.

Талқылауларға жастар ұйымдарының мүшелері, студенттер, жас мамандар, жұмыссыз жастар және бейресми сектор өкілдері қатысты. Әр фокус-топтық талқылау толықтай құжаттандырылып, әр топтан фотосуреттер және 1 бейнематериал дайындалды. Сонымен қатар, талқылау барысында көтерілген өзекті мәселелер, ұсыныстар және қатысушылардың көзқарастары жүйеленіп, мазмұндық қорытындылар жасалды. Жиналған ақпараттар негізінде жастардың басты проблемалары, қанағаттану деңгейі, өзекті қажеттіліктері және оларды шешу жолдары талданған бір аналитикалық есеп әзірленді. Фокус-топ қорытындылары жергілікті жастар саясатына әсер ететін факторларды терең түсінуге мүмкіндік берді. Іс-шара нәтижесінде өңірдегі жастармен жұмыс тиімділігін арттыруға бағытталған 5 зерттеушілік ұсыныс ұсынылды. Фокус-топтық талқылаулар толық көлемде орындалды және жобаның келесі кезеңдеріне құнды сапалық деректер базасын қалыптастырды.

Іс-шараның ашықтығын қамтамасыз ету мақсатындағ іс-шара туралы ақпараттар әлеуметтік желіге жарияланды. Сілтеме

- 1) https://www.instagram.com/p/DOzzjhjgqrF/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRIODBiNWFIZA==
- 2) https://www.instagram.com/reel/DO25TtIjNsA/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRIODBiNWFIZA==
- 3) https://www.instagram.com/reel/DO3zjEGDE8L/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRIODBiNWFIZA==
- 4) https://www.instagram.com/reel/DO5j7ItjPPW/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRIODBiNWFIZA==
- 5) https://www.instagram.com/reel/DO50nL1jMyQ/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRIODBiNWFIZA==
- 6) https://www.instagram.com/reel/DO6Ogj6jD82/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRIODBiNWFIZA==

2-міндет. Зерттеу нәтижелерін тарату. БАҚ пен әлеуметтік желілерде зерттеу нәтижелерін жариялау

№ 1 іс-шара. «Жетісу Жастары» аналитикалық есебі нәтижелерінің ақпараттық қамтуы

«Жетісу Жастары» аналитикалық есебін жобасы аясында аналитикалық есептің негізгі нәтижелерін кең аудиторияға жеткізу мақсатында кешенді ақпараттық сүйемелдеу жұмыстары жүргізілді. Алдымен аналитикалық есеп ресми түрде таратылып, 20-дан астам ұйымға жолданды. Оның ішінде мемлекеттік органдар, үкіметтік емес ұйымдар, жоғары оқу орындары және басқа да серіктес мекемелер бар. Таратылғаны туралы есепті тарату актісі рәсімделді.

Ақпараттық қолжетімділікті арттыру және жастармен тікелей кері байланыс орнату мақсатында медицина, құқық, әлеуметтік саясат салаларының сарапшыларының қатысуымен Instagram/TikTok платформаларында 5 тікелей эфир өткізілді.

Әр эфир алдын ала әзірленген бағдарламаға сәйкес ұйымдастырылып, жастар мәселелерін талқылау, шешу жолдарын көрсету және сарапшылар пікірін беру бағытында өтті. Әр эфирден кемінде 3 фотоматериал дайындалды. Іс-шара нәтижесінде аналитикалық есептің толыққанды нұсқасы әзірленіп, PDF форматында онлайн-платформа және әлеуметтік желілерде жарияланды. Бұл есеп жастар саясатына қатысты кешенді деректерді қамтып, өңірлік шешім қабылдау процесіне қолжетімді ресурс ретінде ұсынылды. Жалпы ақпараттық жұмыстың нәтижесінде БАҚ және әлеуметтік желілердегі жарияланымдардың жалпы қамтылуы 78687 қаралымға жетті.

Бұл жоба нәтижелерінің кең аудиторияға тиімді жеткізілгенін көрсетеді. Іс-шара толық көлемде орындалды және жоба нәтижелерін жария ету бойынша жоспарланған барлық көрсеткіштерге қол жеткізілді.

Іс-шараның ашықтығын қамтамасыз ету мақсатында іс-шара туралы ақпараттар әлеуметтік желіге жарияланды. Сілтеме:

<https://www.instagram.com/p/DRhq8x3DNnx/?igsh=NXFwZmZwNnlnZ2Nv>

<https://www.instagram.com/reel/DRj1bYWDMY-/?igsh=MXhiem11d2trbDBybQ==>

<https://www.instagram.com/p/DRj388gDPZQ/?igsh=OXB1eHdtM2g3YzRn>

<https://www.instagram.com/reel/DRkGqWtDAba/?igsh=MXJ5Y3B3cTRvcnZqcA%3D%3D>

<https://www.instagram.com/p/DRpP148jF6p/?igsh=ZmVoZncxcWI3aWpn>

<https://www.instagram.com/p/DRNJIugDAii/?igsh=MXR2MGJ6cHEwMmYyMw==>

<https://www.instagram.com/p/DRPbfy2jI2-/?igsh=Nmx5cG9oZG1haXF2>

3 міндет. Сарапшылардың қатысуымен жастардың мәселелері мен шешу жолдарын талқылау

№ 1 іс-шара. «Жетісу Жастары» аналитикалық есебінің қорытынды презентациясы

«Жетісу Жастары» аналитикалық есебінің қорытынды презентациясы Талдықорғанда жоғары деңгейде өтті. Іс-шараға жергілікті атқарушы органдардың өкілдері, жастар ұйымдарының жетекшілері, зерттеушілер, сарапшылар және жастар қауымы қатысты. Презентация барысында облыс жастарының әлеуметтік жағдайы, құндылықтары, білім беру, жұмыспен қамту, азаматтық белсенділік, тұрмыстық зорлық-зомбылық және цифрлық қауіпсіздік мәселелері жөніндегі талдау нәтижелері ұсынылды.

Іс-шара қорытындысында қатысушылар зерттеу нәтижелеріне негізделген ұсыныстарды талқылап, өңір жастарының әл-ауқатын арттыру бағытында нақты қадамдарды айқындады. Презентация ашық пікірталас пен сындарлы диалог форматында өтіп, ғылыми-тәжірибелік өзара байланыс орнатуға мүмкіндік берді.

Іс-шараның ашықтығын қамтамасыз ету мақсатында іс-шара туралы ақпараттар әлеуметтік желіге жарияланды. Сілтемесі:

https://www.instagram.com/p/DRhq8x3DNnx/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRIODBiNWFIZA==

https://www.instagram.com/reel/DRj1bYWDMY-/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRIODBiNWFIZA==

https://www.instagram.com/p/DRj388gDPZQ/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRIODBiNWFIZA==

<https://damu-info.kz/?p=20806>

<https://eltumar.kz/posts/22600>

<http://ulyorda.kz/posts/16670>

<https://jaraina.kz/category/zhetisu-zhastary-leumettik-zertteu-n-tizheleri-tanystyryldy/>

<https://kazalem.kz/?p=1999>

<https://sunqarnews.com/janalyqtar/zhetisu-zhastary-aleumettik-zertteu-natizheleri-tanystyryldy/>

<https://jarshy.com/janalyqtar/zhetisu-zhastary-aleumettik-zertteu-natizheleri-tanystyryldy/>

<https://anatili.kazgazeta.kz/news/64735>

<https://kazgazeta.kz/news/163606>

4 міндет. Сандық нәтижелерге қол жеткізу

№ 1 іс-шара. Қатысушылардың отбасылық құндылықтарды түсіну, тұрмыстық зорлық-зомбылық мәселелерін тану және алдын алу туралы пікірлері мен білім деңгейін бағалау үшін сауалнама жүргізу

«Жетісу Жастары» аналитикалық есебін жобасы аясында Талдықорған қаласында және онлайн форматта қатысушылардың отбасылық құндылықтар, тұрмыстық зорлық-зомбылықты тану және оның алдын алу бойынша білім деңгейін анықтауға бағытталған сауалнама жүргізілді. Зерттеу іс-шаралар алдында және іс-шаралар аяқталғаннан кейін екі кезеңде жүзеге асырылды.

Әр іс-шараға арналған сауалнама онлайн және қағаз тасығыш форматында жүргізіліп, талапқа сәйкес қағаз түрінде толтырылған сауалнамалардың кемінде 3% үлесі қамтамасыз етілді.

Онлайн сауалнама толық көлемде жүктеліп, техникалық қолжетімділік толық орындалды. Сауалнама нәтижелері қатысушылардың бастапқы білім деңгейін, отбасылық қарым-қатынас мәдениетіне көзқарасын, тұрмыстық зорлық-зомбылықтың түрлерін тану қабілетін және оның алдын алу бойынша хабардарлығын анықтауға мүмкіндік берді.

Іс-шаралардан кейінгі қайталама сауалнама өзгерістер динамикасын бағалауға және қатысушылардың білім деңгейіндегі оң ілгерілеуді көрсетуге бағытталды.

№ 2 іс-шара. Кері байланыс парақтарын толтыру

Іс-шаралар аяқталған соң қатысушылардан кемінде 10 толық толтырылған кері байланыс парағы жиналды. Кері байланыс парақтарында жобаға қанағаттану деңгейі, ұсыныстар, мазмұнның түсініктілігі, практикалық пайдасы және болашақта қажет болатын тақырыптар туралы пікірлер қамтылды.

Жиналған мәліметтер негізінде қатысушылардың жобаны қабылдауы мен қажеттіліктерін сипаттайтын жүйелендірілген деректер дайындалды.

№ 3 іс-шара. Қатысушылардың қанағаттану деңгейі

Қатысушылардың қанағаттану деңгейін бағалау онлайн форматта жүргізілген талдау нәтижесінде қатысушылардың қанағаттану деңгейі кемінде 70% оң пікір көрсеткішіне жетті. Сауалнама қорытындысы жобаның мазмұны мен ұйымдастырылуы қатысушылар тарапынан жоғары бағаланғанын көрсетті. Кері байланыс материалдары негізінде қатысушылардың ұсыныстары, жоба барысында алған білімдерін практикалық тұрғыдан қолдану мүмкіндігі және алдағы жұмысты жетілдіру бағыттары көрсетілген талдамалық қорытынды әзірленді.

№ 4 іс-шара. Ақпараттық материалдардың таралуын бақылау

Қала тұрғындарына таратылған ақпараттық парақшалардың саны мен қамтылған аудитория көлемін көрсететін есеп әзірленді. Материалдар отбасылық құндылықтарды нығайту, зорлық-зомбылықтың алдын алу және қажет болған жағдайда көмек алу жолдары туралы ақпаратты қамтыды. Сонымен қатар әлеуметтік желілерде жарияланған бейнероликтердің қаралымы, пікірлері және аудитория белсенділігі бойынша бақылау есебі дайындалды. Бұл бағыт жастарға ақпаратты жеткізу арналарының тиімділігін бағалауға мүмкіндік берді.

Шарт талаптарына сәйкес жоба нәтижелерінің қорытынды жария презентациясы

№ 1-іс-шара. Шарт талаптарына сәйкес жоба нәтижелерінің қорытынды жария презентациясы

Жоба нәтижелерін талқылау және барлық іске асырылған іс-шаралар бойынша қорытынды ақпаратты ұсыну мақсатында онлайн форматта есептік кездесу өткізілді. Кездесу барысында жоба шеңберінде орындалған міндеттер, негізгі көрсеткіштер, қол жеткізілген нәтижелер және алдағы ұсыныстар баяндалды.

Онлайн есептік кездесудің бағдарламасы алдын ала әзірленіп, қатысушыларға таратылды. Іс-шараға барлығы 33 адам қатысты. Кездесуде 1 спикер сөз сөйлеп, жобаның орындалу барысы бойынша толық ақпарат берді. Қатысушылар тізімі рәсімделіп, есепке енгізілді.

Онлайн кездесу қорытындысы бойынша 2 жарияланым әлеуметтік желілер мен ақпараттық ресурстарда орналастырылды. Сонымен қатар, іс-шараның қорытынды презентациясы дайындалып, қатысушыларға ұсынылды. Кездесу барысында өткізілген тікелей эфирдің жазбасы сақталып, кейінгі пайдалану үшін жоба архивіне енгізілді. Қорытынды есептік кездесу толық көлемде орындалып, жоспарланған барлық индикаторларға қол жеткізілді. Жоба қорытындысы туралы әлеуметтік желідегі жарияланым сілтемеі:

1. <https://www.instagram.com/reel/DRpGGFrDF-d/?igsh=aDAyaTltZXhva3Np>

Шарт талаптарына сәйкес жобаның орындалу барысы туралы ақпараттық жұмыс

№ 1 іс-шара. Жобаны жүзеге асырылу барысын ақпараттық қамту

Жобаны кең аудиторияға таныстыру және оның жүргізілу барысы туралы тұрақты ақпараттық қолжетімділікті қамтамасыз ету мақсатында кешенді медиакампания жүзеге асырылды. Ақпараттық жұмыстар онлайн форматта жүргізіліп, әлеуметтік желілер, интернет ресурстар және бұқаралық ақпарат құралдары арқылы ауқымды қамту қамтамасыз етілді. Жоба аясында дайындалған материалдар әлеуметтік желілер мен интернет платформаларында жарияланды. Таргет және SMM стратегиялары қолданылып, қамту, реакция, бөлісулер мен пікірлерге жауап беру көрсеткіштері Meta Insights, TikTok Analytics және YouTube Studio арқылы талданды.

Әр іс-шара бойынша баннерлер, роликтер, LED экран жарнамалары және стендтер орналастырылды. Көрсеткіштерге арналған бағдарлама, парақшалар және QR-код арқылы сауалнама сілтемелері таратылып, нәтижелері бойынша 1 талдамалық есеп әзірленді. Республикалық және өңірлік БАҚ-та жалпы 10 жарияланым жарық көрді.

БАҚ-тағы барлық жарияланымдар мен қамту көрсеткіштері бойынша ай сайын есеп жүргізілді. Әлеуметтік желілерде бірінші хэштег қолданылып, фото, видео және ақпараттық контенттер орналастырылды. YouTube, TikTok, Instagram және Facebook платформаларындағы ойындардан үзінділер, сұхбаттар және бэкстейдж материалдар, жалпы ақпараттық қамту 3 134 505 қаралым жинады. Сонымен қатар, жоба шеңберінде 1 ақпараттық дайджест дайындалды.

Жобаны жүзеге асырылу барысын ақпараттық қамту аясында ұйымдастырылған әр іс-шара бойынша бейнероликтер сілтемесі:

1. <https://www.instagram.com/reel/DO25TtJNsA/?igsh=MW83YnJkNXVqNjZoYQ==>
2. <https://www.instagram.com/reel/DO3zjEGDE8L/?igsh=MTM5MXJwdGw2bmVzeg==>
3. <https://www.instagram.com/reel/DO5j7ItjPPW/?igsh=eXM4amQ1NjJnbzlh>
4. <https://www.instagram.com/reel/DO50nL1jMyQ/?igsh=NHJuYnh5cjVxeTZ2>
5. <https://www.instagram.com/reel/DO6Ogj6jD82/?igsh=MXRoeXE1dzU4M2ZrYQ==>
6. <https://www.instagram.com/reel/DO8YBLdjEwE/?igsh=MW1jdzE5d2RpNXZ4aQ==>
7. <https://www.instagram.com/reel/DOyKPBRDEYE/?igsh=c2w0ajdkNXRwMjNk>
8. <https://www.instagram.com/reel/DRNCS-BjHkc/?igsh=NXp3ODI5cWx5aGEy>
9. <https://www.instagram.com/reel/DRO6yZiJLin/?igsh=MWQwZzZ5MGZyYjJwcQ==>
10. <https://www.instagram.com/reel/DRPOwvtjJF3/?igsh=dnJsMHo5cTU1dHhi>
11. <https://www.instagram.com/reel/DRj1bYWDMY-/?igsh=anp4d3YybGYwZGg2>
12. <https://www.instagram.com/reel/DRpGGFrDF-d/?igsh=aDAyaTltZXhva3Np>

№ 2-іс-шара. Жергілікті БАҚ-пен серіктестік

Жобаны ақпараттық қолдау мақсатында жергілікті бұқаралық ақпарат құралдарымен тиімді серіктестік орнатылды. Арнайы репортаждар мен анонстар дайындалып, БАҚ өкілдеріне пресс-релиздер мен шақыру хаттары таратылды. Облыс көлемінде танымал Instagram және Telegram парақшаларымен, ресурстармен келісім жасалып, жарияланымдар орналастырылды.

Сонымен қатар, «Жетісу» телеарнасы сияқты жергілікті телеарналарда, радиоларда және баспа БАҚ-та материалдар шығып, интернет-ресурстарда да мақалалар жарияланды. Instagram-ның аудиториясы 20 000-нан асатын танымал беттерінде де ақпараттық посттар жарық көрді.

Жалпы алғанда, ақпараттық кампания аясында: 1 пресс-релиз және 1 шақыру хат дайындалды, Instagram және Telegram парақшаларында жарияланым жасалды, телеарналарда 1 және баспа БАҚ-та 2 материал жарияланды, интернет ресурстарында кемінде 3 мақала жарияланды.

Осы жұмыстардың нәтижесінде жоба туралы ақпарат аймақ ішінде кеңінен таралып, қоғамның назарын аударуға және мақсатты аудиторияның қамтылуын арттыруға мүмкіндік берді.

Арнайы репортаж бен анонс:

1. https://youtu.be/-HqzChZByls?si=DEjcKP_9vcFCKhdD

Телеарналарда, баспа БАҚ-та жарияланым БАҚ-тың интернет-ресурстарында мақала жариялау:

Телеарна:

- 1) https://youtu.be/-HqzChZByls?si=DEjcKP_9vcFCKhdD

Баспа БАҚ:

1. <https://dauletten.kz/articles/zhetisu-zhastary-aleumettik-zertteu-natizheleri-tanystyryldy>
2. <https://mandat.kz/zhetisu-zhastary-aleumettik-zertteu-natizheleri-tanystyryldy/>
3. <https://vestnik19.kz/news/obshchestvo/v-taldykorgane-predstavili-pervoe-masshtabnoe-issledovanie-zhetisu-zhastary-56023/>

4. <https://7-su.kz/janalyqtar/kultobe/zhetisu-zhastary-aleumettik-zertteu-natizheleri-tanystyryldy-78031/>
5. <https://damu-info.kz/?p=20806>
6. <https://eltumar.kz/posts/22600>
7. <http://ulyorda.kz/posts/16670>
8. <https://jaraina.kz/category/zhetisu-zhastary-leumettik-zertteu-n-tizheleri-tanystyryldy/>
9. <https://kazalem.kz/?p=1999>
10. <https://sunqarnews.com/janalyqtar/zhetisu-zhastary-aleumettik-zertteu-natizheleri-tanystyryldy/>
11. <https://anatili.kazgazeta.kz/news/64735>
12. <https://jarshy.com/janalyqtar/zhetisu-zhastary-aleumettik-zertteu-natizheleri-tanystyryldy/>
13. <https://kazgazeta.kz/news/163606>

Instagram-дың танымал беттерінде жарияланым (аудиториясы кемінде 20 000 жазылушысы бар)

1. <https://www.instagram.com/p/DRpP148jF6p/?igsh=MWtreGxvcnpxcmFrZQ==>

1) Әлеуметтік жобаның, әлеуметтік бағдарламаның мақсаттарына қол жеткізу және алынған нәтижелері:

«Жетісу Жастары» аналитикалық есебін әзірлеу жобасының негізгі мақсаты – өңір жастарының өзекті проблемаларын кешенді зерттеу, деректерге негізделген ұсыныстар дайындау және зерттеу нәтижелерін кең аудиторияға тарату болды.

Жоба барлық жоспарланған міндеттер бойынша толық көлемде орындалды және мақсаттарға толық қол жеткізілді. Атап айтқанда:

Ашықтық және ақпараттық қамту қамтамасыз етілді: жоба туралы 100-ден астам әлеуметтік желі жарияланымдары, БАҚ-та 10+ мақала жарық көрді, жалпы қамту 3 134 505 қаралымнан асты.

Сапалы зерттеу жұмыстары жүргізілді:

- 640 респондент қамтылған әлеуметтанулық сауалнама;
- 50 статистикалық индикатор талданды;
- 10 сараптамалық сұхбат, 5 кейс-стади;
- 5 фокус-топ (50 қатысушы).
- 117 беттен тұратын толық аналитикалық есеп әзірленді, мемлекеттік органдар мен ұйымдарға таратылды.

Жастардың білім деңгейін, қанағаттану деңгейін анықтауға бағытталған сауалнамалар жүргізілді.

Қорытынды презентация және онлайн есептік кездесу өткізілді.

Жалпы, жоба өңір жастары туралы кешенді ғылыми-талдамалық база қалыптастырды және жастар саясатын жетілдіру үшін маңызды ұсыныстар пакеті дайындалды.

2) Мақсатқа қол жеткізу (фактілерді сипаттау және мақсатқа қол жеткізу туралы дәлелдерді көрсету):

Жоба аясында Жетісу жастарының әлеуметтік-экономикалық жағдайын кешенді зерттеу жүргізіліп, алынған нәтижелерді кең аудиторияға тарату арқылы жобаның негізгі мақсатына қол жеткізілді.

Зерттеу барысында өңірдегі жастардың демографиялық ахуалы, білім алу мүмкіндіктері, жұмыспен қамтылу деңгейі, ішкі және сыртқы миграция үрдістері, сондай-ақ мемлекеттік және өзге де жастарды қолдау бағдарламаларына қатысу деңгейі бойынша 50-ден астам статистикалық көрсеткіштер жиналып, талданды. Сонымен қатар, 500 респондентті қамтыған әлеуметтанулық сауалнама, кемінде 10 сараптамалық сұхбат, 3 фокус-топтық талқылау және өңірдегі тәжірибені көрсету мақсатында 5 кейс-стади жүргізілді. Бұл деректер жастардың өзекті мәселелерін жан-жақты айқындауға мүмкіндік берді.

Жиналған мәліметтер негізінде кемінде 50 беттен тұратын аналитикалық есеп әзірленіп, онда негізгі үрдістер, проблемалар және оларды шешу бойынша нақты ұсынымдар қамтылды. Аталған есеп мемлекеттік органдарға, жоғары оқу орындарына, жұмыс берушілерге және жастар ұйымдарына ұсынылды, бұл зерттеу нәтижелерін практикалық қолдануға жағдай жасады.

Зерттеу қорытындыларын таныстыру мақсатында кемінде 50 адамның қатысуымен қорытынды іс-шара өткізілді, сондай-ақ есеп материалдары 20-дан астам ұйымға таратылды. Бұдан бөлек, бұқаралық ақпарат құралдары мен әлеуметтік желілерде жарияланған материалдар арқылы зерттеу нәтижелері кемінде 35 000 адамды қамтыды, бұл белгіленген мақсатты индикатордың толық орындалғанын растайды.

Жоба аясында жастардың өзекті мәселелерін талқылау және ақпараттандыру деңгейін арттыру үшін Instagram және TikTok платформаларында 5 тікелей эфир ұйымдастырылып, медицина, құқық және әлеуметтік саясат салаларындағы сарапшылар тартылды. Бұл формат жастармен тікелей кері байланыс орнатуға және ұсынылған шешімдерді кеңінен түсіндіруге мүмкіндік берді.

Сонымен қатар, алынған барлық деректерді жүйелеу арқылы жастар саясатын мониторингілеуге арналған мәліметтер базасы құрылды, ол алдағы бағдарламалар мен бастамаларды әзірлеу үшін негіз ретінде пайдаланылатын болады.

Осылайша, жобаның барлық жоспарланған іс-шаралары толық көлемде іске асырылып, ақпараттық қамту бойынша белгіленген кемінде 35 000 қаралым көрсеткішіне қол жеткізілді, бұл жобаның мақсатына қол жеткізілгенін дәлелдейді.

3) Жоспарланған нәтижелердің алынған нәтижелерге сәйкестігі; егер жоспардан ауытқу орын алса, оның негіздемесі: ауытқу жоқ

4) Әлеуметтік жобаны, әлеуметтік бағдарламаны іске асыру аяқталғаннан кейін және/немесе іске асыру кезінде болған әлеуметтік және басқа да өзгерістерді өлшеу (жобаға дейінгі ахуалды және жоба аяқталған кездегі ахуалды салыстыру, жоба шеңберінде проблемаларды мен міндеттерді шешу дәрежесі):

Жобаны іске асыру барысында және оның аяқталуы нәтижесінде өңірдегі жастардың әлеуметтік жағдайына қатысты бірқатар өлшенетін өзгерістер тіркелді. Әлеуметтік өзгерістерді бағалау жоба басталғанға дейінгі бастапқы деректер мен жоба аяқталғаннан кейін алынған көрсеткіштерді салыстыру арқылы жүзеге асырылды.

Жобаға дейінгі ахуал:

Жетісу өңіріндегі жастардың әлеуметтік-экономикалық жағдайы туралы жүйеленген, өзекті және кешенді деректердің жеткіліксіздігі байқалды. Мемлекеттік органдар мен мүдделі ұйымдарда жастардың білім алу, жұмыспен қамтылу, әлеуметтік қолдау бағдарламаларына қатысу, миграциялық көңіл-күйі және нақты проблемалары жөнінде толық талданған аналитикалық материалдар болмады. Жастар саясатын жоспарлау

көбінесе жекелеген статистикалық мәліметтерге және фрагменттелген ақпаратқа негізделді, ал жастардың өз пікірін білдіру тетіктері шектеулі болды.

Жоба іске асырылғаннан кейінгі ахуал:

Жоба нәтижесінде жастардың жағдайын сипаттайтын кешенді аналитикалық база қалыптастырылды, оған статистикалық талдау, әлеуметтанулық сауалнама, сараптамалық сұхбаттар, фокус-топтық талқылаулар және кейс-стадилер енгізілді. Бұл деректер жастардың нақты қажеттіліктері мен проблемаларын дәл айқындауға мүмкіндік берді.

Мемлекеттік органдар, білім беру мекемелері, ҮЕҰ және өзге де мүдделі тараптар үшін нақты ұсынымдар мен талдау нәтижелері бар аналитикалық есеп қолжетімді болды, бұл жастар саясатын жоспарлау мен бағдарламаларды түзету кезінде деректерге негізделген шешімдер қабылдауға алғышарт қалыптастырды.

Жастардың өзекті мәселелерін талқылауға қатысу деңгейі артты: фокус-топтар мен тікелей эфирлер арқылы жастар пікірін ашық білдіру мүмкіндігіне ие болды, ал сарапшылармен тікелей диалог қалыптасты. Бұл жастардың ақпараттану деңгейін және қоғамдық талқылауларға тартылуын арттырды.

Жоба шеңберінде қойылған міндеттер толық көлемде орындалды:

- жастардың әлеуметтік жағдайы бойынша деректерді жинау және талдау міндеті – орындалды;
- өзекті проблемаларды анықтау және оларды дәлелді түрде сипаттау – орындалды;
- шешу жолдары бойынша ұсынымдар әзірлеу – орындалды;
- зерттеу нәтижелерін кең аудиторияға тарату – орындалды.

Осылайша, жоба нәтижесінде бастапқыда анықталған ақпараттық және аналитикалық олқылықтар жойылып, жастар саясатын жетілдіруге бағытталған өлшенетін әлеуметтік өзгерістер қамтамасыз етілді

II. Әлеуметтік жобаға қатысушылар бөлінісінде статистикалық ақпарат

1) Гендерлік көрсеткіш:

Жобаға қатысушылардың саны барлығы	Ерлер	Әйелдер
782	316	466

2) Санаттар бойынша әлеуметтік дәрежесі:

Жобаға қатысушылардың саны барлығы	Балалар (оның ішінде мүгедек балалар)	Жастар	Мемлекеттік қызметкерлер	Бюджеттік ұйым жұмысшылар	Мүгедектігі бар тұлғалар	Егде жастағы адамдар (50 жастан жоғары), оның ішінде	Жұмыссыздар	Қоғамдық ұйымдардың өкілдері	Бизнес-сектор өкілдері	Басқа санаттар
782	0	782	11	16	0	0	9	12	21	

3) Жас көрсеткіші:

Жобаға қатысушылардың саны барлығы	13-16 жас	17-22 жас	23-27 жас	28-32 жас	33-45 жас	46-58 жас	59 жас және одан жоғары
782	24	569	102	87	0	0	0

3. Жобаның нәтижелері:

1) көрсетілген насаналы топтардың жобаны іске асыру барысында (сандық көрсеткіштерді көрсете отырып, сапалық қозғалыстарды сипаттай отырып) алған нақты нәтижелері:

Жоба аясында Жетісу жастарының әлеуметтік-экономикалық жағдайына кешенді зерттеу жүргізіліп, алынған нәтижелерді кең аудиторияға тарату арқылы жобаның негізгі мақсатына қол жеткізілді.

Зерттеу барысында жастардың демографиялық ахуалы, білім алу мүмкіндіктері, жұмыспен қамтылуы, миграция үрдістері және қолдау бағдарламаларына қатысуы бойынша 50-ден астам статистикалық көрсеткіш талданып, 500 респондентті қамтыған сауалнама, кемінде 10 сараптамалық сұхбат, 3 фокус-топ және 5 кейс-стади **өткізілді**. Бұл жастардың өзекті мәселелерін нақты айқындауға мүмкіндік берді.

Нәтижесінде кемінде 50 беттен тұратын аналитикалық есеп әзірленіп, ол мемлекеттік органдарға, ЖОО-ларға, жұмыс берушілерге және жастар ұйымдарына ұсынылды. Зерттеу қорытындылары 50-ден астам қатысушысы бар іс-шарада **таныстырылып, материалдар** 20-ден астам ұйымға таратылды.

Сонымен қатар, БАҚ пен әлеуметтік желілерде жариялау және Instagram мен TikTok-та өткен 5 тікелей эфир арқылы зерттеу нәтижелері кемінде 35 000 адамды қамтыды. Жоба шеңберінде жастар саясатын мониторингілеуге арналған мәліметтер базасы қалыптастырылды.

Осылайша, барлық жоспарланған іс-шаралар толық орындалып, ақпараттық қамту бойынша белгіленген кемінде 35 000 қаралым көрсеткішіне қол жеткізілді, бұл жобаның мақсатына қол жеткізілгенін растайды.

2) жобаны іске асыру барысында шешілуге тиісті проблемаға жобаның ұзақмерзімді ықпалы (жобадан туындаған осы немесе өзге саладағы болжамды оң/жағымсыз өзгерістерді негіздеу):

Жобаның ұзақмерзімді ықпалы Жетісу өңіріндегі жастар саясатын деректерге негізделген тәсіл арқылы жетілдіруге бағытталған. Жоба нәтижесінде жастардың әлеуметтік-экономикалық жағдайы бойынша жүйеленген аналитикалық база қалыптастырылып, ол алдағы бағдарламалар мен бастамаларды жоспарлау және түзету үшін пайдаланылатын болады.

Ұзақмерзімді кезеңде жоба нәтижелері жастарға арналған бағдарламалардың нысаналығын арттыруға, ресурстарды тиімді бөлуге және мемлекеттік органдар мен жастар арасындағы кері байланысты күшейтуге ықпал етеді. Сонымен қатар, жастардың өзекті мәселелерін ашық талқылау тәжірибесі олардың азаматтық белсенділігін арттыруға мүмкіндік береді.

3) Іске асырылған жобаның әлеуметтік-экономикалық әсері:

Жобаны іске асыру нәтижесінде Жетісу өңіріндегі жастардың әлеуметтік-экономикалық жағдайы бойынша кешенді деректер қалыптастырылып, шешім қабылдау процесінде пайдалануға мүмкіндік беретін аналитикалық негіз құрылды. Бұл жастарға бағытталған бағдарламалардың нысаналығын арттыруға және бюджет қаражатын тиімді жоспарлауға ықпал етеді.

Әлеуметтік тұрғыда жастардың өзекті мәселелеріне қатысты хабардарлығы мен қоғамдық талқылауларға қатысу белсенділігі артты, ал экономикалық тұрғыда жастарды қолдау шараларын нақты деректерге сүйене отырып іске асыру арқылы ресурстарды оңтайлы бөлуге жағдай жасалды.

Осылайша, жоба өңірлік жастар саясатын жетілдіруге және ұзақмерзімді әлеуметтік-экономикалық тиімділікке қол жеткізуге негіз қалады.

Есепті кезеңде грант шеңберінде іске асырылған әлеуметтік жобалар, әлеуметтік бағдарламалар туралы мәліметтер

Грант алушы: «ҚСА» Республикалық студенттік қозғалысы» қоғамдық бірлестігі

Басым бағыттың атауы: Студенттік өзін-өзі басқару жүйесін дамыту

I. Сандық көрсеткіштерді келтіре отырып, әлеуметтік жобаның, әлеуметтік бағдарламаның барлық іс-шаралары бойынша жалпы ақпарат (іс-шараның өткен күні, орны, тақырыбы мен нысаны, қатысушылар саны, жоспарланған іс-шаралардың толық орындалуы):

1 міндет. Студенттік өзін-өзі басқару жүйесіне қатысатын жастардың санын арттыру және студенттік көшбасшылардың құзыреттерін дамыту

№ 1 іс-шара. Жетісу облысының кемінде 1000 студенті үшін көшбасшылық, басқару, жобалық менеджмент бойынша «Leader Zhetisu» оқыту тренингтерін ұйымдастыру

Жетісу облысында 1031 студент үшін «Leader zhetisu» көшбасшылық және жобалық менеджмент бойынша ауқымды оқыту тренингтері ұйымдастырылды. Бұл бастама облыс жастарының көшбасшылық қабілетін дамыту, олардың басқарушылық ойлауын жетілдіру, стратегиялық және жобалық менеджмент дағдыларын арттыру мақсатында қолға алынды.

Тренингтер Жетісу облысының әртүрлі қалалары мен колледждерінде өткізілді. Оқыту барысында студенттер тек теориялық білімдермен шектеліп қана қоймай, сонымен қатар практикалық тапсырмалар мен бизнес-симуляциялар арқылы өз дағдыларын шыңдады. Интерактивті форматта ұйымдастырылған тренингтер жастардың өзін-өзі басқару дағдыларын дамытуға ықпал етті. Тренингтер жоғары деңгейде ұйымдастырылып, әрбір қатысушы үшін тиімді тәжірибе алмасу алаңы болды.

Іс-шараның нәтижелері мен сипаттамасы:

26 қыркүйек – Жастар спорт сарайында, Нұрлан Байжігітұлының «Ұлттық құндылықтар мен тәрбие» тақырыбындағы кездесуі өтті. Бұл кездесуге 100 студент қатысты, олар ұлттық құндылықтар мен тәрбие мәселелерін талқылап, осы бағытта көшбасшылық дағдыларын дамытуға арналған практикалық тапсырмалар орындады.

27 қыркүйек – Жастар спорт сарайында Темір Сыпатайдың «Спорттағы табандылық феномені» тақырыбында тренинг ұйымдастырылды. Бұл кездесуге 431 студент қатысты. Темір Спитай спорттың адам өміріндегі маңызы мен табандылықты дамыту туралы өз тәжірибесімен бөлісті.

2 қазан – Жетісу жастар ғимаратында Бауыржан Таубаевтың «Жастардың цифрлық білім алу мәдениеті» тақырыбындағы кездесуі өтті. 58 студент цифрлық білім алудың маңыздылығын түсініп, өз бетінше білім алу дағдыларын жетілдірді.

6 қазан – Жетісу жастар ғимаратында Асқарджан Іңкәрдің «Impact maker: өзгеріс әкелетін идеялар фабрикасы» тақырыбында тренинг өтті. Бұл кездесуге 50 студент қатысып, әлеуметтік өзгерістерге әсер ететін жобалар мен идеяларды қалыптастыру туралы білім алды.

8 қазан – Жетісу жастар ғимаратында Қызайбай Ақеркенің «Болашақ көшбасшының ДНҚ-сы» тақырыбындағы тренинг өтті. Бұл оқытуға 59 студент қатысып, көшбасшы болудың негіздеріне терең үңілді.

9 қазан – Жетісу жастар ғимаратында Әнуар Қошқарбаевтың «Идеяны шабытқа айналдыру өнері» тақырыбындағы тренинг ұйымдастырылды. Кездесуге 55 студент қатысты, олар идеяларды шығармашылық тұрғыда дамыту және оларды жүзеге асыру жолдарын талқылады.

22 қазан – Сарқан политехникалық колледжінде Ақжол Алғатайұлының «Teach less — learn more: Сингапур моделі және жобалық оқыту жолдары» тақырыбында тренинг өтті. Бұл тренингке 50 студент қатысып, Сингапурдағы білім беру тәжірибесімен танысты.

22 қазан – Сарқан көпсалалы колледжінде Ақжол Алғатайұлының «Teach less — learn more: Сингапур моделі және жобалық оқыту жолдары» тақырыбында тағы бір тренинг ұйымдастырылды. Бұл кездесуге 83 студент қатысты.

30 қазан – Жетісу құрылыс техникалық колледжінде Әкежан Кеңесовтың «Digital voice: Цифрлық дәуірдегі көшбасшының имиджі» тақырыбында тренинг өтті. 85 студент көшбасшының цифрлық имиджін қалыптастырудың негіздерін түсінді.

30 қазан – Жетісу Жастары, Қонаев 47, конференция залында Әкежан Кеңесовтың «Digital voice: Цифрлық дәуірдегі көшбасшының имиджі» тақырыбындағы тренинг ұйымдастырылды. Бұл кездесуге 106 студент қатысты, олар цифрлық көшбасшылық имиджін қалыптастыру мен басқару тақырыптарын кеңінен талқылады.

Жалпы 10 кездесуде 1031 студент көшбасшылық, басқару, жобалық менеджмент бойынша «Leader Zhetisu» оқыту тренингтеріне қатысты. Тренингтер жастардың көшбасшылық қабілетін арттырып, басқарушылық дағдыларын дамытуға, сондай-ақ әлеуметтік және экологиялық жобаларды жүзеге асыруға қабілетті көшбасшыларды қалыптастыруға ықпал етті.

Бағдарлама аясында ұйымдастырылған тренингтер мен шеберлік сабақтары студенттердің көшбасшылық, стратегиялық ойлау, командамен жұмыс, коммуникация дағдыларын дамытуға мүмкіндік берді. Әрбір кездесуде жастар практикалық тапсырмалар орындап, бизнес-симуляциялар мен коучинг сессияларына қатысып, нақты әлеуметтік мәселелерді шешуге бағытталған жобалар құрастыруды үйренді.

Тренингке қатысушылар арасында жүргізілген қанағаттану сауалнамасының нәтижесі бойынша қанағаттану деңгейі 93.6% құрады. Бұл көрсеткіш оқыту бағдарламасының тиімділігін және қатысушылардың жоғары қызығушылығын айқындайды.

«Leader Zhetisu» бағдарламасы Жетісу облысының студенттерінің әлеуметтік белсенділігін арттырып, аймақтағы кадрлық әлеуетті күшейтуге үлкен үлес қосып, өңірдегі жаңа буын көшбасшыларын қалыптастыруға ықпал етті.

Іс-шаралардың ашықтығын қамтамасыз ету мақсатында фото және видео материалдар түсіріліп, іс-шара туралы ақпарат әлеуметтік желіде жарияланды.

1. https://www.instagram.com/reel/DPD3B8iDUiI/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRIODBiNWFIZA==
2. <https://t.me/astanaajastary/24>
3. https://www.tiktok.com/@qsa_jetisu/video/7577760280885710092?is_from_webapp=1&sender_device=pc&web_id=7532438861310625336
4. https://www.instagram.com/reel/DPD6-PaDdwa/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRIODBiNWFIZA==
5. <https://t.me/astanaajastary/25>
6. https://www.tiktok.com/@qsa_jetisu/video/7578135815205784844?is_from_webapp=1&sender_device=pc&web_id=7532438861310625336
7. https://www.instagram.com/p/DQdvRanjYdN/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRIODBiNWFIZA==
8. <https://t.me/astanaajastary/46>
9. https://www.instagram.com/reel/DQdvUhbDRSe/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRIODBiNWFIZA==
10. <https://t.me/astanaajastary/30>
11. https://www.tiktok.com/@qsa_jetisu/video/7577761165489556747?is_from_webapp=1&sender_device=pc&web_id=7532438861310625336
12. <https://t.me/astanaajastary/37>
13. https://www.tiktok.com/@qsa_jetisu/video/7578125529690311947?is_from_webapp=1&sender_device=pc&web_id=7532438861310625336
14. https://www.instagram.com/reel/DPj4oOyCBCf/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRIODBiNWFIZA%3D%3D
15. <https://t.me/astanaajastary/38>
16. https://www.tiktok.com/@qsa_jetisu/video/7578126461870083339?is_from_webapp=1&sender_device=pc&web_id=7532438861310625336

17. www.instagram.com/reel/DRo0ICjDc62/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=NTc4MTIwNjQ2YQ==
18. <https://t.me/astanaajastary/42>
19. https://www.tiktok.com/@qsa_jetisu/video/7578137619867929868?is_from_webapp=1&sender_device=pc&web_id=7532438861310625336
20. https://www.instagram.com/reel/DRoz-yhDaCK/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=NTc4MTIwNjQ2YQ==
21. https://www.tiktok.com/@qsa_jetisu/video/7578125435398130956?is_from_webapp=1&sender_device=pc&web_id=7532438861310625336
22. <https://t.me/astanaajastary/41>
23. https://www.instagram.com/reel/DRozyHvDSS3/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=NTc4MTIwNjQ2YQ==
24. <https://t.me/astanaajastary/40>
25. https://www.tiktok.com/@qsa_jetisu/video/757812535534273848?is_from_webapp=1&sender_device=pc&web_id=7532438861310625336
26. https://www.instagram.com/reel/DRBx7vCjAOz/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRIODBiNWFIZA==
27. <https://t.me/astanaajastary/32>

2-міндет. ЖОО мен колледждерде студенттік кеңестердің тиімді құрылымдарын қалыптастыру

№ 1 іс-шара. Жетісу облысындағы жоғары оқу орындары мен колледждерде кемінде 20 студенттік кеңес құру

Жоба аясында Жетісу облысындағы ЖОО мен колледждерде студенттердің өзін-өзі басқару жүйесін дамыту мақсатында қыркүйек-қараша 20 жаңа студенттік кеңес құрылып 218 студент кеңес құрамына енді, олардың әрқайсысына қажетті нормативтік және әдістемелік құжаттар әзірленіп берілді. Атап айтқанда, барлық білім беру ұйымдарына Студенттік кеңестің ішкі регламенті, жарғысы, сондай-ақ кеңестің жұмысын жүйелі ұйымдастыруға арналған «Студенттік кеңес туралы әдістемелік құрал» дайындалып, ұсынылды. Әр оқу орнының кеңесі Instagram, Telegram және TikTok әлеуметтік желілерінде жеке парақшаларын ашып, студенттік өзін-өзі басқару бағытын тұрақты түрде насихаттап отырды. Нәтижесінде, өңірде студенттік өзін-өзі басқарудың бірыңғай моделі қалыптасып, студенттердің бастамашылдығын арттыруға жағдай жасалды.

Құрылған студенттік кеңестер тізімі:

1. Zhansugurov College – 21 студенттен құралған студенттік кеңес
2. Сарқан көпсалалы колледжі (Сарқан) – 12 студент
3. Талдықорған Авиценна медициналық колледжі – 8 студент
4. Талдықорған жоғары аграрлық-технологиялық колледжі – 21 студент
5. Талдықорған заң колледжі – 13 студент
6. Талдықорған гуманитарлы-техникалық колледжі – 6 студент
7. Қ.Байсеитов атындағы Талдықорған саз колледжі – 7 студент
8. Талдықорған жоғарғы медициналық колледжі – 14 студент
9. Талдықорған сервис және технология колледжі – 6 студент
10. Талдықорған өнеркәсіптік индустрия және жаңа технологиялар колледжі – 15 студент
11. Жетісу құрылыс-техникалық колледжі – 6 студент

12. Талдықорған инновация колледжі – 15 студент
13. Үшкемпіров атындағы спорт-мектеп-интернат-колледжі – 6 студент
14. Текелі кәсіптік колледжі (Текелі) – 8 студент
15. Көксу политехникалық колледжі (Көксу) – 7 студент
16. Сарқан политехникалық колледжі (Сарқан) – 21 студент
17. І.Жансүгіров атындағы Жетісу университеті – 5 студент
18. Бастөбе сервистік-техникалық колледжі – 6 студент
19. Көксу ауылшаруашылық колледжі – 15 студент
20. Үштөбе қаласының гуманитарлық колледжі – 6 студент

Жалпы алғанда, құрылып жұмысын бастаған студенттік кеңестер өңірдің барлық негізгі білім беру ұйымдарын қамтып, жастардың белсенділігін арттыруға, бастамаларды тиімді үйлестіруге және студенттік өзін-өзі басқару жүйесін институционалдық тұрғыда нығайтуға айтарлықтай үлес қосты.

Іс-шаралардың ашықтығын қамтамасыз ету мақсатында фото және видео материалдар түсіріліп, іс-шара туралы ақпарат әлеуметтік желіде жарияланды.

1. https://www.instagram.com/reel/DRluhxgDIWU/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRIODBiNWFIZA==
2. https://www.tiktok.com/@qsa_jetisu/video/7578125490007903500?is_from_webapp=1&sender_device=pc&web_id=7532438861310625336
3. <https://t.me/astanaajastary/35>

№ 2 іс-шара. Университеттер, колледждердің өзін-өзі басқару органдарының көшбасшыларын сайлау процесін ұйымдастыру және өткізу

Жетісу облысындағы жоғары оқу орындары мен колледждерде студенттік өзін-өзі басқару органдарының көшбасшыларын сайлау процесі жоспарға сәйкес жоғары деңгейде ұйымдастырылып, ашықтық, әділдік және айқындық қағидаттары толық сақталды. Сайлауды бастамас бұрын өңірдегі барлық білім беру ұйымдарының толық тізімі жасалып, әр оқу орнына сайлау өткізу тәртібін реттейтін арнайы нұсқаулық, талаптар, кезеңдер мен мерзімдері көрсетілген регламент әзірленіп жолданды. Бұл құжаттар студенттер мен әкімшілікке сайлау процесін біріздендіріп, барлық жерде бірдей сапада өткізуге мүмкіндік берді.

Сайлау науқанының алдында ақпараттық-түсіндіру жұмыстары жүйелі жүргізілді. Студенттерге өзін-өзі басқару органдарының рөлі, студенттік кеңестің өкілеттіктері, көшбасшылардың жауапкершілігі және жастар саясаты саласындағы маңызы кеңінен түсіндірілді. Әр оқу орнында түсіндіру кездесулері, ашық әңгімелер, бейнероликтер және әлеуметтік желілердегі ақпараттық посттар арқылы сайлауға қатысу белсенділігі арттырылды.

Дауыс беру екі форматта ұйымдастырылды:

- қағаз бюллетеньдер арқылы офлайн дауыс беру,
- цифрлық платформалар арқылы онлайн дауыс беру.

Бұл тәсіл студенттердің қолжетімділігін қамтамасыз етіп, қатысу көрсеткішін едәуір арттырды. Сайлау күні дауыс беру учаскелері белгіленіп, бақылаушылар жұмысы ұйымдастырылып, барлық процестің әділ өтуі қадағаланды.

Әр оқу орнында сайлау нәтижелері арнайы хаттама арқылы рәсімделіп, хаттамаларда дауыс саны, кандидаттардың тізімі, жеңімпаздар және сайлау комиссиясы мүшелерінің қолдары көрсетілді. Хаттамалар студенттерге ашық түрде таныстырылып, Instagram, Telegram және TikTok әлеуметтік желілерінде жарияланды. Бұл шара процесс ашықтығын қамтамасыз етіп, студенттік қауымдастықтың сенімін арттырды.

Жеңімпаз студенттер ресми түрде сайланғаннан кейін тиісті оқу орындарының қолдауымен өз қызметіне кірісті. Олар үшін бағыт-бағдар беретін құжаттар – ішкі регламент, жарғы, жоспарлау үлгілері мен әдістемелік құралдар – толық әзірленіп берілді.

Нәтижесінде:

- Жетісу облысында студенттердің басқару процесіне қатысу мүмкіндігі айтарлықтай кеңейді;
- студенттік өзін-өзі басқару құрылымдары жаңа деңгейде жаңғыртылды;
- сайланған көшбасшылар оқу орындарында студенттердің мүдделерін мен бастамаларды қолдау және тиімді коммуникация орнату бағытында нақты жұмыстарды бастады;
- жастардың азаматтық белсенділігі күшейіп, өзін-өзі басқару мәдениеті қалыптасты.

Бұл іс-шара өңірдегі білім беру ұйымдарында демократиялық басқару жүйесін нығайтып, студенттердің көшбасшылық дағдыларын дамытуға зор серпін берді.

Іс-шаралардың ашықтығын қамтамасыз ету мақсатында фото және видео материалдар түсіріліп, іс-шара туралы ақпарат әлеуметтік желіде жарияланды.

1. https://www.instagram.com/p/DQ6AcJODTqE/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=NTc4MTIwNjQ2YQ==
2. <https://t.me/astanaajastary/50>
3. <https://vm.tiktok.com/ZMAE1E3UG/>

№ 3-іс-шара. Студенттік кеңестерге консультативтік және ұйымдастырушылық көмек көрсету

Жетісу облысындағы оқу орындарында құрылған студенттік кеңестерге консультативтік және ұйымдастырушылық қолдау көрсету жүйелі әрі тұрақты түрде жүзеге асырылды. Кеңес мүшелеріне өзін-өзі басқару құрылымын дұрыс қалыптастыру, тиімді жұмыс жүйесін ұйымдастыру және студенттік бастамаларды кәсіби деңгейде жүзеге асыру үшін қажетті барлық бағыттар бойынша практикалық көмек көрсетілді.

Атап айтқанда, студенттік кеңестерге:

- ұйымдастырушылық құрылымды қалыптастыру;
- ішкі ережелер, регламент және жылдық жұмыс жоспарларын әзірлеу;
- жиналыстарды өткізу тәртібі мен күн тәртібін жоспарлау;
- шешім қабылдау рәсімдерін дұрыс жүргізу;
- оқу орны әкімшілігімен, бөлімдермен және жастар ресурстық орталықтарымен тиімді байланыс орнату бойынша нақты әдістемелік әрі практикалық қолдау көрсетілді.

Бағыттағы негізгі менторлық міндетті Жетісу облысының студенттік омбудсмені Қызайбай Акерке атқарды. Ол әр оқу орнының студенттік кеңесімен жеке кездесулер ұйымдастырып, жеке студенттерге де атаулы консультациялар берді. Кеңестердің тиімділігі үшін Қонаев көшесі, 47 мекен-жайында облыстық студенттер кеңесі ашылып, студенттер кез келген уақытта келіп, ментордан консультативтік, ұйымдастырушылық немесе құқықтық сипаттағы кеңестер ала алды. Барлық қабылдаулар, сұрақтар және берілген нұсқаулықтар арнайы «Кеңес журналына» тіркеліп отырды.

Жоба кезеңінде барлығы 23 кеңестік консультация өткізілді. Оның ішінде офлайн форматтағы жеке қабылдаулар, топтық кездесулер, кеңес мүшелерімен бірлескен жоспарлау сессиялары және онлайн форматтағы қашықтан кеңес беру жұмыстары қамтылды. Әр консультация студенттік кеңестердің қызметін күшейтуге, олардың өзара әрекеттесу деңгейін арттыруға және әр оқу орнында өзін-өзі басқару жүйесінің институционалдық тұрғыда нығаюына ықпал етті.

Нәтижесінде, студенттік кеңестердің басқарушылық дағдылары айтарлықтай жақсарды, кеңес мүшелері стратегиялық жоспарлауды, күнделікті ұйымдастырушылық міндеттерді және студенттердің мүддесін қорғау процесін кәсіби деңгейде жүргете бастады. Бұл өз кезегінде оқу орындарындағы студенттік өзін-өзі басқару мәдениетінің жаңа деңгейге көтерілуіне мүмкіндік берді.

Іс-шаралардың ашықтығын қамтамасыз ету мақсатында фото және видео материалдар түсіріліп, іс-шара туралы ақпарат әлеуметтік желіде жарияланды.

1. https://www.instagram.com/reel/DRo-OtD0000/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=NTc4MTIwNjQ2YQ==
2. <https://t.me/astanaajastary/45>
3. https://www.tiktok.com/@qsa_jetisu/video/7578137706669165836?is_from_webapp=1&sender_device=pc&web_id=7532438861310625336

3-міндет. Студенттік бастамалар мен жобаларды қолдау

№ 1 іс-шара. Жетісу облысының 8 ауданы мен 2 қаласының әрқайсысында кемінде бір шара (интеллектуалды ойын, байқау, квест және т.б.) ұйымдастыру және өткізу

2025 жылғы қазан-желтоқсан айларында Жетісу облысының әр ауданында және қалаларында интеллектуалды ойындар мен дебат ойындары ұйымдастырылды. Барлық ұйымдастырылған 10 іс-шара бойынша 337 адам қамтылды. Бұл шаралар жастардың зияткерлік деңгейін арттыру, командалық жұмысты дамыту, шығармашылық ойлау қабілеттерін жетілдіру мақсатында өткізілді. Қатысушылар белсенділік танытып, өздерінің үздік көрсеткіштерін көрсетті.

Талдықорған қаласында 2025 жылғы 19-21 қазан аралығында 50 студенттің қатысуымен дебат ойыны өтті. Қатысушылар өздерінің ораторлық шеберліктерін танытып, қоғамдағы маңызды мәселелер бойынша пікірталастар жүргізді. Жеңімпаздар ретінде «Ақиқат» командасы 1 орынды жеңіп алса, «Тәуелсіздік ұрпақтары» 2 орынды, «Болашақ» командасы 3 орынды иеленді. Барлық жеңімпаздар арнайы сыйлықтармен марапатталды.

Ақсу ауданында 2025 жылғы 29 қазан күні Ақсу агротехникалық колледжінде 30 студенттің қатысуымен интеллектуалды ойын ұйымдастырылды. Бұл ойында «Айбар» командасы 1 орынға, «3-паштар» командасы 2 орынға, «Тропосфера» командасы 3 орынға ие болды.

Қатысушылар ойын барысында өздерінің зияткерлік дағдыларын көрсетіп, белсенді түрде қатысып, бағалы сыйлықтармен марапатталды. Шараның өтуі Instagram, Telegram және TikTok әлеуметтік желілерінде жарияланып, қатысушылардың белсенділігі туралы ақпараттар таратылды.

Алакөл ауданының интеллектуалды ойыны 28 қазан күні Алакөл көпсалалы колледжінде өтті. 30 студент қатысқан бұл ойында «Рух» командасы 1 орынға, «Дәстүр» командасы 2 орынға, ал «Ұлт» командасы 3 орынға ие болды. Шара жастардың ұлттық құндылықтар мен тарихқа деген қызығушылығын арттырды. Ойын қорытындысы әлеуметтік желілерде жарияланып, жастардың ұлттық мәдениетке деген сүйіспеншілігі мен қызығушылығы тағы да артты.

Ескелді ауданының интеллектуалды ойыны 24 қазан күні өтті. Бұл шарада 47 студент өз білімдері мен дағдыларын сынады. Нәтижесінде «Шабыт» командасы 1 орынға, «Аспан жұлдыздары» 2 орынға, «Талаптылар» 3 орынға ие болды. Қатысушылар өзара пікір алмасып, жаңа білімдермен байиды. Бұл шара әлеуметтік желілерде кеңінен таратылып, жастардың интеллектуалдық дамуына зор ықпал етті.

2025 жылғы 6 қараша күні Көксу политехникалық колледжінде 30 студенттің қатысуымен интеллектуалды ойын ұйымдастырылды. «Болашақ» командасы 1 орынға, «Армандар орындалады» командасы 2 орынға, «Қыран» командасы 3 орынға ие болды. Бұл ойын студенттер арасында логикалық ойлау мен зияткерлік қабілеттерді дамытуға бағытталды. Шараның нәтижелері әлеуметтік желілерде жарияланып, қатысушылар мен жеңімпаздар туралы ақпарат таралды.

Қаратал ауданының интеллектуалды ойыны 2025 жылғы 24 қазан күні Үштөбе қаласының гуманитарлық колледжінде өтті. Ойынға 30 студент қатысты. «Қаратал қырандары» командасы 1 орынға, «Үштөбе жастары» 2 орынға, «Болашақ» командасы 3 орынға ие болды. Бұл шара жастардың интеллектуалды дамуына және шығармашылық қабілеттерін дамытуға көмектесті. Сонымен қатар, жеңімпаздар арнайы марапаттармен және сыйлықтармен марапатталды.

Кербұлақ ауданының интеллектуалды ойыны 2025 жылғы 22 қыркүйек күні Сарыөзек орта мектебінде өтті. 30 студент қатысқан бұл ойынның нәтижесінде «Алаулар» командасы 1 орынға, «Бүркіт» командасы 2 орынға, ал «Қыран» командасы 3 орынға ие болды. Шара барысында жастар өз білімдерін көрсетіп, белсенді қатысып, интеллектуалдық деңгейін арттырды. Ойын қорытындысы әлеуметтік желілерде жарияланып, шараның танымалдылығы артты.

Панфилов ауданында 2025 жылғы 28 қазан күні Голобацкий орта мектебінде 30 студенттің қатысуымен интеллектуалды ойын өтті. «Жасқанат» командасы 1 орынға, «Бүркіт» командасы 2 орынға, «Вундеркинг» командасы 3 орынға ие болды. Шарада қатысушылар өздерінің білімдерін, логикалық ойлау қабілеттерін сынап, үздік нәтиже көрсетті. Бұл шара да әлеуметтік желілерде жарияланып, қатысушылар мен жеңімпаздар туралы ақпараттар таралды.

2025 жылғы 17 қазан күні Сарқан политехникалық колледжінде 50 студенттің қатысуымен интеллектуалды ойын ұйымдастырылды. Ойынның нәтижесінде «Vibe girl» командасы 1 орынға, «IQ power» командасы 2 орынға, ал «Алау» командасы 3 орынға ие болды. Бұл шара жастардың интеллектуалды дамуына оң ықпал етіп, олардың зияткерлік әлеуетін арттыруға мүмкіндік берді. Сонымен қатар, шараның қорытындысы әлеуметтік желілерде жарияланды.

2025 жылғы 13 қараша күні Текелі жастары ғимаратында квест ойыны өтті. Шараға 10 команда қатысып, 3 команда жүлделі орын алды. Жалпы шараға 30 жас қатыстырылды.

Барлық жеңімпаздар бағалы сыйлықтармен, кітаптармен және үстел ойындарымен марапатталды. Әлеуметтік желілерде әр шараның жарияланымы жасалып, бұл шаралардың танымалдылығы мен жастар арасындағы қызығушылығын арттыруға ықпал етті. Instagram, Telegram

және TikTok платформаларында әр шараның өткізілуі туралы ақпараттар жарияланып, қатысушылардың белсенділігі мен іс-шаралардың қызықты әрі пайдалы өткендігі туралы материалдар таратылды.

Іс-шаралардың ашықтығын қамтамасыз ету мақсатында фото және видео материалдар түсіріліп, іс-шара туралы ақпарат әлеуметтік желіде жарияланды.

https://www.instagram.com/p/DP3hANdDfFF/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRIODBiNWFIZA==

<https://t.me/astanaajastary/26>

https://www.instagram.com/reel/DQBeiU8jlfZ/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRIODBiNWFIZA==

<https://t.me/astanaajastary/27>

https://www.tiktok.com/@qsa_jetisu/video/7577761189908860172?is_from_webapp=1&sender_device=pc&web_id=7532438861310625336

https://www.instagram.com/reel/DQWgybUiK7f/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRIODBiNWFIZA==

https://www.instagram.com/reel/DQZKu-DiKSY/?utm_source=ig_web_copy_link

<https://t.me/astanaajastary/29>

https://www.instagram.com/reel/DQoyFI9Ah8H/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRIODBiNWFIZA==

https://www.tiktok.com/@qsa_jetisu/video/7577761189908860172?is_from_webapp=1&sender_device=pc&web_id=7532438861310625336

https://www.instagram.com/reel/DQtjZKeDVt8/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRIODBiNWFIZA==

https://www.tiktok.com/@qsa_jetisu/video/7577761231575076152?is_from_webapp=1&sender_device=pc&web_id=7532438861310625336

<https://t.me/astanaajastary/31>

https://www.instagram.com/p/DQVzpKTDOZX/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=NTc4MTIwNjQ2YQ==

<https://t.me/astanaajastary/49>

https://www.tiktok.com/@qsa_jetisu/video/7578162578128522507?is_from_webapp=1&sender_device=pc&web_id=7532438861310625336

https://www.instagram.com/reel/DQXJ_5WAnGJ/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=NTc4MTIwNjQ2YQ==

https://www.tiktok.com/@qsa_jetisu/video/7578162467088452876?is_from_webapp=1&sender_device=pc&web_id=7532438861310625336

https://t.me/astanaajastary/47https://www.instagram.com/reel/DRh-detjqKu/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRIODBiNWFIZA==

<https://t.me/astanaajastary/34>

https://www.tiktok.com/@qsa_jetisu/video/7577761636069428491?is_from_webapp=1&sender_device=pc&web_id=7532438861310625336

№ 2 іс-шара. Оқу орындарының жалаулары мен символикасын қамтитын парад пен фестиваль ұйымдастыру

2025 жылғы 26 қыркүйекте «Stud Fair» парад-фестивалі Талдықорған қаласында, Жетісу Жастар ғимаратында өтті. Бұл іс-шараға 20 оқу орнының 110 студенті қатысты. «Stud Fair» студенттердің шығармашылық қабілеттерін, ұлттық және халықаралық білім мекемелерінің жалаулары мен символикасын таныстыруға арналған ұмытылмас шара болды. Парадтың негізгі мақсаты студенттердің бірегейлігін, оқу орындарының мақтанышын көрсету және жастарды ынтымақтастыққа, мәдени алмасуға шақыру еді.

Шараның бағдарламасы бойынша студенттер мен топтар өз өнерлерін көрсетті. Әр оқу орны өздерінің жалауларымен және символикасымен ерекше көзге түсті. Фестивальде ән мен би, театралды қойылымдар, жас таланттардың өнері мен мәдени бағдарлама ұсынылды.

Студенттер өз өнерлерін ортаға салып, көпшілікті таң қалдырды. Әрбір қатысушы оқу орны өздерінің шығармашылық қабілеттерін, дәстүрлерін, мәдениетін таныту мүмкіндігіне ие болды.

Іс-шараның қорытындысы бойынша баспасөз релизі таралды, ал БАҚ пен әлеуметтік желілерде фестиваль туралы ақпараттар жарияланды. Сайтта және Instagram платформасында шараның барлық маңызды сәттері көрсетіліп, көптеген студенттер мен қонақтардың қызығушылығын тудырды.

Қатысушы оқу орындары:

1. І.Жансүгіров атындағы Жетісу университеті
2. Zhansugurov College
3. Талдықорған жоғары политехникалық колледжі
4. Талдықорған Авиценна медициналық колледжі
5. Талдықорған жоғары аграрлықтехнологиялық колледжі
6. Талдықорған заң колледжі
7. Талдықорған гуманитарлы-техникалық колледжі
8. К.Байсеитов атындағы Талдықорған саз колледжі
9. Талдықорған жоғарғы медициналық колледж
10. Талдықорған сервис және технология колледжі
11. Талдықорған өнеркәсіптік индустрия және жаңа технологиялар колледжі
12. Жетісу құрылыс-техникалық колледжі
13. Талдықорған инновация колледжі
14. Үшкөмпіров атындағы спорт-мектеп-интернат-колледжі
15. Текелі кәсіптік колледжі
16. Көксу политехникалық колледжі
17. Талдықорған қаласының инновация колледжі
18. Тоқжайлау көпсалалы колледжі
19. Жаркент жоғары педагогикалық колледжі
20. Жаркент көпсалалы колледжі

Барлық қатысушы оқу орындары өз жалауларымен, символикасымен және арнайы киімдерімен сәнденіп, шараның жалпы көркін арттырды. Парадтың барысында студенттер өздерінің оқу орындарына тән ерекшеліктер мен құндылықтарды көрсетуге тырысты. Бұл шара жастардың ынтымақтастығын нығайтуға, бір-біріне деген құрметті арттыруға және оқу орындарының танымалдылығын көтеруге ықпал етті.

Іс-шаралардың ашықтығын қамтамасыз ету мақсатында фото және видео материалдар түсіріліп, іс-шара туралы ақпарат әлеуметтік желіде жарияланды.

https://www.instagram.com/reel/DPEvXM9jB94/?utm_source=ig_web_copy_link

<https://t.me/astanaajastary/39>

https://www.tiktok.com/@qsa_jetisu/video/7577760475820166456?is_from_webapp=1&sender_device=pc&web_id=7532438861310625336

https://www.tiktok.com/@qsa_jetisu/video/7577760835213397260?is_from_webapp=1&sender_device=pc&web_id=7532438861310625336

БАҚ:

1. <https://vestnik19.kz/news/obshestvo/slet-aktivnoi-molodezhi-studunion-organizovali-v-zhetisu-55809/>
2. <https://kazalem.kz/?p=1607>

4 міндет. Өңірлік деңгейде бірлескен іс-шаралар ұйымдастыру

№ 1 іс-шара. Кемінде 30 студентке арналған жазғы лагерь ұйымдастыру

2025 жылғы 19-21 тамыз аралығында Сарқан қаласы, Аманбөктер ауылында «Zhailau FEST» фестивалі аясында 50 студенттің қатысуымен 3 күндік лагерь өтті. Лагерь аясында панельдік сессиялар, пікірталас алаңдары, жобалық сессиялар мен шығармашылық элементтер қамтылды. Әрбір сессия студенттерге заманауи мәселелерді талқылауға, өз ойларын ашық жеткізуге және креативті жобалар ұсынуға мүмкіндік берді.

Сонымен қатар, қатысушылар үшін арнайы марапаттау рәсімі ұйымдастырылып, үздік жобалар мен белсенді қатысушылар арнайы сыйлықтармен марапатталды.

1-күн (19 тамыз):

Қатысушылар Талдықорған қаласынан арнайы автобуспен Аманбөктер ауылына келіп, лагерьдің ашылу рәсіміне қатысты. Ресми ашылудан кейін, студенттер үшін шеберлік сабақтары ұйымдастырылды. Шеберлік сабақтарында ағаш ұсталығы, киіз үй тігу, ат үстіндегі өнер сияқты ұлттық қолөнер салаларымен танысу мүмкіндігі болды. Сонымен қатар, қазақ халқының ұлттық ойындары ретінде бес тас, арқан тарту, қазақ күресі, қол күрес ойындары өтті, бұл студенттерге ұлттық мәдениет пен дәстүрлерді тереңірек түсінуге көмектесті. Ашылу салтанатына және панельдік сессияға «Jetisu jastary» КММ-нің директоры Ванкеев Шамиль Дүйсенғазыұлы қатысып, жастарға қолдау білдіріп, шараның маңыздылығын атап өтті.

2-күн (20 тамыз):

Екінші күн панельдік сессиялар мен пікірталас алаңдарына арналды. Қатысушылар заманауи мәселелерді талқылап, өз ойларын ашық жеткізуге мүмкіндік алды. Әсіресе, жобалық сессиялар мен шығармашылық элементтер арқылы студенттер креативті жобаларын ұсынды және әртүрлі салалардағы идеяларын жүзеге асыру жолдарын талқылады. Қатысушылар өзара тәжірибе алмасып, жаңа білімдермен баииды.

3-күн (21 тамыз):

Лагерьдің үшінші күні интеллектуалды ойындар мен экскурсия ұйымдастырылды. Интеллектуалды ойындар арқылы студенттер өз білімдері мен логикалық ойлау қабілеттерін сынап, белсенді қатысушылар ынталандыру сыйлықтарымен марапатталды. Ал экскурсия кезінде қатысушылар Аманбөктер ауылындағы тарихи және мәдени орындарды аралап, ауылдың тарихымен танысты. Бұл күн соңында лагерьдің қорытындысы бойынша марапаттау рәсімі өткізіліп, ең белсенді қатысушылар мен үздік жобалар анықталды.

Лагерь барысында студенттер ауылдың тіршілігімен танысып, Аманбөктер ауылының мәдениеті мен тарихын тереңірек зерттеді. Олар ауылшаруашылық еңбек түрлерімен, ауыл тұрғындарының күнделікті өмірімен танысып, ауылға тән дәстүрлер мен ерекшеліктерді меңгерді. Сонымен қатар, ауылдың табиғи байлықтарын зерттеу, ауыл тұрғындарымен бірге еңбек ету, жергілікті қолөнермен танысу сияқты шаралар

ұйымдастырылды. Бұл тәжірибе студенттер үшін өте пайдалы болды, себебі олар тек теориялық білімдерін ғана емес, нақты тәжірибелер мен дағдыларды да алды.

Шараның ұйымдастырылу деңгейі жоғары болды. Лагерьдің әр кезеңі туралы ақпарат әлеуметтік желілерде белсенді түрде жарияланды. Instagram, Telegram және TikTok платформаларында лагерьдің әрқайсысында 1 жарияланым жасалып, шараның барлық маңызды сәттері көрермендермен бөлісілді. Сонымен қатар, фото және бейнемазмұн түсіріліп, қатысушылардың белсенділігі мен лагерьдің әр сәті көрермендерге ұсынылды.

Лагерь қатысушылары арасында сауалнама жүргізіліп, оның нәтижесінде 94% пайызы тіркелгенін және шараның өте қызықты әрі пайдалы өткенін айтты. Студенттер ұйымдастырылған іс-шаралардың жоғары деңгейін, жаңа білім алу мүмкіндіктерін және ауыл өміріне етене араласудың құнды тәжірибелерін ерекше атап өтті.

Бұл лагерь өңірдің дамуына және жастар арасындағы азаматтық белсенділікті арттыруға үлкен үлес қосып, студенттерге жаңа дағдыларды меңгеруге және ауылдық жерлермен танысуға мүмкіндік берді.

Іс-шаралардың ашықтығын қамтамасыз ету мақсатында фото және видео материалдар түсіріліп, іс-шара туралы ақпарат әлеуметтік желіде жарияланды.

https://www.instagram.com/p/DNfLAeNiHeL/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRIODBiNWFIZA==

<https://t.me/astanaajastary/16> https://www.instagram.com/reel/DNjMtuvMHgb/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRIODBiNWFIZA==

<https://t.me/astanaajastary/18>

https://www.tiktok.com/@qsa_jetisu/video/7577760242642029835?is_from_webapp=1&sender_device=pc&web_id=7532438861310625336

<https://t.me/astanaajastary/19>

https://www.instagram.com/reel/DNIRFIXscEj/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRIODBiNWFIZA==

https://www.tiktok.com/@qsa_jetisu/video/7577760070629330232?is_from_webapp=1&sender_device=pc&web_id=7532438861310625336

https://www.instagram.com/p/DNkmXF0tN3U/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRIODBiNWFIZA==

https://www.instagram.com/p/DNkmXF0tN3U/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRIODBiNWFIZA==

https://www.instagram.com/p/DO0cIpKDbkU/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRIODBiNWFIZA==

<https://t.me/astanaajastary/21>

№ 2 іс-шара. Өзін-өзі басқару көшбасшыларының слетін өткізу және студенттік кеңестердің белсенді мүшелерін марапаттау

2025 жылғы 27 қазан күні Талдықорған қаласындағы Жетісу Жастары ғимаратында студенттік өзін-өзі басқару көшбасшыларының слеті ұйымдастырылып, оған өңірдің жоғары оқу орындары мен колледждерінен келген 78 белсенді студент қатысты.

Іс-шараның негізгі мақсаты – әртүрлі оқу орындарының бастамашыл, көшбасшы жастарымен бірігіп, олардың азаматтық белсенділігін арттыру, көшбасшылық қабілеттерін дамыту, өзара тәжірибе алмасу мүмкіндігін кеңейту және студенттік өзін-өзі басқару жүйесін одан әрі нығайту болды. Шара (слет) барысында студенттер командалармен жұмыс істеу, қоғамдық жобаларды дамыту, жаңа серіктестік байланыстар орнату және ортақ бастамалар әзірлеу бағытында пікір алмасып, жаңа идеялармен бөлісті.

Іс-шараның спикерлері ретінде «Jetisu Jastary» КММ директоры Ванккеев Шамиль Дүйсенғазыұлы, Қазақстан Студенттер Альянсы РСҚ төрағасы, Республикалық студенттік омбудсмен Наукен Ұлан Аманқазыұлы және джиу-джитсудан халықаралық дәрежедегі спорт шеберлері, Азия және дүние жүзі чемпионаттарының екі дүркін жеңімпаздары Сарсенұлы Самат пен Сарсенұлы Санат шақырылды. Спикерлер студенттерге мотивациялық бағыт-бағдар беріп, тәжірибелерін бөлісті, көшбасшылыққа қатысты маңызды кеңестер айтты.

Шара (слет) аясында кофе-брейк ұйымдастырылып, қатысушылар еркін қарым-қатынас орнатып, жаңа таныстықтар құруға мүмкіндік алды. Бұдан кейін студенттер үшін І.Жансүгіров атындағы музейге танымдық экскурсия жүргізіліп, өңірдің мәдениеті мен тарихымен тереңірек танысуға жағдай жасалды. Сонымен қатар көшбасшылық, логика және командалық дағдыларды дамытуға бағытталған интеллектуалды ойындар өткізілді. Іс-шара соңында өңірдегі студенттік кеңестердің белсенді жұмысына үлес қосқан үздік 10 студент марапатталып, барлық қатысушылар естелік суретке түсті.

«StudUnion» көшбасшы студенттер слеті Жетісу облысындағы студенттік өзін-өзі басқару құрылымдарының дамуына тың серпін беріп, жастар арасындағы ынтымақтастық пен көшбасшылық мәдениетін нығайтуға зор үлес қосты.

https://www.instagram.com/p/DRh8RBgDcrb/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRIODBiNWF1ZA==

<https://t.me/astanaajastary/33>

https://www.instagram.com/reel/DRmDaLXDJ0C/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRIODBiNWF1ZA==

https://www.tiktok.com/@qsa_jetisu/video/7577761715178212664?is_from_webapp=1&sender_device=pc&web_id=7532438861310625336

№ 3 іс-шара. Студенттік кеңес мүшелері ұсынған кемінде 30 жоба немесе іс-шараны жүзеге асыруға қолдау көрсету

Жоба аясында Жетісу облысының студенттік кеңес мүшелері әзірлеген бастамаларды қолдау мақсатында өңір көлемінде бірқатар шаралар ұйымдастырылды. Бұл бағыт студенттердің әлеуметтік белсенділігін арттыруға, олардың шығармашылық әлеуетін дамытуға және бірлескен жобаларды жүзеге асыруға кең мүмкіндік берді.

Жыл бойы студенттердің ұсынысымен бірнеше жоба іске асырылып, әрқайсысына әдістемелік, ақпараттық және ұйымдастырушылық қолдау көрсетілді. 30 шараға барлығы 1 266 жас қатысты.

1 жоба. «QSA Party» мәдени-танымдық іс-шарасы болды. Ол 10 қазан 2025 жылы Жетісу Жастар ғимаратында өткізіліп, 86 студент қатысты. Жобаның мақсаты - студенттердің өзара қарым-қатынасын нығайту, жаңа таныстықтар орнату, командалық рухты арттыру және олардың шығармашылық белсенділігін дамыту. Кеш барысында түрлі ойындар, интерактивтер және еркін пікірталас алаңдары ұйымдастырылды. Іс-шара студенттер тарапынан жоғары қызығушылыққа ие болып, студенттік кеңестің бастамаларын қолдауды арттырды. Жобаның медиа-жарияланымдары әлеуметтік желілерде жарияланып, сілтемелері тіркелді.

2 жоба – «Мейірімділік эстафетасы». Ол 2 қазан 2025 жылы ұйымдастырылып, 9 ерікті қатысушыны қамтыды. Жоба жастар арасында қайырымдылық мәдениетін қалыптастыруға бағытталып, әлеуметтік жағдайы төмен азаматтарға көмек көрсету, қажетті заттар тарату сияқты игі істерді қамтыды. «Жақсылық жасау - жүректен» қағидатына сүйенген бұл іс-шара студенттердің әлеуметтік жауапкершілігін арттырып, олардың волонтерлікке деген қызығушылығын күшейтеді.

3-жоба. «25 қазан - Республика күніне орай салтанатты концерт» іс-шарасы 24.10.2025 күні Жетісу облысында ұйымдастырылып, 117 адам қатысты. Жобаның мақсаты - ұлттық рухты күшейту және жастарға патриоттық тәрбие беру. Шараға Жетісу облысының әкімі қатысып, үздік азаматтарға мемлекеттік марапаттар табыстады.

4-жоба. «100 кітап» жобасы 09.10.2025 күні Инновация колледжінде өткізіліп, 20 студент қатысты. Іс-шараның мақсаты - жастардың кітап оқуға деген қызығушылығын арттыру, оқу мәдениетін қалыптастыру және қазақ пен әлем әдебиетінің үздік туындыларын насихаттау. Шара барысында кітап көрмесі ұйымдастырылып, студенттер оқыған кітаптары бойынша шолу жасап, сүйікті шығармаларымен бөлісті. Сондай-ақ пікірталас алаңында әдебиетке қатысты ойлар талқыланып, жоба оқу мәдениетін дамытуды және тұрақты оқырмандар қауымдастығын қалыптастыруды көздеді.

5-жоба. «Қабырға жарнама емес – антиграффити» акциясы 19.11.2025 күні Талдықорған қаласында өткізіліп, 20 еріктіні қамтыды. Іс-шараның мақсаты – қала аумағындағы заңсыз жарнамалар мен есірткіге қатысты жасырын граффитилерді жою, қауіпсіз әрі қолайлы орта қалыптастыру және жастардың қоғамдық жауапкершілігін арттыру. Акция барысында еріктілер қала көшелерін аралап, зиянды мазмұндағы жазуларды өшіріп, олардың орнына салауатты өмір салтын насихаттайтын ақпараттық хабарламалар орналастырды. Жоба қаланың эстетикалық келбетін жақсартуға, әлеуметтік қауіпсіздікті нығайтуға және жастардың белсенді азаматтық ұстанымын қалыптастыруға ықпал етті.

6-жоба. «Жаңа Қазақстан - жаңа ойлау» интеллектуалды ойыны 26.11.2025 күні Қонаев 47 мекенжайында өткізіліп, 42 студенттің қатысуымен ұйымдастырылды. Іс-шараның мақсаты - жастардың саяси-мәдени сауаттылығын арттыру, «Жаңа Қазақстан» тұжырымдамасының құндылықтарын түсіндіру, сыни ойлау мен талдау қабілетін дамыту.

Ойын барысында қатысушылар реформалар, қоғамның даму бағыттары, ұлттық құндылықтар және инновациялық өзгерістер жөнінде сұрақтарға жауап беріп, бірнеше кезең бойынша логикалық тапсырмалар, викториналар және ситуациялық кейстерді шешті. Командалық форматта өткен ойын студенттердің пікір айту, талдау, бірлесіп шешім қабылдау дағдыларын нығайтып, үздік командалар марапатталды. Жоба жастардың интеллектуалдық белсенділігін көтеруге және заманауи ойлау мәдениетін қалыптастыруға серпін берді.

7-жоба. «Жақсылық жасап-жарысайық!» қайырымдылық акциясы 29.11.2025 күні Талдықорған қаласында өткізіліп, 11 студенттің қатысуымен жүзеге асырылды. Жобаның мақсаты – әлеуметтік жағдайы төмен және көпбалалы отбасыларға қолдау көрсету, жастар арасында мейірімділік, жанашырлық және әлеуметтік жауапкершілік мәдениетін қалыптастыру. Акция барысында студенттер бір отбасыға барып, азық-түлік себетін, тұрмыстық қажетті заттарды табыстап, балалармен жылы қарым-қатынас орнатты. Бұл іс-шара жастардың адамгершілік қасиеттерін тәрбиелеп, қоғамға пайдалы әрекет жасаудың маңызын сезінуге ықпал етіп, волонтерлік мәдениетті нығайтуға үлес қосты.

8-жоба. «Жайдарман» жастар ойыны 02.10.2025 күні Жетісу облысында өткізіліп, 112 қатысушыны қамтыды. Жобаның мақсаты – жастардың бос уақытын тиімді ұйымдастыру, оларды шығармашылыққа баулу және сахна мәдениетін үйрету. Іс-шара барысында Жетісу университетінің жігіттер командасы сахнаға шығып, әсерлі әрі қызықты ойын көрсетті. Студенттер жанкүйер ретінде қолдау білдіріп, команда іріктеуден сәтті өтті.

9-жоба. «Ардагер өсиеті» атты тағылымдық кездесу 29.07.2025 күні Жетісу облысында өткізіліп, 48 адам қатысты. Жобаның мақсаты – ардагерлерді құрметтеу, жастарды кішіпейілдікке, үлкенді сыйлауға тәрбиелеу және ұрпақтар сабақтастығын нығайту. Кездесу барысында ардагерлер тек тарихи оқиғаларды баяндап қана қоймай, жас буынға болашаққа бағыт беретін өсиеттерін айтып, өмірлік тәжірибелерімен бөлісті. Іс-шара жастардың рухани дамуында маңызды рөл атқарып, үлкенге құрмет көрсету мәдениетін қалыптастыруға ықпал етті.

10-жоба. «Жасанды интеллект дәуіріндегі Қазақстан» атты танымдық кездесу 22.10.2025 күні Қонаев 47 мекенжайында өткізіліп, 50 студенттің қатысуымен жүзеге асты. Іс-шараның мақсаты – жастарға AI технологияларының қазіргі даму бағыттарын, Қазақстандағы цифрландыру саясатын және болашақ мамандықтар жүйесіне әсерін түсіндіру, сондай-ақ технологиялық сауаттылық пен инновациялық ойлауды дамыту. Кездесу барысында шақырылған спикер жасанды интеллекттің әлемдік және ұлттық деңгейдегі қолданылуы, оның экономика, медицина, білім беру және қауіпсіздік салаларындағы рөлі туралы мазмұнды ақпарат берді. Қатысушылар AI этикасы, деректер қауіпсіздігі, мамандық трансформациясы және цифрлық дағдылардың маңызын талқылап, интерактивті сұрақ-жауап сессиясына қатысты. Жоба жастардың заманауи технологияларға бейімделуіне, инновациялық ойлауын қалыптастыруға және цифрлық болашаққа дайын болуына ықпал етті.

11-жоба. «Кел, танысайық!» таныстыру және бейімдеу тренингі 09.09.2025 күні Талдықорған жоғары медициналық колледжінде өтіп, 20 студентті қамтыды. Психолог жетекшілігінде өткізілген іс-шараның мақсаты – 1 курс студенттерінің танысуына, өзара қарым-қатынасты нығайтуына, жаңа ортаға тез бейімделуіне жағдай жасау болды. Тренинг барысында, интерактивті топтық тапсырмалар, командалық жұмысқа бағытталған жаттығулар ұйымдастырылып, студенттердің көңіл-күйін жақсарту және бір-бірін жақсырақ тану мүмкіндігі берілді. Жоба студенттердің психологиялық жай-күйін қолдап, топшілік ынтымақтастық пен достық атмосферасын орнатуға ықпал етті.

12-жоба. «Кибер турнир FC 26» атты киберспорт жарысы 26.11.2025 күні Қонаев 47 мекенжайында өткізіліп, 25 жас қатысты. Жобаның мақсаты – жастардың цифрлық мәдениетін дамыту, стратегиялық ойлау қабілетін арттыру, киберспортқа қызығушылығын қолдау және бос уақытын тиімді ұйымдастыру. Турнир барысында қатысушылар виртуалды футбол ойынында жеке және жұптық форматта бақ сынап, тактикалық ойлауын шыңдап, жаңа тәжірибе алды.

13-жоба. «Autumn Ball» атты күзгі мерекелік кеш 24.10.2025 күні Ғарышкер 220 мекенжайында ұйымдастырылып, 50 студенттің қатысуымен жоғары деңгейде өтті. Жобаның мақсаты – жатақханадағы студенттердің шығармашылық белсенділігін арттыру, достық қарым-қатынасты нығайту, бос уақытты тиімді ұйымдастыру және эстетикалық талғамын дамыту. Күзгі бал барысында қатысушылар сәнді образдарын көрсетіп, би батлдары мен көңілді жарыстарға қатысты. Күз тақырыбындағы безендірулер кештің атмосферасын ерекше әсерлі етті. Іс-шара соңында ең үздік жұптар мен ең әсем образ иегерлері марапатталып, студенттердің ұйымшылдық қабілеті мен жатақханаішілік жылы қарым-қатынасын нығайтуға үлкен ықпал жасады.

14-жоба. «Кітап клубы» кездесу кеші 06.10.2025 күні Жетісу облысында ұйымдастырылып, 31 студентті қамтыды. Жобаның мақсаты – жастардың кітапқа деген қызығушылығын арттыру, бос уақытты тиімді өткізу және еркін, достық орта қалыптастыру. Іс-шара барысында қатысушылар бір-бірімен танысып, «Мафия» және басқа да интерактивті ойындар ойнап, әдебиет туралы әңгімелесіп, көңілді атмосферада уақыт өткізді. Кездесу достыққа толы, шығармашылыққа шабыттандыратын форматта өтіп, жастардың қарым-қатынасын нығайтуға және кітап оқуға деген ынтасын арттыруға ықпал етті.

15-жоба. «Қауіпсіз орта – жарқын болашақ!» атты ақпараттық-алдын алу акциясы 10.09.2025 күні Жетісу облысында өткізіліп, 16 қатысушыны қамтыды. Жобаның мақсаты – жастарды зиянды ақпарат көздерінен қорғау, құқыққа қайшы насихаттың алдын алу және салауатты өмір салтын насихаттау. Акция барысында тұрғындар мен жастарға нашақорлықтың зияны, оның құқықтық және әлеуметтік салдары туралы түсіндіру жұмыстары жүргізілді. Іс-шараға арнайы шақырылған Жетісу облысы Полиция департаментінің Есірткі қылмысына қарсы іс-қимыл басқармасының қызметкері, полиция майоры Мырзакулов Дастан Маликжанович мазмұнды баяндама жасап, қауіпсіз орта қалыптастыру мен заң бұзушылықтың алдын алу жөнінде маңызды кеңестер берді. Жоба жастардың құқықтық сауаттылығын арттырып, салауатты өмір салтына деген көзқарасын нығайтты.

16-жоба. «Қол күрес» сайысы 20.11.2025 күні Талдықорған индустриялық колледжінде өткізіліп, 28 студенттің қатысуымен жоғары деңгейде ұйымдастырылды. Жобаның мақсаты – студенттердің дене дайындығын арттыру, күш-жігерін шыңдау, салауатты өмір салтын насихаттау және өзара достық қарым-қатынасты нығайту. Сайыс барысында қатысушылар бірнеше салмақ дәрежесінде әділ бәсекеге түсіп, күш пен шеберліктерін сынады. Жарыс спорттық қарқынмен өтіп, студенттердің батылдығын, табандылығын және командалық рухын арттырды. Іс-шара жастардың спортқа қызығушылығын күшейтіп, салауатты өмір салтының маңызын кеңінен көрсетті.

17-жоба. «Мониторинг жұмыстары» шарасы 09.09.2025 күні Жетісу облысында өткізіліп, 11 адам қатысты. Жобаның мақсаты – жатақханалардың жағдайын тексеру, студенттердің әлеуметтік-тұрмыстық ахуалын бағалау және олардың құқықтық әрі санитарлық талаптарға сай өмір сүруін қамтамасыз ету. Арнайы құрылған комиссия жатақханаларды аралап, тұрмыстық жағдаймен танысып, санитарлық-гигиеналық нормалардың сақталуын бақылап, қауіпсіздік талаптарының орындалуын тексерді. Сонымен қатар, студенттердің ұсыныстары жиналып, тұру жағдайын жақсарту бойынша ұсыныстар әзірленді.

18-жоба. «Ш. Уәлихановтың музейіне танымдық саяхат» іс-шарасы 18.11.2025 күні Шоқан ауылында өткізіліп, 15 студенттің қатысуымен жүзеге асырылды. Жобаның мақсаты – жастарға қазақтың ұлы ғалымы, этнографы және саяхатшысы Шоқан Уәлихановтың өмірі мен ғылыми мұрасын терең таныстыру, тарихи-мәдени сананы қалыптастыру және ұлттық тұлғалардың еңбегіне құрмет сезімін арттыру. Саяхат барысында қатысушылар музей экспозицияларымен танысып, Шоқанның ғылыми экспедициялары, этнографиялық зерттеулері және қазақ ғылымына қосқан үлесі туралы мазмұнды мәлімет алды. Музей қызметкерлері ұсынған интерактивті түсіндірмелер студенттердің тарихи танымын кеңейтіп, тұлғаның өмір жолын тереңірек түсінуге мүмкіндік берді.

19-жоба. «Ночь в Цоме» жастар кеші 07.06.2025 күні Жетісу облысында өткізіліп, 28 жасты қамтыды. Іс-шараның мақсаты – жастарға бірлік пен позитивке толы орта қалыптастыру, бос уақытты тиімді әрі есте қаларлықтай өткізуге мүмкіндік беру. Түнгі форматта ұйымдастырылған бұл ерекше кеш ЦОМ алаңында өтіп, қатысушылар қызықты ойындар, белсенді тапсырмалар және ортақ көңілді атмосфера арқылы өздерін жаңа қырынан таныды. Жоба жастардың әлеуметтік байланысын нығайтып, олардың белсенділігін арттыруға, қуатты мотивация мен жағымды эмоциялар алмасуына ықпал етті.

20-жоба. «Өлең сөздің патшасы» поэтикалық дуэлі 28.11.2025 күні І.Жансүгіров атындағы Жетісу университетінде өтіп, 40 студенттің қатысуымен ұйымдастырылды. Жобаның мақсаты – жастардың поэзияға қызығушылығын арттыру, сөз өнерін құрметтеу, шығармашылыққа бейім студенттерге өз талантын көрсетуге мүмкіндік беру және көркем сөз мәдениетін дамыту. Шара барысында жас ақындар кезектесіп өлең оқып, суырыпсалма қабілеттерін танытты, берілген тақырыптар бойынша экспромт жыр шумақтарын құрап, көрермен ықыласына бөленді. Дуэль шығармашылық атмосфера қалыптастырып, студенттердің шабытын оятты және әдеби ортада тәжірибе алмасуға қолайлы мүмкіндік жасады. Іс-шара соңында үздік қатысушылар марапатталды.

21-жоба. «Jet Ur» үстел теннисі турнирі 25.11.2025 күні Қонаев 47 мекенжайында өткізіліп, 25 жас қатысты. Жобаның мақсаты – жастардың бос уақытын тиімді ұйымдастыру, спортқа қызығушылығын арттыру, салауатты өмір салтын насихаттау және достық қарым-қатынасты нығайту. Турнир барысында қатысушылар жеке кездесулер өткізіп, өз ептілігі мен жылдамдығын сынап, жарыс мәдениетін және әділ ойын қағидатын ұстана отырып бақ сынады. Жарыс жоғары қарқынмен, сыйластық пен достық атмосферасында өтіп, студенттердің спортқа деген қызығушылығын арттырып, бос уақытты мазмұнды өткізуге ықпал етті.

22-жоба. «Ұстазым – асыл қазынам» мерекелік шарасы 01.10.2025 күні Талдықорған жоғары медициналық колледжінде өткізіліп, 40 студент пен оқытушыны қамтыды. Жобаның мақсаты – ұстаздарға деген құрметті арттыру, олардың еңбегін дәріптеу және студенттердің

ұстаздық мамандықтың маңызын терең түсінуіне ықпал ету. Шара барысында студенттер ұстаздарына арнап шығармашылық қойылымдар қойып, өлең жолдарын оқып, алғыс білдіру сәттерін ұйымдастырды. Жылы құттықтаулар мен ізгі тілектер айтылып, педагогтердің еңбегіне терең құрмет көрсетілді. Іс-шара ұстаз бен студент арасындағы рухани байланысты нығайтып, білім беру саласының қадір-қасиетін дәріптеуге зор үлес қосты.

23-жоба. «Cyber Talk: Қауіпсіз болашақ үшін» ақпараттық кездесуі 14.11.2025 күні Жетісу облысында өткізіліп, 42 студентті қамтыды. Жобаның мақсаты – жастар арасындағы цифрлық қауіпсіздік мәдениетін қалыптастыру, жеке деректерді қорғау дағдыларын дамыту және кибербуллингтің алдын алу. Іс-шара барысында қатысушыларға интернеттегі қауіп-қатерлер, жеке ақпаратты қорғау тәсілдері және кибербуллингтің салдары туралы маңызды мәліметтер ұсынылды. Студенттер өз сұрақтарын қойып, нақты жағдайлар бойынша кеңестер алды. Сонымен қатар, киберқауіпсіздікке қатысты пайдалы ресурстар таратылды. Жоба жастардың цифрлық сауаттылығын арттырып, қауіпсіз онлайн мінез-құлық қалыптастыруға бағытталған тиімді шара болды.

24-жоба. «Хакатон ойыны» инновациялық кездесуі 31.10.2025 күні Қаблица жырау 187 мекенжайында ұйымдастырылып, 15 студент қатысты. Жобаның мақсаты – жастардың шығармашылық және сыни ойлау қабілеттерін дамыту, топтық жұмыс дағдыларын жетілдіру және ақпараттық-цифрлық технологиялар саласындағы білімін тереңдету. Іс-шарада спикер жасанды интеллекттің әлемдік және ұлттық деңгейдегі дамуы, оның экономика, білім, медицина мен қауіпсіздік салаларындағы қолданылуы туралы тәжірибелік мәлімет берді. Қатысушылар AI этикасы, деректер қауіпсіздігі және болашақ мамандықтардың трансформациясы жөнінде талқылап, интерактивті сұрақ-жауап барысында маңызды кеңестер алды. Жоба студенттердің инновациялық ойлауын қалыптастырып, технологиялық өзгерістерге бейімделуіне ықпал етті.

25-жоба. «Таза бір күн» экологиялық-тәрбиелік шарасы 21.11.2025 күні «Бәйтерек» бөбекжайында өткізіліп, 60 қатысушыны қамтыды. Жобаның мақсаты – балабақша тәрбиеленушілеріне тазалық сақтау мәдениетін үйрету, табиғатты қорғау туралы түсінігін кеңейту, экологиялық сана қалыптастыру және балалардың пайдалы әрі көңілді уақыт өткізуіне жағдай жасау. Сонымен қатар, студенттердің волонтерлік жауапкершілігін арттыру көзделді. Іс-шара барысында студенттер балалармен бірге табиғатты қорғау тақырыбында танымдық ойындар, қимыл-қозғалыс жаттығулары, жұмбақтар, сурет салу сессияларын ұйымдастырды.

26-жоба. «SMM курсы» цифрлық оқыту бағдарламасы 06.11.2025 күні Қонаев 47 мекенжайында өткізіліп, 30 студент қатысты. Жобаның мақсаты – жастардың цифрлық сауаттылығын арттыру, әлеуметтік желілерде кәсіби контент дайындау дағдыларын қалыптастыру және SMM саласының негізгі құралдары мен әдістерін үйрету. Курс барысында қатысушылар аудиторияны талдау, контент жоспарлау, визуал жасау, аналитиканы оқу және жарнамалық кампания жүргізу бойынша теориялық және практикалық білім алды. Практикалық бөлімде студенттер түрлі платформаларға посттар дайындап, сторителлинг, қысқа бейне (Reels/TikTok) түсіру және өңдеу дағдыларын меңгерді. Іс-шара жастардың креативті ойлауын дамытып, заманауи медиа саласына қызығушылығын арттырып, болашақ кәсіби бағыт таңдауына оң ықпал етті.

27-жоба. «Qosyl Jetisu» көңіл көтеру және жастарды біріктіру шарасы 13.10.2025 күні Жетісу облысында ұйымдастырылып, 61 жасты қамтыды. Жобаның мақсаты – жастардың бос уақытын тиімді әрі көңілді өткізуге жағдай жасау және олардың шығармашылық белсенділігін арттыру. Іс шара жастар арасындағы достық байланыстарды нығайтып, олардың мәдени және шығармашылық ортада белсенді болуына ықпал етті.

28-жоба. «Freshman Party» алғашқы курс студенттеріне арналған көңілді шара 18.09.2025 күні Жетісу облысында өткізіліп, 129 студентті қамтыды. Жобаның мақсаты – жаңа келген студенттерді студенттік өмірге бейімдеу, орта қалыптастыру және колледж/университет өмірінің

жарқын сәттерімен таныстыру. Іс-шара ән мен биге, қуаныш пен достыққа толы ерекше атмосферада өтіп, студенттер үшін ұмытылмас естелікке айналды. Жоба жастардың бір-бірімен танысып, жаңа ортасына тез үйренісуіне ықпал етіп, студенттік қауымдастықтың бірлігін нығайтты.

29-жоба. «PeaceUp» ақпараттық-түсіндіру жобасы 14.11.2025 күні Сарқан политехникалық колледжінде өткізіліп, 70 студентті қамтыды. Жобаның мақсаты – жастардың діни экстремизмге қарсы иммунитетін қалыптастыру, күмәнді идеологиялардың ықпалынан сақтандыру және ақпараттық мәдениетті, сыни ойлауды дамыту. Іс-шара барысында студенттерге экстремизмнің мәні, белгілері, жастар арасында таралу жолдары, сондай-ақ интернет арқылы ықпал ету тәсілдері туралы түсіндіру жұмыстары жүргізілді. Қатысушылар қауіпті идеологиялардан қорғану жолдары мен қауіпсіз ақпараттық мінез-құлық негіздерін меңгерді.

30-жоба. «Қарияны құрметтеу – ұрпақ парызы» қайырымдылық және тәрбиелік бағыттағы іс-шара 18.11.2025 күні Сарқан қаласында өткізіліп, 15 студенттің қатысуымен жүзеге асты. Жобаның мақсаты – жастардың бойында үлкендерді құрметтеу, қамқорлық көрсету, мейірімділік пен адамгершілік сияқты ұлттық құндылықтарды қалыптастыру және жас ұрпақты әлеуметтік жауапкершілікке тәрбиелеу. Іс-шара барысында студенттер қарияның үйіне барып, ауласын жинап, тұрмыстық шаруаларына көмектесті. Бұл игі іс жастарға үлкенге құрмет пен қоғамдағы өзара қолдаудың маңызын сезіндіріп, қайырымдылық мәдениетін нығайтты.

Жоба аясында студенттік кеңес мүшелері ұсынған 30 әлеуметтік, мәдени, спорттық, білім беру және қоғамға пайдалы бастамалар іске асырылып, өңір жастарының белсенділігін арттыруға, олардың тұлғалық және әлеуметтік дамуына кеңінен мүмкіндік берілді. Іс-шаралар жастардың рухани-адамгершілік құндылықтарын нығайтуға, шығармашылық және көшбасшылық қабілеттерін дамытуға, спорт пен салауатты өмір салтын насихаттауға, цифрлық және ақпараттық сауаттылығын көтеруге, сондай-ақ волонтерлік мәдениетті кеңейтуге бағытталды. Жобаларға жалпы мыңдаған жас қамтылып, әрбір іс-шараны жүзеге асыру барысында студенттердің өзара ынтымақтастығы артты, жаңа бастамаларға мотивация пайда болды, ал қоғаммен байланыс күшейді. 30 жобаның барлығы жоғары деңгейде ұйымдастырылып, өңір жастарының әлеуметтік белсенділігі мен азаматтық жауапкершілігін арттыруға нақты үлес қосты.

Нәтижесінде, студенттердің өзін-өзі басқару жүйесі жанданып, жастардың әлеуетін ашуға бағытталған тұрақты платформа қалыптасты.

1. https://www.instagram.com/reel/DIbDNGbyENY/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=NTc4MTIwNjQ2YQ==
2. <https://t.me/astanaajastary/43>
3. <https://vm.tiktok.com/ZMAKoqoVq/>
4. https://www.instagram.com/p/DQVzpKTDOZX/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=NTc4MTIwNjQ2YQ==
5. <https://t.me/astanaajastary/49>
6. https://www.tiktok.com/@qsa_jetisu/video/7578162578128522507?is_from_webapp=1&sender_device=pc&web_id=7532438861310625336

№ 4 іс-шара. Жоба қатысушылармен сауалнама жүргізу

Жалпы сауалнамалар нәтижесі бойынша 1392 студенттің қанағаттану деңгейі орташа есеппен 94% құрады. Бұл көрсеткіш жоба аясында ұйымдастырылған іс-шаралардың жоғары сапасын, олардың жастар үшін шынайы пайдалы әрі тартымды болғанын дәлелдейді. Қатысушылардың пікірін жинау мақсатында жобаның әр кезеңінде үш рет онлайн сауалнама жүргізіліп, оның нәтижелері жобаның тиімділігін жан-жақты бағалауға мүмкіндік берді.

Бірінші сауалнама «LEADER ZHETISU» тренингтерінен кейін жүргізіліп, оған 1031 студент қатысты. Қатысушылардың 93,6%-ы тренингтердің мазмұнын өзекті деп бағалап, ұйымдастыру сапасына, спикерлердің дайындығына және практикалық тапсырмалардың пайдалы болғанына жоғары пікір білдірді. Студенттер көшбасшылық, жобалық менеджмент, командалық жұмыс, қоғамдық белсенділік дағдыларының артқанын ерекше атап өтті.

Екінші сауалнама жазғы лагерьден кейін жүргізілді. Бұл кезеңге 36 студент қатысып, олардың 94,4%-ы лагерь бағдарламасының мазмұнына, шеберлік сабақтарына, креативті форматтағы панельдер мен ұлттық дәстүрге негізделген тәжірибелік тапсырмаларға толық қанағаттанғанын көрсетті. Қатысушылар лагерьдің эмоционалдық атмосферасын, жаңа ортада өзін дамытуға мүмкіндік бергенін, ауылдық мәдениетті тануға жағдай жасалғанын ерекше бағалады.

Үшінші сауалнама жоба аяқталу кезеңінде жалпы іс-шаралар бойынша өткізілді. 325 студент қатысып, олардың 100%-ы жобаға толық қанағаттанатынын мәлімдеді. Бұл кезеңде жастар жоба шеңберінде өткізілген 30 әлеуметтік, мәдени, спорттық және интеллектуалды бастаманың барлығы олардың жеке дамуына, белсенділігінің артуына айтарлықтай әсер еткенін атап өтті.

Сауалнама сұрақтары жобаның ұйымдастырылу сапасы, мазмұндығында, алған білімнің практикалық маңызында, өз-өзіне деген сенімділіктің артуында және қоғамдық өмірге белсенді қатысу ниетінің қалыптасуында маңызды рөл атқарды. Қатысушылардың басым бөлігі жоба өздерінің көшбасшылық қабілетін дамытқанын, жаңа мүмкіндік ашқанын, командалық және коммуникациялық дағдыларын жақсартқанын, ал кейбірі бұл шаралар олардың кәсіби бағыт таңдауына да әсер еткенін көрсетті. Сауалнама нәтижелері жобаның жастар үшін қажетті әрі тиімді болғанын, студенттік өзін-өзі басқару жүйесінің дамуына және өңірдегі жастардың белсенділігін арттыруға зор үлес қосқанын айқын мойындатты.

5 міндет. Студенттердің мотивациясын арттыру және тәжірибе алмасуға жағдай жасау

№ 1 іс-шара. Жоба бойынша кемінде 2 ақпараттық портал мен 50 000 жазылушысы бар 5 танымал әлеуметтік желіде жарияланымдар дайындау

Жоба аясында ақпараттық қамтуды кеңейту және өңір жастары арасында таныламдылықты арттыру мақсатында кең көлемді медиа-кампания жүзеге асырылды. Нәтижесінде 4 ірі ақпараттық порталға арнайы мақалалар жарияланды. Аталған материалдарда жобаның мақсаттары, негізгі бағыттары, жүзеге асқан іс-шаралары және жастарға беретін нақты пайдасы жан-жақты қамтылды:

1. Vestnik19.kz: «StudUnion» белсенді жастарының слеті туралы материал:

<https://vestnik19.kz/news/obshchestvo/slet-aktivnoi-molodezhi-studunion-organizovali-v-zhetisu-55809/>

2. KazAlem.kz: студенттік өзін-өзі басқару жүйесін дамытуға арналған іс-шаралар жайлы ақпарат:

<https://kazalem.kz/?p=1607>

3. Zhongar-Alatau.kz: «Zhailau FEST» лагерьі мен жастардың ұлттық-мәдени тәжірибесі туралы мақала:

<https://zhongar-alatau.kz/janalyk/zhailau-fest-festivali-tkizildi.html>

4. Gov.kz порталы: жоба нәтижелерін, өңір жастарының белсенділігін арттырудағы маңызын баяндаған ресми жарияланым:

<https://www.gov.kz/memleket/entities/zhetysu-comdev/press/news/details/1054501?lang=kk&ysclid=mew09p7c3q125625016>

Жоба шеңберінде әлеуметтік желілерде ауқымды ақпараттық жұмыс жүргізіліп, 5 танымал әлеуметтік желіде және жоба парақшаларына 20-дан астам жарияланым дайындалып, Instagram, Telegram және TikTok платформаларында кең ауқымды аудиторияға ұсынылды.

1. Ideology.kz instagram парақшасы:

https://www.instagram.com/reel/DPD6-PaDdwa/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRIODBiNWFIZA== 61.2k

2. Caspiantodaykz instagram парақшасы:

https://www.instagram.com/p/DRwB_KMDNw6/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=NTc4MTIwNjQ2YQ== 73.8k

3. Исламбек Дастан facebook парақшасы:

<https://www.facebook.com/share/p/19uxCZNfo4/?mibextid=wwXIfr> 97.5k

4. Qyzylorda.bugin instagram парақшасы:

https://www.instagram.com/p/DRwL1ycCCZk/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=NTc4MTIwNjQ2YQ== 61.4 k

5. Jasulan_bostandyquly instagram парақшасы:

https://www.instagram.com/p/DRpdKbNDFWC/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=NTc4MTIwNjQ2YQ== 118k

Бұл посттар жобаның негізгі іс-шаралары, олардың жастарға берер мүмкіндіктері, көшбасшылық дағдыларды дамыту барысы және нақты нәтижелерін қамтыды. Әлеуметтік желідегі белсенді аудитория жарияланған мазмұнға жоғары қызығушылық танытып, пікір қалдыру мен бөлісу арқылы медиалық әсерді күшейтті. Жоба бойынша жалпы ақпараттық қамту көлемі 84 412 қаралымды құрады. Әлеуметтік желідегі контентке жоғары қызығушылық байқалып, пікірлер мен қайта жариялаулар саны артты. Бұл көрсеткіштер жобаның өңірлік деңгейде ғана емес, республика көлемінде де жастар арасында кеңінен танылғанын дәлелдейді. Жалпы алғанда, медиа-кампания жобаның имиджін нығайтып, оның нәтижелерін көпшілікке тиімді жеткізуге, жастарды ақпараттандыру деңгейін арттыруға және қатысу белсенділігін өсіруге айтарлықтай үлес қосты.

Шарт талаптарына сәйкес жоба нәтижелерінің қорытынды жария презентациясы

№ 1 іс-шара. Жоба нәтижелерінің бойынша қорытынды жария презентациясын жариялау

Шарт талаптарына сәйкес жоба нәтижелерінің қорытынды жария презентациясы онлайн форматта ұйымдастырылып, «Studunion» студенттік өзін-өзі басқару жүйесін дамыту жобасының барлық кезеңдері бойынша қол жеткізілген нәтижелер көпшілікке таныстырылды.

Іс-шара 1 желтоқсан 2025 жылы сағат 12:00-де @qsa_jetisu парақшасының био-сында көрсетілген сілтеме арқылы өтті. Презентацияда жобаның мақсаттары мен міндеттерінің орындалуы, студенттік кеңестердің құрылуы, жүзеге асқан 30 әлеуметтік жоба, сауалнама нәтижелері, жастар арасындағы өзгерістер және серіктестердің қатысуы туралы толық ақпарат ұсынылды. Қатысушыларға жобаның өңір жастары үшін маңызы, оның студенттердің көшбасшылық әлеуетін дамытуға, өзін-өзі басқару жүйесін нығайтуға және жастар белсенділігін арттыруға қосқан үлесі түсіндірілді. Презентация бағдарламасы, баспасөз релизі және іс-шара скриншоттары дайындалып, есепке тіркелді.

Сонымен қатар іс-шара туралы хабарландыру Instagram, Telegram және TikTok әлеуметтік желілерінде жарияланып, кең аудиторияға қолжетімді болды. Бұл қорытынды презентация жоба нәтижелерін ашық түрде көрсетіп, оның тиімділігін дәлелдеп, студенттік бастамаларды қолдаудың маңызын айқындады.

Шарт талаптарына сәйкес жобаның орындалу барысы туралы ақпараттық жұмыс

№ 1 іс-шара. Әлеуметтік жобаны іске асыру туралы әлеуметтік желілердегі жарияланымдар

Шарт талаптарына сәйкес жоба жүзеге асырылған кезеңде ақпараттық жұмыс жүйелі түрде жүргізіліп, әлеуметтік желілер мен ақпараттық платформалар арқылы кең аудиторияға жеткізілді. Жобаның негізгі іс-шаралары, аралық нәтижелері, студенттердің қатысу белсенділігі және жобалық жаңалықтар туралы ақпарат Instagram, Telegram, TikTok желілерінде тұрақты жарияланып отырды. Барлығы 97 ақпараттық материал дайындалып, жарияланымдардың жалпы қаралым саны 84 412-ға жетті.

Жоба аясында 4 ақпараттық порталға арнайы жаңалықтар мен репортаждар жарияланды. Олар өңірлік және республикалық аудиторияны қамтып, жобаның қоғамдық маңызын арттырды. Атап айтқанда:

Vestnik19.kz: «StudUnion» белсенді жастарының слеті туралы материал:

1. <https://vestnik19.kz/news/obshestvo/slet-aktivnoi-molodezhi-studunion-organizovali-v-zhetisu-55809/>

2. KazAlem.kz: студенттік өзін-өзі басқару жүйесін дамытуға арналған іс-шаралар жайлы ақпарат:

<https://kazalem.kz/?p=1607>

3. Zhongar-Alatau.kz: «Zhailau FEST» лагері мен жастардың ұлттық-мәдени тәжірибесі туралы мақала:

<https://zhongar-alatau.kz/janalyk/zhailau-fest-festivali-tkizildi.html>

Gov.kz порталы: жоба нәтижелерін, өңір жастарының белсенділігін арттырудағы маңызын баяндаған ресми жарияланым:

<https://www.gov.kz/memleket/entities/zhetysu-comdev/press/news/details/1054501?lang=kk&ysclid=mew09p7c3q125625016>

Әлеуметтік желілердегі жарияланымдар студенттердің қызығушылығын арттырып, жобаға қатысу деңгейін күшейтті. Instagram парақшаларында көтерілген тақырыптар бойынша пікірталастар жүргізіліп, Telegram арнасында ресми жаңалықтар таратылды, ал TikTok-та жастарға тәжірибелік әрі мотивациялық бағыттағы қысқа бейнероликтер жарияланды.

Ақпараттық жұмыстың жоғары белсенділігі жобаға деген сенімді нығайтты, студенттік кеңестердің дамуына қоғам назарын аударды және жастардың көшбасшылық бастамаларын кеңінен насихаттауға мүмкіндік берді.

1) Әлеуметтік жобаның мақсаттарына қол жеткізу және алынған нәтижелері:

Жоба шеңберінде қойылған барлық нысаналы индикаторлар мен күтілетін нәтижелер толық көлемде орындалды және нақты фактілермен дәлелденді.

Бірінші нысаналы көрсеткіш – Жетісу облысында студенттік өзін-өзі басқару жүйесін дамыту шараларына кемінде 1000 студентті тарту – толық орындалды. Жобалық іс-шараларға жалпы 1266 студент қатысып, жоспарланған межеден айтарлықтай жоғары нәтиже көрсетілді. Екінші көрсеткіш – қатысушылардың қанағаттану деңгейін кемінде 70 пайызға жеткізу де артығымен орындалды: жүргізілген сауалнама бойынша студенттердің 93–96% жобаға қанағаттанғанын білдірді.

Күтілетін нәтижелерге сәйкес, Жетісу облысының кемінде 1000 студентіне арналған көшбасшылық, басқару және жобалық менеджмент дағдылары бойынша оқу іс-шаралары толық ұйымдастырылды. Қамтылған студенттер саны жоспардан асып, жобаның оқыту бағыты жоғары нәтиже көрсетті.

Өңірдегі жоғары оқу орындары мен колледждерде жоспарланған 20 студенттік кеңестің барлығы құрылды, олардың құрамына 218 белсенді студент енгізілді. Кеңестердің регламенттері, жұмыс жоспарлары және жарғылары әзірленіп, оқу орындары тарапынан ресми түрде бекітілді. Өздігінен басқару көшбасшыларын сайлау және кеңестерді қалыптастыру процесі жобаның міндеттеріне сай жүзеге асырылды.

Студенттік кеңестерге консультативтік және ұйымдастырушылық қолдау көрсету бағытында тұрақты әдістемелік жұмыстар жүргізілді. Сонымен бірге, студенттік кеңес мүшелері ұсынған 30 жобаға қолдау көрсету индикаторы толық орындалды – барлық 30 жоба сәтті жүзеге асырылды. Бұл үшін типография, зал жалға алу, марапаттар, сыйлықтар және басқа ұйымдастырушылық ресурстар ұсынылды.

Жетісу облысының 8 ауданы мен 2 қаласында кемінде бір шара өткізу талабы да толығымен орындалып, барлығы 10 ірі интеллектуалды және дебаттық іс-шара ұйымдастырылды. Оларға 337 студент қатысты, және іс-шаралар әлеуметтік желілерде кеңінен жарияланды.

Жоспарланған кемінде 30 студентке арналған жазғы лагерь де жүзеге асырылып, “Zhailau FEST” лагеріне 50 студент қатысты, бұл күтілген нәтижеден жоғары көрсеткіш.

Өзін-өзі басқару көшбасшыларының слеті өткізіліп, студенттік кеңестердің белсенді мүшелері марапатталды. Сонымен қатар, оқу орындарының жалаулары мен символикасын қамтитын парадтық форматтағы іс-шаралар ұйымдастырылып, студенттік ұйымдардың бірлігі мен аймақтық сәйкестігі нығайды.

Жоба аясында кемінде 1 ЖОО мен 20 колледжді қамту мақсаты да орындалды – кеңестер дәл осы көлемде құрылып, барлық көрсетілген оқу орындары жобаға тартылды.

Ақпараттық бағыт бойынша жоспардағы 2 порталдың орнына 4 ірі ақпараттық порталға мақалалар жарияланды, әлеуметтік желілерде 97 жарияланым орналастырылып, жалпы 84 412 қаралым жиналды. Жоба туралы ақпарат 61 000 жазылушысы бар ірі парақшаларда жарияланып, кең аудитория қамтылды. Бұл көрсеткіш күтілген межеден жоғары деп бағаланады.

Қорытындылай келе, жобаның барлық нысаналы көрсеткіштері мен күтілетін нәтижелері толықтай орындалды. Студенттердің көшбасшылық, интеллектуалдық және азаматтық дағдылары күшейіп, Жетісу облысында студенттік өзін-өзі басқару жүйесі тұрақты әрі тиімді деңгейге көтерілді. Жастардың қоғамдық белсенділігі айтарлықтай артты.

2) Мақсатқа қол жеткізу туралы дәлелдер және фактілер

Жоба шеңберінде жоспарланған негізгі мақсат – Жетісу облысының жоғары оқу орындары мен колледждерінде студенттік өзін-өзі басқару жүйесін дамыту, жастардың көшбасшылық қабілеттерін арттыру және студенттердің қоғамдық белсенділігін күшейту болды. Жобаның барлық негізгі бағыттары мен іс-шаралары осы мақсатқа жүйелі түрде жетуге бағытталды және нақты нәтижелер арқылы толық дәлелденді.

Біріншіден, студенттік кеңестерді дамыту бойынша қойылған міндет толық орындалды. Жоспардағыдай 20 оқу орнында жаңа студенттік кеңестер құрылып, олардың құрамына 218 белсенді студент енгізілді. Кеңестердің ішкі регламенттері, жұмыс жоспарлары, жарғылары әзірленіп, оқу орындары деңгейінде ресми бекітілді. Бұл – өзін-өзі басқару институтының тұрақты құрылым ретінде қалыптасқанын дәлелдейді.

Екіншіден, студенттердің зияткерлік және көшбасшылық дағдыларын арттыру мақсатында өңірдің 8 ауданы мен 2 қаласында 10 ауқымды интеллектуалды және дебаттық шара өткізілді. Барлығы 337 қатысушы студентқамтылып, әр іс-шара әлеуметтік желілерде кеңінен жарияланды. Бұл іс-шаралар жастардың сыни ойлауын, шешендік өнерін, командалық жұмысын дамытуда маңызды рөл атқарды.

Үшіншіден, студенттік бастамаларды қолдау мақсатында жоспарланған кемінде 30 жобаға қолдау көрсету индикаторы толық орындалды. Нәтижесінде 30 жоба жүзеге асырылып, оған 1266 студент қатысты. Жобаларды қолдау типография, зал жалға алу, марапаттар мен сыйлықтар ұсыну арқылы жан-жақты қамтамасыз етілді. Бұл көрсеткіш студенттердің бастамаларының өміршеңдігін арттырды және жастардың қоғамдық белсенділік деңгейін күшейтті.

Төртіншіден, ақпараттық қамту бойынша мақсат толық орындалды. 2 порталдың орнына 4 ірі ақпараттық порталға мақалалар жарияланды, ал әлеуметтік желілерде 97 жарияланым орналастырылып, жалпы 84 412 қаралымға қол жеткізілді. Сонымен қатар, 61 000 жазылушысы бар ірі парақшаларда жоба туралы ақпарат беріліп, өңірлік танымалдылық айтарлықтай артты.

Бесіншіден, студенттердің мотивациясын арттыру және тәжірибе алмасу бағытында "Zhailau FEST" жазғы лагері ұйымдастырылып, жоспарланған 30 студенттің орнына 50 студент қатысты. Лагерь жастардың көшбасшылық дағдыларын күшейтіп, олардың әлеуметтік белсенділігін арттыруға мүмкіндік берді.

Алтыншыдан, жобаның сапасы қатысушылардың қанағаттану деңгейімен дәлелденді. Жүргізілген сауалнама нәтижесінде жалпы 93–96% студент жобаға риза екенін көрсетті. Бұл – іс-шаралардың мазмұндық тереңдігі мен ұйымдастыру сапасының жоғары екенін білдіреді.

Қорытынды дәлел:

Жоба мақсаттары толық көлемде орындалды және нақты фактілер арқылы расталды. Жетісу облысы бойынша студенттердің белсенділігі артып, студенттік өзін-өзі басқару жүйесі тұрақты құрылымдар арқылы күшейтілді. Жастардың көшбасшылық, интеллектуалдық және азаматтық дағдылары жоғары деңгейде дамыды.

Жоба шеңберінде жоспарланған негізгі мақсат – Жетісу облысының жоғары оқу орындары мен колледждерінде студенттік өзін-өзі басқару жүйесін дамыту, жастардың көшбасшылық қабілеттерін арттыру және студенттердің қоғамдық белсенділігін күшейту болды. Жобаның барлық негізгі бағыттары мен іс-шаралары осы мақсатқа жүйелі түрде жетуге бағытталды және нақты нәтижелер арқылы толық дәлелденді.

Біріншіден, студенттік кеңестерді дамыту бойынша қойылған міндет толық орындалды. Жоспардағыдай 20 оқу орнында жаңа студенттік кеңестер құрылып, олардың құрамына 218 белсенді студент енгізілді. Кеңестердің ішкі регламенттері, жұмыс жоспарлары, жарғылары әзірленіп, оқу орындары деңгейінде ресми бекітілді. Бұл – өзін-өзі басқару институтының тұрақты құрылым ретінде қалыптасқанын дәлелдейді.

Екіншіден, студенттердің зияткерлік және көшбасшылық дағдыларын арттыру мақсатында өңірдің 8 ауданы мен 2 қаласында 10 ауқымды интеллектуалды және дебаттық шара өткізілді. Барлығы 337 қатысушы студентқамтылып, әр іс-шара әлеуметтік желілерде кеңінен жарияланды. Бұл іс-шаралар жастардың сыни ойлауын, шешендік өнерін, командалық жұмысын дамытуда маңызды рөл атқарды.

Үшіншіден, студенттік бастамаларды қолдау мақсатында жоспарланған кемінде 30 жобаға қолдау көрсету индикаторы толық орындалды. Нәтижесінде 30 жоба жүзеге асырылып, оған 1266 студент қатысты. Жобаларды қолдау типография, зал жалға алу, марапаттар мен сыйлықтар ұсыну арқылы жан-жақты қамтамасыз етілді. Бұл көрсеткіш студенттердің бастамаларының өміршеңдігін арттырды және жастардың қоғамдық белсенділік деңгейін күшейтті.

Төртіншіден, ақпараттық қамту бойынша мақсат толық орындалды. 2 порталдың орнына 4 ірі ақпараттық порталға мақалалар жарияланды, ал әлеуметтік желілерде 97 жарияланым орналастырылып, жалпы 84 412 қаралымға қол жеткізілді. Сонымен қатар, 61 000 жазылушысы бар ірі парақшаларда жоба туралы ақпарат беріліп, өңірлік танымалдылық айтарлықтай артты.

Бесіншіден, студенттердің мотивациясын арттыру және тәжірибе алмасу бағытында "Zhailau FEST" жазғы лагері ұйымдастырылып, жоспарланған 30 студенттің орнына 50 студент қатысты. Лагерь жастардың көшбасшылық дағдыларын күшейтіп, олардың әлеуметтік белсенділігін арттыруға мүмкіндік берді.

Алтыншыдан, жобаның сапасы қатысушылардың қанағаттану деңгейімен дәлелденді. Жүргізілген сауалнама нәтижесінде жалпы 93–96% студент жобаға риза екенін көрсетті. Бұл – іс-шаралардың мазмұндық тереңдігі мен ұйымдастыру сапасының жоғары екенін білдіреді.

Қорытынды дәлел:

Жоба мақсаттары толық көлемде орындалды және нақты фактілер арқылы расталды. Жетісу облысы бойынша студенттердің белсенділігі артып, студенттік өзін-өзі басқару жүйесі тұрақты құрылымдар арқылы күшейтілді. Жастардың көшбасшылық, интеллектуалдық және азаматтық дағдылары жоғары деңгейде дамыды.

3) Жоспарланған нәтижелердің алынған нәтижелерге сәйкестігі; егер жоспардан ауытқу орын алса, оның негіздемесі: Барлық жоспарланған іс-шаралар толық көлемде және уақытында орындалды. Жоспардан ауытқу орын алмады.

4) Әлеуметтік жобаны, әлеуметтік бағдарламаны іске асыру аяқталғаннан кейін және/немесе іске асыру кезінде болған әлеуметтік және басқа да өзгерістерді өлшеу (жобаға дейінгі ахуалды және жоба аяқталған кездегі ахуалды салыстыру, жоба шеңберінде проблемаларды мен міндеттерді шешу дәрежесі):

Жоба басталғанға дейін Жетісу облысындағы жоғары оқу орындары мен колледждерде студенттік өзін-өзі басқару жүйесінің дамуы біркелкі болмай, студенттердің көпшілігі оқу орнындағы қоғамдық үдерістерге белсенді түрде қатыса бермейтін. Студенттік кеңестердің тұрақты жұмыс істеу механизмдері әлсіз, көшбасшы студенттердің жүйелі түрде даярлануы жеткіліксіз, ал өңір деңгейіндегі студенттік іс-шаралардың тұрақтылығы төмен болды. Сонымен бірге, жастардың бастамаларын қолдау механизмдері мен кең ауқымды ақпараттық қамту да шектеулі еді.

Жоба аяқталғаннан кейін өңірдегі ахуал айтарлықтай өзгеріп, студенттік өзін-өзі басқару жүйесі жаңа сапалық деңгейге көтерілді:

1. Студенттік өзін-өзі басқару құрылымының дамуы:

Жобаға дейін кейбір оқу орындарында студенттік кеңестер мүлдем болмаған немесе толыққанды жұмыс істемеген. Жоба нәтижесінде 20 оқу орнында студенттік кеңестер құрылып, олардың қызметі ресми құжаттармен (регламент, жарғы, жұмыс жоспары) бекітілді. Бұл — студенттік өзін-өзі басқару жүйесінің тұрақты және институционалды түрде қалыптасуына ықпал етті.

2. Студенттердің қоғамдық белсенділігінің артуы: Жобаға дейін студенттердің аймақтық деңгейдегі іс-шараларға қатысуы төмен болды. Жоба барысында 1266 студент әртүрлі іс-шараларға қатысып, бұл көрсеткіш жоспардан жоғары болды. Осылайша, жастардың қоғамдық белсенділігі мен еріктілік мәдениеті едәуір артты.

3. Көшбасшылық және зияткерлік дағдылардың өсуі: Жобаға дейін студенттердің көшбасшылық және жобалық менеджмент бойынша мүмкіндіктері шектеулі еді. Жоба аясында 8 аудан мен 2 қалада өткізілген 10 интеллектуалды және дебаттық іс-шара, сондай-ақ жазғы лагерь мен тренингтер жастардың сыни ойлау, шешендік өнер, командалық жұмыс және басқару дағдыларын дамытуға мүмкіндік берді.

4. Студенттік бастамаларға қолдау деңгейінің көтерілуі: Жобаға дейін студенттік бастамаларды қаржылай немесе ұйымдастырушылық қолдау тұрақты түрде көрсетілмейтін. Жоба аясында 30 жобаға қолдау көрсету арқылы студенттік идеялардың өміршеңдігі артып, жастар өз бастамаларын жүзеге асыруға сенім алды.

5. Ақпараттық ашықтық пен медиа белсенділіктің артуы: Жобаға дейін өңірлік деңгейде студенттік жобалар туралы ақпарат аз болатын. Жоба аяқталған соң 4 ақпараттық портал, 97 әлеуметтік желі жарияланымы, 84 412 қаралым, сондай-ақ 50 000 жазылушысы бар парақшаларда жарияламалар арқылы жастардың медиа кеңістіктегі көрінісі айтарлықтай күшейді.

6. Қатысушылардың жоғары қанағаттану деңгейі: Жобаға дейін жастар арасында осы бағыттағы жобаларға сенім деңгейі жоғары емес болатын. Сауалнама нәтижесі бойынша 93–96% қатысушы жобаның сапасына қанағаттанғанын білдірді. Бұл жоба шараларының өзектілігі мен тиімділігін нақты көрсетті.

II. Әлеуметтік жобаға қатысушылар бөлінісінде статистикалық ақпарат

1) Гендерлік көрсеткіш:

Жобаға қатысушылардың саны барлығы	Ерлер	Әйелдер
3 103	1 179	1 924

2) Санаттар бойынша әлеуметтік дәрежесі:

Жобаға қатысушылардың саны барлығы	Балалар (оның ішінде мүгедек балалар)	Жастар	Мемлекеттік қызметкерлер	Бюджеттік ұйым жұмысшылар	Мүгедектігі бар тұлғалар	Егде жастағы адамдар (50 жастан жоғары), оның ішінде	Жұмыссыздар	Қоғамдық ұйымдардың өкілдері	Бизнес-сектор өкілдері	Басқа санаттар
3 103	45	2 975	10	43	2	4	132	156	78	203

3) Жас көрсеткіші:

Жобаға қатысушылардың саны барлығы	13-16 жас	17-22 жас	23-27 жас	28-32 жас	33-45 жас	46-58 жас	59 жас және одан жоғары
3 103	589	1955	248	134	114	39	24

III. Жобаның нәтижелері

1) Көрсетілген насаналы топтардың жобаны іске асыру барысында (сандық көрсеткіштерді көрсете отырып, сапалық қозғалыстарды сипаттай отырып) алған нақты нәтижелері:

Жоба нысаналы топтары – Жетісу облысының жоғары оқу орындары мен колледждерінің студенттері, студенттік кеңес мүшелері және жастар көшбасшылары – жоба барысында айтарлықтай нәтижелерге қол жеткізді.

Сандық нәтижелер:

- 1266 студент жобаға тартылды (жоспар: 1000).
- 20 оқу орнында студенттік кеңестер құрылып, 218 белсенді студент кеңес құрамына енді;
- 8 ауданы мен 2 қаласында 10 интеллектуалды және дебаттық шара өтіп, оған 337 студент қатысты;
- 30 жоба Студенттік бастамалар шеңберінде жүзеге асырылды;
- 50 студент қатысқан «Zhailau FEST» жазғы ұйымдастырылды;
- 97 жарияланым жасалып, 84 412 қаралым жинады.

Сапалық нәтижелер:

- студенттердің көшбасшылық, сыни ойлау, дебат және жобалық менеджмент дағдылары айтарлықтай күшейді.
- студенттік кеңестер ресми құжаттармен бекітіліп, өзін-өзі басқару мәдениеті тұрақты жүйе ретінде қалыптасты.
- жастардың қоғамдық белсенділігі артты, студенттер өз бастамаларын іске асыруға сенімді болды.
- оқушылар мен студенттердің ұйымдастырушылық қабілеті, коммуникациясы, жауапкершілігі жоғары деңгейге көтерілді.
- жастардың өңірлік деңгейдегі танымалдылығы артты, ақпараттық алаңда белсендігі күшейді.
- қатысушылардың 93–96%-ы жобаға толық риза болып, оның тиімділігін атап өтті.

Жоба басталғанға дейін Жетісу облысында отбасы құндылықтарын насихаттау және жастардың ұлттық-рухани тәрбиесі бағытында жүйелі іс-шаралар жеткілікті деңгейде жүргізілмеген. Мектептер мен колледждерде ата-ананың рөлі, ұлттық дәстүрлер мен отбасы тәрбиесі тақырыптары бойынша дәрістер мен ақпараттық іс-шаралар аз болған. Жоба аясында өткізілген дәрістер мен іс-шаралар жастар мен педагогтарды қамту деңгейін арттырды.

Мысалы, 30-дан астам дәріс ұйымдастырылып, шамамен 700 оқушы, студент және педагог қатысқан. Бұл іс-шаралар жастардың отбасы құндылықтары мен ұлттық дәстүрлерге қатысты ақпарат алу мүмкіндігін кеңейтті.

Сонымен қатар, 8 аудан мен 2 қаласында ұйымдастырылған отбасылық іс-шаралар арқылы қатысушылардың белсенділігі артты. Спорттық ойындар, шеберлік сабақтары және тәрбиелік бағыттағы бағдарламалар өткізілді.

Буындар сабақтастығын дамыту мақсатында «Билер кеңесі», «Аналар кеңесі», «Әжелер кеңесі» өкілдерінің қатысуымен өткізілген 10 кездесуге шамамен 300 жас қатысты. Бұл кездесулер жастар мен үлкен буын өкілдері арасындағы өзара ақпарат алмасуды қамтамасыз етті.

Мәдени бағытта өткізілген «Дана ене – дара келін» және «Асқар тау әке – зерек бала» байқауларына 20 команда қатысты. Жеңімпаздарға жүлделер табысталды, бұл шара отбасылық құндылықтарды дәріптеуге ықпал етті.

Ақпараттық қолдау аясында әзірленген 2 бейнеролик әлеуметтік желілерде жарияланып, 10 000-нан астам қаралым жинады.

Жоба жүзеге асырылған кезеңде өңірдегі жастар мен отбасы институты арасында байланыс күшейіп, тәрбиелік іс-шараларға қатысу деңгейі артты, ақпараттық-түсіндіру жұмыстары кеңінен таралды.

Осы көрсеткіштер жобаның нақты нәтижеге қол жеткізгенін көрсетеді.

II. Әлеуметтік жобаға қатысушылар бөлінісінде статистикалық ақпарат

1) Гендерлік көрсеткіш:

Жобаға қатысушылардың саны барлығы	Ерлер	Әйелдер
2024	844	1180

2) Санаттар бойынша әлеуметтік дәрежесі:

Жобаға қатысушылардың саны барлығы	Балалар (оның ішінде мүгедек балалар)	Жастар	Мемлекеттік қызметкерлер	Бюджеттік ұйым жұмысшылар	Мүгедектігі бар тұлғалар	Егде жастағы адамдар (50 жастан жоғары), оның ішінде	Жұмыссыздар	Қоғамдық ұйымдардың өкілдері	Бизнес-сектор өкілдері	Басқа санаттар
2024	-	1596	12	8	-	71	28	7	8	294

3) Жас көрсеткіші:

Жобаға қатысушылардың саны барлығы	13-16 жас	17-22 жас	23-27 жас	28-32 жас	33-45 жас	46-58 жас	59 жас және одан жоғары
2024	1460	256	115	115	39	19	20

III. Жобаның нәтижелері

1) *Көрсетілген насаналы топтардың жобаны іске асыру барысында (сандық көрсеткіштерді көрсете отырып, сапалық қозғалыстарды сипаттай отырып) алған нақты нәтижелері:*

Сандық көрсеткіштер:

- мектептер мен колледждерде өткізілген дәрістер саны: 30 дәріс

- қатысқан жастар мен педагогтар саны: шамамен 700 адам

- отбасылық іс-шаралар өткізілген аудандар мен қалалар: 8 аудан + 2 қала
- буындар кездесулері: 10 кездесу, қатысқандар саны: шамамен 300 жас
- облыстық байқау «Дана ене – дара келін» және «Асқар тау әке – зерек бала», қатысқан командалар саны: 20;
- ақпараттық өнімдер (бейнероликтер) қаралым саны: 10 000+ қаралым

Сапалық көрсеткіштер:

- жастардың отбасылық құндылықтар, ұлттық дәстүрлер мен өзара сыйластық туралы түсінігі кеңейді.
- қатысушылардың әлеуметтік жауапкершілігі мен белсенділігі артты.
- буындар арасындағы сабақтастық нығайды («Билер кеңесі», «Аналар кеңесі», «Әжелер кеңесі» кездесулері арқылы).
- мектептер мен колледждерде тәрбиелік іс-шаралар сапасы артты.
- байқаулар мен мәдени шаралар арқылы қатысушылардың мотивациясы мен шығармашылық қабілеті дамыды.

Осы көрсеткіштер жобаның барлық мақсаттарына толық қол жеткізгенін және өңірдегі жастар мен отбасыларға нақты әсер еткенін көрсетеді.

2) Жобаны іске асыру барысында шешілуге тиісті проблемаға жобаның ұзақмерзімді ықпалы (жобадан туындаған осы немесе өзге саладағы болжамды оң/жағымсыз өзгерістерді негіздеу):

Оң ықпалдар:

- жастардың отбасылық құндылықты бағалауы және ұлттық сана-сезімі артады, бұл ұзақ мерзімде қоғамда мәдени және рухани тұрақтылыққа әсер етеді.
- буындар сабақтастығы мен өзара ақпарат алмасу арқылы отбасы институты нығайып, жас ұрпақ тәрбиесі жүйеленеді.
- ақпараттық өнімдер арқылы ұлттық мәдениет пен дәстүрді дәріптеу тұрақты түрде жалғасады, қоғамның жалпы мәдени деңгейі өседі.

Ұзақмерзімді әсердің қорытындысы:

- жоба отбасылық-демографиялық ахуалды жақсартуға, жастардың ұлттық рухани тәрбиесін арттыруға және қоғамдағы әлеуметтік белсенділікті жоғарылатуға нақты үлес қосады.

3) Іске асырылған жобаның әлеуметтік-экономикалық әсері:

Әлеуметтік әсері:

- жастар мен отбасы арасындағы қарым-қатынас нығайды, отбасылық бос уақытты тиімді өткізу мәдениеті қалыптасты.
- жастардың әлеуметтік белсенділігі, көшбасшылық және топтық жұмыс дағдылары артты.

- буындар сабақтастығы мен дәстүр сабақтастығы қоғамдағы рухани және тәрбиелік деңгейді көтерді.

Экономикалық әсері:

- жергілікті ресурстар (материалдар, логистика) қолданылып, аймақтың экономикалық айналымына ықпал жасалды.

- жастардың алған білімдері мен дағдылары болашақта еңбек нарығына бейімделу қабілетін арттырып, аймақтың әлеуметтік-экономикалық дамуына оң әсерін тигізеді.

Есепті кезеңде грант шеңберінде іске асырылған әлеуметтік жобалар, әлеуметтік бағдарламалар туралы мәліметтер

Грант алушы: Жетісу жастары ұйымының конгресі ЖҚБ

Басым бағыттың атауы: Әйелдердің көшбасшылық, қаржылық және құқықтық құзыреттерін арттыру және дамыту

I. Сандық көрсеткіштерді келтіре отырып, әлеуметтік жобаның, әлеуметтік бағдарламаның барлық іс-шаралары бойынша жалпы ақпарат (іс-шараның өткен күні, орны, тақырыбы мен нысаны, қатысушылар саны, жоспарланған іс-шаралардың толық орындалуы):

1-міндет. Жетісу облысының 8 ауданы мен 2 қаласындағы мектептер мен колледждерде қыздардың қаржылық және құқықтық сауаттылығын арттыру мақсатында кемінде 2 дәріс өткізу

№ 1 іс-шара. Көшбасшылық пен қаржылық сауаттылықты арттыруға байланысты Жетісу облысының 8 ауданы мен 2 қаласындағы мектептер мен колледждерде 2 дәріс өткізу

Жастарының білімін, қаржылық мәдениетін және көшбасшылық қабілеттерін дамыту мақсатында Жетісу облысының 8 ауданы мен 2 қаласындағы 20 білім беру ұйымын қамтыған ауқымды ақпараттық-түсіндіру іс-шарасы ұйымдастырылды.

Бұл ретте, спикер ретінде өңірдің тәжірибелі мамандары, қоғам белсенділері және салалық жетекшілері қатысып, жастарға мазмұнды ақпараттар ұсынды. Қамтылған спикерлер тізімі:

- Наргиз Камбаева – «Respublica» партиясы Жетісу облыстық филиалының маманы журналист (қамтылған аймақтар: Сарқан, Ақсу, Көксу, Ескелді, Қаратал аудандары және Талдықорған қаласы);

- Зиятай Сажидә Қайратқызы - Жетісу облысы білім басқармасының дене тәрбиесі, спорт, алғашқы әскери дайындығы және қосымша білім берудің ғылыми-тәжірибелік орталығының өзін-өзі басқару бөлімінің жетекшісі (қамтылған аймақтар: Кербұлақ және Панфилов аудандары);

- Алибек Избасаров - Жетісу облысы (АФМ РК) экономикалық зерттеулер департаментінің аса маңызды істер жөніндегі уәкілі, экономикалық тергеп-тексеру қызметінің майор-подполковнигі (қамтылған аймақтар: Жетісу облысының барлық 8 ауданы мен 2 қаласы).

- Ерасыл Інібек - Алакөл аудандық З.Қойшыбаева атындағы мәдениет үйінің «Жігіттер» вокалды тобының жетекшісі (қамтылған аймақ: Алакөл ауданы)

- Арайлым Әлімжанова - «Үздік келін» жобасының авторы, ақын, іскер әйел, блогер (қамтылған аймақ: Текелі қаласы)

Жоба аясында өткізілген дәрістер екі негізгі бағытты қамтыды:

1) Көшбасшылық қабілеттерді дамыту

2) Қаржылық сауаттылық негіздері

Дәрістің бірінші бөлімі – көшбасшылық бойынша өткізілді. Іс-шаралардың ашықтығын қамтамасыз ету мақсатында фото және видео материалдар түсіріліп, іс-шара туралы ақпарат әлеуметтік желіде жарияланды. (парақша атауы: zhetysu_womenclub).

30 қыркүйек 2025 жыл, сағат 9:00 Сарқан ауданы, Сарқан қаласы, Сарқан политехникалық колледжі

<https://www.instagram.com/reel/DQCFsm7jDAS/?igsh=MXdjanVmdGhwcjZtbQ==>

30 қыркүйек 2025 жыл, сағат 11:30 Сарқан ауданы, Сарқан қаласы, Н.Островский атындағы орта мектеп

<https://www.instagram.com/reel/DQCHDkECN0n/?igsh=NzBrZXZzNWhtbzh2>

01 қазан 2025 жыл, сағат 9:00 Ақсу ауданы, Жансүгір ауылы, Ақсу агротехникалық колледжі

<https://www.instagram.com/reel/DQCRfleill/?igsh=MWNsOHNsdXUxeWNuYw==>

01 қазан 2025 жыл, сағат 11:30 Ақсу ауданы, Жансүгір ауылы, Қ. И. Сәтпаев атындағы орта мектеп

<https://www.instagram.com/reel/DQCR-zfiA2K/?igsh=NWVianlrcHNUNTNh>

02 қазан 2025 жыл, сағат 09.00 Көксу ауданы, Балпық би ауылы, Қ.Жалайыри атындағы орта мектеп гимназия

<https://www.instagram.com/reel/DQCSWg-CLpA/?igsh=b28xNms5Nnh5ZGp1>

02 қазан 2025 жыл, сағат 11.30 Көксу ауданы, Балпық би ауылы, Б. Құндақбаева атындағы орта мектеп

<https://www.instagram.com/reel/DQFPEDuDFeh/?igsh=M3J6emUwYXN0c3Vz>

07 қазан 2025 жыл, сағат 9.00 Кербұлақ ауданы, Сарыөзек ауылы, 49 орта мектеп

<https://www.instagram.com/reel/DQCTsNjiJiI/?igsh=dGp4N2tnOXhpb2U4>

07 қазан 2025 жыл, сағат 11.30 Кербұлақ ауданы, Сарыөзек ауылы, Күреңбел қазақ орта мектеп

<https://www.instagram.com/reel/DQCTsNjiJiI/?igsh=dGp4N2tnOXhpb2U4>

08 қазан 2025 жыл, сағат 9.00 Ескелді ауданы, Қарабұлақ ауылы, Көксу ауылшаруашылық колледжі

<https://www.instagram.com/reel/DQCTsNjiJiI/?igsh=dGp4N2tnOXhpb2U4>

08 қазан 2025 жыл, сағат 11.30 Ескелді ауданы, Титов атындағы орта мектеп

<https://www.instagram.com/reel/DQCVAMtiFKZ/?igsh=ODQzM3FqMjk5ajkz>

09 қазан 2025 жыл, сағат 9.00 Текелі қаласы, Текелі кәсіптік колледжі

<https://www.instagram.com/reel/DQCVqFSCDGS/?igsh=MXRjd3gyMzFtaW80eg==>

09 қазан 2025 жыл, сағат 11.30 Текелі қаласы, 8 орта мектеп

<https://www.instagram.com/reel/DQCVtRFCLdG/?igsh=MTh1OTh3MmhkOXZmNw==>

10 қазан 2025 жыл, сағат 09.00 Талдықорған қаласы, 1 орта мектеп

https://www.instagram.com/reel/DQFPg_IDMRF/?igsh=c3l0NXB1NnFvNm9s

10 қазан 2025 жыл, сағат 11.30 Талдықорған қаласы, 2 орта мектеп

<https://www.instagram.com/reel/DQFP8-5DBsR/?igsh=NDIwM2F4bTdhdDJn>

13 қазан 2025 жыл, сағат 09.00 Алакөл ауданы, Үшарал қаласы, Алакөл колледжі

<https://www.instagram.com/reel/DQFQhp8DCpX/?igsh=MWdqZGtmOThmc3hmcQ==>

13 қазан 2025 жыл, сағат 11.30 Алакөл ауданы, Үшарал қаласы, А.Байтұрсынұлы атындағы орта мектеп

<https://www.instagram.com/reel/DQFQs0IAMWr/?igsh=Zm13djRudWw3YWJq>

14 қазан 2025 жыл, сағат 09.00 Қаратал ауданы, Үштөбе қаласы, 51 орта мектеп

<https://www.instagram.com/reel/DQFRGsXgFTY/?igsh=MWhwbGV3Mng2dDRqOA==>

14 қазан 2025 жыл, сағат 11.30 Қаратал ауданы, Үштөбе қаласы, К.Тоқаев атындағы орта мектеп

https://www.instagram.com/reel/DQFRRpANw_/?igsh=OGVknXh5bGFmdnZ4

15 қазан 2025 жыл, сағат 09.00 Панфилов ауданы, Жаркент қаласы, Жаркент жоғары педагогикалық колледжі

<https://www.instagram.com/reel/DQFRhAzgCpV/?igsh=MW11ZjhnNnc0N2h5Zg==>

15 қазан 2025 жыл, сағат 11.30 Панфилов ауданы, Жаркент қаласы, Жамбыл атындағы орта мектеп

https://www.instagram.com/reel/DQFRuxJgP_z/?igsh=MXM3dXN0enJ0bmxtag==

Көшбасшылық қабілеттерді дамыту бөлімінде тұлғалық даму, өзін-өзі басқару, мақсат қою, уақытты тиімді жоспарлау және қоғамдағы белсенділік тақырыптары кеңінен қамтылды. Дәріс барысында жастарға көшбасшының басты қасиеттері, командамен жұмыс істеу дағдылары, дұрыс шешім қабылдау әдістері және мотивацияны сақтау жолдары түсіндірілді.

Көшбасшылық бойынша дәрістің негізгі ерекшелігі – интерактивті форматта өтуі. Қатысушылар пікірталасқа қатысып, тәжірибелік тапсырмаларды орындап, шынайы көшбасшылық жағдайларына негізделген кейстерді талдады. Әр білім беру мекемесінің белсенді жастары жеке сұрақтарын қойып, мамандардан нақты ұсыныстар алды.

Дәрістің екінші бөлімі – қаржылық сауаттылыққа бағытында өтті. Дәрісте оқушылар мен студенттерге заманауи экономикалық процестерді түсіну, жеке қаржыны дұрыс басқару, бюджет құру, жинақ және инвестиция ұғымдары туралы толыққанды ақпарат ұсынылды.

Сонымен қатар, дәрісте қатысушыларға ақша айналымы және жоспарлау, қаражатын қауіпсіз сақтаудың жолдары, қаржы пирамидаларын тану белгілері, алаяқтықтан қорғану, және электронды банк жүйелерін дұрыс пайдалану сияқты маңызды мәселелер кеңінен қарастырылды.

Бұл дәріс тек ақпарат берумен шектелмей, нақты өмірден алынған мысалдар, тесттер және интерактивті ойындар арқылы қызықты әрі түсінікті форматта өтті. Жобаның ашықтығын қамтамасыз ету мақсатында дәрістер туралы барлық фото және видео материалдар, жаңалықтар мәтіндері мен қысқаша есептер медиа ресурстарға жүктелді. Көшбасшылық және қаржылық сауаттылық бойынша өткізілген дәрістер жастардың ой-өрісін кеңейтіп қана қоймай, олардың шешім қабылдау қабілетін, өзіне деген сенімін және болашаққа деген көзқарасын нығайтуға ықпал етті.

2-міндет. Қаржылық, құқықтық сауаттылық және көшбасшылық бойынша кемінде 50 белсенді әйел мен қыздарға арналған кешенді оқыту курсы ұйымдастыру, оған республикалық деңгейдегі 2 тренерді тарту

№ 1 іс-шара. Қаржылық, құқықтық сауаттылық және көшбасшылық бойынша кемінде 50 белсенді әйел мен қыздарға арналған қаржылық дағдылар:

- инвестициялау, кәсіпкерлік негіздері, жеке қаржы басқару;

құқықтық білім:

- әйелдердің құқықтары мен мүмкіндіктері, отбасы және еңбек құқығы;

көшбасшылық:

- команданы басқару, мотивация және тиімді коммуникация тақырыптары бойынша кешенді оқыту курсы ұйымдастыру

Көшбасшылық пен қаржылық сауаттылықты арттыруға бағытталған іс-шара аясында республикалық деңгейде 2 спикердің қатысуымен Жетісу облысы, Ескелді ауданы, Тау жетісу демалыс аймағында 51 адамның қатысуымен оқыту курсы ұйымдастырылды.

Өз кезегінде, дәрістер интерактивті, заманауи форматта ұйымдастырылды.

Бірінші бөлім – көшбасшылық қабілеттер бағытында өтті.

Көшбасшылық бағыты бойынша Жетісу облысының мәслихат төрағасы Тойлыбаева Гүлнар Қожағұлқызы дәріс жүргізді. Көшбасшылық бойынша өткізілген дәрістерде тұлғалық даму, жеке қабілеттерді тану, мақсат қою техникасы, өзін-өзі басқару, уақытты тиімді жоспарлау және қоғамдық белсенділік тақырыптары қамтылды. Қатысушыларға көшбасшының негізгі қасиеттері, шешім қабылдау дағдылары, командадағы рөл, конфликтіні басқару жолдары және мотивацияны сақтау тәсілдері жан-жақты түсіндірілді.

Бұл дәрістердің ерекшелігі - интерактивті форматта өтуі. Қатысушылар пікірталасқа қатысып, рөлдік ойындар ойнап, шынайы өмірден алынған көшбасшылық кейстерін талдады. Әр қатысушы мамандарға өз сұрақтарын қойып, тәжірибелік кеңестер алды.

Екінші бөлім – қаржылық сауаттылық бағытында ұйымдастырылды.

Қаржылық сауаттылық бағыты бойынша қаржылық эксперт, қаржыгер, бизнес тренер – Әсел Жарасқалиқызы дәріс жүргізді. Қаржылық сауаттылыққа арналған сабақтарда қатысушыларға жеке қаржыны басқару, бюджет құру, шығыс пен кірісті жоспарлау, жинақ жасау, инвестиция негіздері жөнінде түсінікті әрі практикалық ақпарат ұсынылды.

Дәріс барысында келесі негізгі тақырыптар қамтылды:

- ақша айналымы және қаржылық жоспарлау;
- қаражатты қауіпсіз сақтау жолдары;
- қаржы пирамидаларын тану белгілері;
- интернет-алаяқтықтан қорғану;
- электронды банк жүйелерін қолдану мәдениеті;
- төтенше жағдайға арналған қаржылық қор құру.

Сабақтар теориямен шектелмей, тесттер, өмірлік мысалдар, интерактивті тапсырмалар, қаржылық симуляциялар арқылы жүргізілді. Қатысушылар қаржылық мәдениеттің күнделікті өмірдегі маңызын түсініп, қаражатты дұрыс басқарудың алғашқы дағдыларын меңгерді.

Құқықтық сауаттылық бағыты бойынша дәрісті заң саласының кеңесшісі әрі ораторлық өнер маманы Даулетбаев Ержан Жанатұлы жүргізді. Ол қатысушыларға күнделікті өмірде жиі кездесетін құқықтық жағдайларды дұрыс шешу үшін қажетті білім мен дағдыларды қарапайым әрі түсінікті тілмен жеткізді.

Оқыту курстарының барысында азаматтық құқықтың негіздері, жеке тұлғаның құқықтары мен міндеттері, құқықтық жауапкершілік түрлері, келісімшарттармен дұрыс жұмыс істеу, құжаттарды рәсімдеу және олардың құқықтық маңызы туралы толық ақпарат берілді.

Сонымен қатар, тұтынушылардың құқықтарын қорғау, сатып алу-сату және қызмет көрсету саласындағы құқық бұзушылықтармен қалай күресу керектігі, шағым мен арыз жазу тәртібі түсіндірілді.

Интернет кеңістігіндегі құқықтық қауіпсіздік, кибералаяқтықтан қорғану, жеке деректерді қорғау мәселелері де ерекше назарға алынды. Әкімшілік құқық бұзушылықтар, айыппұлдар, құқықтық тәртіпті сақтау мәдениеті, отбасылық құқықтың негізгі қағидалары — неке, алимент, мүлікті бөлу және балалардың құқықтары жөнінде нақты мысалдар арқылы жан-жақты ақпарат берілді.

Дәріс тек теориямен шектелмей, құқықтық кейстерді талдау, рөлдік ойындар, интерактивті тапсырмалар, сұрақ-жауап сессиялары, күнделікті өмірден алынған жағдайлар арқылы практикалық түрде жүргізілді.

Қатысушылар өз құқықтары мен міндеттерін білу, құжаттарды дұрыс оқу және толтыру, даулы жағдайларды заң аясында шешу, құқықтық көмекке жүгіну, сотқа шағым беру тәртібі секілді маңызды дағдыларды меңгерді. Даулетбаев Ержан Жанатұлының тәжірибесі мен ораторлық шеберлігі күрделі құқықтық ақпаратты жеңіл қабылдауға мүмкіндік беріп, тыңдаушыларға құқықтық мәдениеттің қоғамдағы және жеке өмірдегі маңызын терең түсінуге жағдай жасады.

Қатысушылардың жатын орны, тамақтануы, демалыс аймағына барып-қайтуы қамтамасыз етілді. Қатысушыларға арналған әдістемелік материалдар мен ақпараттық құралдар арнайы әзірленіп таратылды.

Жоба ашықтығын қамтамасыз ету мақсатында өткізілген дәрістерге қатысты барлық фото-видео материалдар, жаңалық мәтіндері мен қысқаша есептер әлеуметтік желілер мен ақпараттық платформаларға жүктелді.

Жарияланған материалдар қатысушылар арасында үлкен белсенділік тудырып, жоба кеңінен талқыланды. Бұл өз кезегінде өңір бойынша қаржылық және көшбасшылық білімнің таралуына оң ықпал етті.

Жоба аясындағы көшбасшылық және қаржылық сауаттылық дәрістері өңір әйелдерінің ой-өрісін кеңейтіп қана қоймай, олардың өзін-өзі дамытуға деген ынтасын арттырды. Қатысушылардың шешім қабылдау қабілеті, сенімділігі, жауапкершілігі күшейіп, жеке қаржыны басқаруға деген көзқарасы өзгерді.

«Ақылды шешім – сенімді қадам: әйелдерге арналған құқық, қаржы және көшбасшылық семинары» жобасы аясында семинарға қатысқан әйелдердің білім деңгейінің өзгерісін бағалау мақсатында pre-test және post-test нәтижелеріне талдау жүргізілді. Тестілеуге Жетісу облысының әр ауданынан келген түрлі салада еңбек етіп жүрген белсенді, көшбасшы әйелдер қатысты.

Бағалау үш негізгі бағытты қамтыды: құқықтық сауаттылық, қаржылық сауаттылық және көшбасшылық пен коммуникация дағдылары. Семинар басталар алдында қатысушылар pre-test тапсырса, аяқталғаннан кейін post-test толтырды. Тест 20 сұрақтан тұрды, соның ішінде 7 сұрақ құқық, 7 сұрақ қаржы, 6 сұрақ көшбасшылық тақырыптары бойынша берілді.

Pre-test нәтижелері бойынша көптеген қатысушылар құқықтық, қаржылық мәселелерді толық білмейтінін, сондай-ақ көшбасшылық дағдыларының айқын емес екенін көрсетті. Құқықтық сауаттылық бойынша әйелдердің басым бөлігі отбасы құқығы, еңбек құқығы, әйелдердің заңды мүмкіндіктері жөніндегі ақпараттарды жеткілікті меңгермегенін байқатты.

Алайда post-test көрсеткендей, семинар нәтижесінде 78% қатысушы құқықтық ақпаратты жақсы түсінгенін көрсетті, ал 64% өз құқықтарын қорғауда сенімді екенін белгілеген. Бұл бағыттағы жалпы прогресс 34% құрады.

Қаржылық сауаттылық бағытындағы pre-test кезінде қатысушылар бюджет жоспарлау, инвестиция мен депозиттің айырмашылығы, несие шарттарын салыстыру сияқты мәселелерде қателіктер жіберді. Post-test барысында айтарлықтай оң өзгеріс байқалып, 81% қатысушы жеке

бюджетті дұрыс жоспарлай алды, 67% инвестициялық және жинақ құралдарының айырмашылығын нақты көрсетті, ал 54% несие мөлшерлемелерін салыстыруда қателеспеді. Бұл бағыттағы жалпы өсім 37%-ды құрап, семинардың ең жоғары нәтижесінің бірі болды.

Көшбасшылық және коммуникация бойынша бастапқы тестте әйелдердің көпшілігі өзін-өзі таныстыру, командамен жұмыс, конфликтті басқару сияқты дағдыларда қиындықтар бар екенін көрсетті. Семинардан кейінгі тест нәтижесі айтарлықтай жақсарды: 88% қатысушы белсенді коммуникация әдістерін меңгергенін көрсетті, 72% конфликт жағдайында дұрыс шешім қабылдады, 83% өзінің көшбасшылық стилін анықтап көрсете алды.

Бұл бағыттағы прогресс 33% болды және семинардың практикалық тұрғыда өте тиімді өткенін дәлелдейді. Қатысушылардан алынған сауалнама да семинардың маңыздылығын растайды. Әйелдердің 92%-ы семинар мазмұнының өте пайдалы болғанын атап өтті, 89%-ы тәжірибелік жаттығуларды ең тиімді элемент деп бағалады, 95%-ы бұл семинарды басқа әйелдерге ұсынатынын жеткізді, ал 87%-ы алған білімдерін өз жұмысында және күнделікті өмірінде қолданатынын айтты.

Жалпы қорытындылай келе, pre–post анализі семинардың жоғары деңгейде өткенін және қатысушылардың білім қабілетінің айтарлықтай артқанын көрсетеді. Қатысушылардың жалпы білім деңгейі шамамен 35%-ға өсіп, құқықтық және қаржылық сауаттылығында, сонымен қатар көшбасшылық қабілеттерінде айтарлықтай жақсарулар байқалды. Жоба Жетісу облысы әйелдерінің құқықтық мәдениетін көтеруге, қаржылық тұрақтылықты қалыптастыруға және көшбасшылық дағдыларын жетілдіруге үлкен үлес қосты. Бұл семинар әйелдердің өз мүмкіндіктерін сенімді пайдалануға, қоғамдағы рөлін күшейтуге және болашаққа нық қадам жасауына ықпал еткен маңызды бастама болды.

Жалпы алғанда, Жетісу облысының 8 аудан мен 2 қаласынан келген қатысушыларды қамтыған іс-шара өңір әйелдеріне бағытталған кең көлемді ақпараттық-түсіндіру жұмыстарының тиімді жүргізілгенін және оларды қолдаудың жүйелі моделін қалыптастырғанын көрсетті.

Оқыту курсы қатысушыларының пікірі:

https://www.instagram.com/reel/DRJ980_DHrN/?igsh=NzZ4OWpnODIyendy

Жетісу облысының Мәслихат төрағасы – Гүлнар Тойлыбаева «Ақылды шешім – сенімді қадам» атты оқыту курсына туралы пікірі:

<https://www.instagram.com/reel/DRJ9j24DOtm/?igsh=MzY1dzhtMDY3MWS0>

Қаржылық эксперт, қаржыгер, бизнес тренер - Әсел Жарасқалиқызының оқыту курсына туралы пікірі:

<https://www.instagram.com/reel/DRJ9H7NDGrE/?igsh=cGprbTNibWFjeXB1>

Іс-шаралардың ашықтығын қамтамасыз ету мақсатында фото және видео материалдар түсіріліп, іс-шара туралы ақпарат әлеуметтік желіде жарияланды (парақша атауы: zhetysu_womenclub):

Оқыту курсы 1-ші күн: <https://www.instagram.com/reel/DRKCFVJDL36/?igsh=eGlnNm5pbnUxbm94>

Оқыту курсы 2-ші күн: <https://www.instagram.com/reel/DRKCIAODHGd/?igsh=MW9xbGJ6Z3J4a2tpaQ==>

3 міндет. Оқыту курсынан өткен әйелдер мен қыздардың кемінде 5 бастамасын іске қосуға жәрдемдесу

№ 1 іс-шара. Оқыту курсынан өткен әйелдер мен қыздардың кемінде 5 бастамасын ісук қосуға жәрдемдесу

Жоба әйелдер мен қыздардың кәсіпкерлік дағдыларын дамыту, олардың табыс табуына жағдай жасау және өз бастамаларын жүзеге асыруға қолдау көрсету мақсатында ұйымдастырылды.

Жоба аясында 5 қатысушының бастамалары тәжірибелі менторлардың жетекшілігімен іске қосуға бағытталды.

Негізгі ментор ретінде Аздерова Шолпан Мерекенқызы – Жетісу облысы бойынша Respublika партиясы Re.Women канатының жетекшісі, кәсіпкер, Жетісу облысының іскер әйелдер қауымдастығының мүшесі бекітілді

I. Бірінші бастама – Kaspi.kz қосымшасында онлайн дүкен ашып интернетте сауда жүргізу. Идея авторы – Наргиз Камбаева. Тәжірибелік қолдау көрсеткен кәсіпкер – Айдана Армен, маркетплейс және Kaspi.kz бағытындағы эксперт. Бастаманың мақсаты – онлайн сауда алаңын тиімді пайдалана отырып, әйелдердің жеке кәсіпкерлік дағдыларын дамыту.

Міндеттері – Kaspi.kz дүкенін ашу, қойма және жеткізу процесін меңгеру, маркетингтік құралдарды қолдану.

Күтілетін нәтиже – 20–30 тауар карточкасын жүктеу, алғашқы айда 10 тапсырыс, тұрақты клиенттік база қалыптастыру. Менторлық есеп бойынша қатысушы тәжірибесі аз болғандықтан, тауар карточкасын жасау, логистика, сапалы фото түсіру бойынша нұсқаулық беріліп, дүкен ашу, тауар жүктеу және «жылдам жеткізу» қосу тапсырылды.

II. Екінші бастама – смала эпоксид бұйымдары мен әшекейлерін жасау бойынша қолөнер шеберханасын ашу. Идея авторы – Илияс Жазира Маратқызы. Қолдау көрсеткен кәсіпкер – Қыдыралина Ажар Сыдықбекқызы. Мақсаты – шығармашылықты табыс көзіне айналдыру және экологиялық, авторлық бұйымдарды нарыққа шығару.

Міндеттері – смала арқылы әшекейлер мен бұйымдар жасау, дизайн, технологияны меңгеру, Kaspi.kz және әлеуметтік желілер арқылы сату.

Күтілетін нәтиже – тұрақты өнім желісі, жергілікті нарықта авторлық бренд қалыптастыру. Менторлық есепте стиль таңдау, 5 негізгі өнім дайындау, студиялық фото түсіру ұсынылды. Тапсырмалар – MVP өнім дайындау, TikTok-та контент шығару, Kaspi-ге тауар жүктеу.

III. Үшінші бастама – тігін ательесін ашу. Идея авторы – Жазира Менғали. Қолдау көрсеткен кәсіпкер – Мира Галымжанова. Мақсаты – сапалы әрі қолжетімді тігін қызметін ұсыну.

Міндеттері – киім жөндеу, пішу, жеке тапсырыспен тігу, бағасын қалыптастыру.

Күтілетін нәтиже – айына 30–50 тапсырыс орындау, тұрақты клиент жинау. Менторлық есепте бастапқы кезеңде жөндеу қызметімен бастау, портфолио құру ұсынылды. Тапсырмалар – Instagram ашу, қызмет бағаларын дайындау.

IV. Төртінші бастама – ұлттық костюмдер тігу бойынша шығармашылық шеберхана ашу. Идея авторы – Корманбаева Ляззат. Қолдау көрсеткен кәсіпкер – Рахымжанова Асель. Мақсаты – ұлттық мұраларды жаңғыртып, этно-бренд қалыптастыру.

Міндеттері – қыз ұзату, беташар, сахналық ұлттық костюмдер тігу, аксессуарлар жасау, костюмдерді жалға беру.

Күтілетін нәтиже – айына 5–10 костюм дайындау, этно-бренд құру. Менторлық есепте 3 модель дайындау, бір костюмді толық тігіп, фотосессия жасау, TikTok-та 10 контент шығару тапсырылды.

V. Бесінші бастама – оқыту мектебі мен қысқа курстар ашу. Идея авторы – Ускенбаева Салтанат. Қолдау көрсеткен кәсіпкер – Қалиақпарова Динара Күмісбекқызы. Мақсаты – әйелдерге кәсіби дағдыларды үйрететін орталық қалыптастыру.

Міндеттері – қысқа курстар әзірлеу, офлайн/онлайн сабақтар өткізу, сертификат беру. Күтілетін нәтиже – 20–40 адамды оқыту және 30% қатысушының табыс табуды бастауы. Менторлық есепте 5 сабақтық курс жасау, Zoom+Telegram жүйесін қолдану ұсынылды. Тапсырмалар – курстың жоспары, тест сабақ, контент-календарь дайындау.

Жобаға тартылған менторлар мен кәсіпкерлер тізімі:

- Аздерова Шолпан Мерекенқызы – негізгі ментор;
- Айдана Армен – Касрі эксперт; Қыдыралина Ажар – әлеуметтік кәсіпкер;
- Галымжанова Мира – ателье иесі;
- Рахымжанова Асель – модельер-дизайнер;
- Қалиақпарова Динара – «Достық» орталығының басшысы.

2025 жылғы 10 қарашада Талдықорған қаласында аталып өткен 5 бастаманың барлығына қолдау көрсету және бастамаларға ментор ретінде Аздерова Шолпан Мерекенқызының тағайындау туралы «Жетісу жастары ұйымының Конгресі» ЖҚБ жиналысының хаттамасы рәсімделді.

Әлеуметтік желіден сілтемелер:

1-ші бастама- Камбаева Наргиз - <https://www.instagram.com/reel/DRhT1G1DM0P/?igsh=MWJhbDM2MHk0dXcyMQ==>

2-ші бастама- Корманбаева Ляззат - <https://www.instagram.com/reel/DRhWU87jLCR/?igsh=dHN6YzhoMjRjNGo0>

3-ші бастама-Жазира Менғали - <https://www.instagram.com/reel/DRhT94vDJCp/?igsh=emN5N3N2YnAycTY4>

4-ші бастама-Жазира Маратқызы- <https://www.instagram.com/reel/DRhaOCmDN4v/?igsh=MWZydjR6dXlzemtidg==>

5-ші бастама- Ускенбаева Салтанат- https://www.instagram.com/reel/DRhaQqFDE_H/?igsh=bnBpMnRybGpmZnc2

4 міндет. Курс түлектерінің желісін құру, олардың өз бетінше кемінде 10 іс-шара ұйымдастырып өткізуіне жағдай жасау

№ 1 іс-шара. Курс түлектерінің байланыс деректер базасын қалыптастыру

2025 жылы аталған бастама аясында курс түлектерінің тұрақты әрі тиімді желісін қалыптастыру жұмыстары толық көлемде жүзеге асырылды. Түлектердің кәсіби дағдыларын жетілдіру, олардың қоғамдағы белсенділігін арттыру және өздігінен қоғамдық-маңызды іс-шаралар ұйымдастыруына қолайлы орта қамтамасыз ету мақсатында бірқатар маңызды қадамдар қабылданды.

Курс түлектерінің өзара байланысын нығайту үшін арнайы коммуникациялық платформа (WhatsApp чат) құрылып, түлектердің бастамаларын үйлестіру мен тәжірибе алмасу жүйесі жолға қойылды. Чат-скрині және қатысушылар тізімі қоса берілді. Бұл желі арқылы түлектер тұрақты түрде ақпарат алмасып, өзара қолдау көрсетіп, жоспарланған іс-шаралар бойынша бірлесіп жұмыс істеді.

№ 2 іс-шара. Түлектердің өз бетімен жобалары бойынша іс-шаралар өткізуі (семинарлар, тренингтер, кездесулер)

Түлектердің өз бетімен іс-шара ұйымдастыруына толық мүмкіндік жасалды. Оларға әдістемелік нұсқаулықтар, ресурстық қолдау, мамандардың кеңесі, қажетті инфрақұрылым мен алаңдар ұсынылды. Қажет болған жағдайда түрлі сала мамандары тарапынан консультациялар беріліп, іс-шараны жоспарлау, ұйымдастыру және өткізу кезеңдерінде жан-жақты көмек көрсетілді.

Қатысушылар тізімі:

1. Оңболсын Аяулым – Талдықорған қаласы

2. Орманова Еркежан – Талдықорған қаласы
3. Медетқызы Қаламқас – Талдықорған қаласы
4. Жумагельдинова Альбина – Талдықорған қаласы
5. Жетпісбай Айару – Талдықорған қаласы
6. Қызайбай Ақерке – Талдықорған қаласы
7. Саметова Салтанат – Талдықорған қаласы
8. Байзақ Айзере – Талдықорған қаласы
9. Серікқалиқызы Қарақат – Талдықорған қаласы
10. Айт Әсел, Шырай Саматқызы – Талдықорған қаласы

Курс түлектерінің бастамасымен 10 әлеуметтік, мәдени және қоғамдық бағыттағы іс-шаралар сәтті ұйымдастырылып, жоспар бойынша толық орындалды. Әр кездесу бейнематериалы әлеуметтік желіге жарияланды.

Нәтижесінде, курс түлектерінің белсенді, тұрақты және ынтымақтастыққа бағытталған желісі құрылып, олардың бастамалары толық қолдау тауып, белгіленген міндет толық көлемде орындалды.

Түлектердің өздігінен ұйымдастырған іс-шаралары олардың көшбасшылық қабілетін арттырып, қоғамдық өмірге деген жауапкершілігін күшейтті және әлеуметтік белсенді азаматтар ретінде қалыптасуына зор үлес қосты.

Кездесу өткізу күні және әлеуметтік желіге жарияланым сілтемесі:

1. Оңболсын Аяулым – Талдықорған қаласы, І.Жансүгіров атындағы Жетісу университеті (10.11.2025ж. сағат 11:00)
<https://www.instagram.com/reel/DRbkNUejNii/?igsh=MXQ3NzNscnQ0MHZobg==>
2. Орманова Еркежан – Талдықорған қаласы, «Талдықорған жоғары медициналық колледжі» МКК (10.11.2025 ж. сағат 10:00)
<https://www.instagram.com/reel/DRbkcnJDDxu/?igsh=MWcyOHVzcmlpb2p5ZA==>
3. Медетқызы Қаламқас – Талдықорған қаласы, «Талдықорған жоғары медициналық колледжі» МКК (11.11.2025 ж. сағат 15:00)
https://www.instagram.com/p/DRd_VjaDL8M/?igsh=eWZybHlpZDBzbzhq
4. Жумагельдинова Альбина – Талдықорған қаласы, «Талдықорған жоғары медициналық колледжі» МКК (12.11.2025 ж. сағат 14:00)
<https://www.instagram.com/reel/DRbjAkrjED1/?igsh=bXlpejc0a2Fya3Ey>
5. Жетпісбай Айару – Талдықорған қаласы, І.Жансүгіров атындағы Жетісу университеті (12.11.2025 ж. сағат 13:00)
<https://www.instagram.com/reel/DRbj-qdjFad/?igsh=ZzVvZ3M0Y3phZzhr>
6. Қызайбай Ақерке – Талдықорған қаласы, «Жетісу жастары» Қонаев көшесі 47, үлкен зал. (13.11.2025 ж. сағат 10:00)
<https://www.instagram.com/p/DReAJzUjIi/?igsh=MXViemF3YWdiNWF5dQ==>
7. Саметова Салтанат – Талдықорған қаласы, «Талдықорған жоғары медициналық колледжі» МКК (13.11.2025 ж. сағат 10:00)
https://www.instagram.com/p/DRd_rQ3DI7t/?igsh=MW41eDNmNzFzazk3Zg==
8. Байзақ Айзере – Талдықорған қаласы, «Талдықорған жоғары медициналық колледжі» МКК (14.11.2025 ж. сағат 14:00)
<https://www.instagram.com/p/DRd--NrjP1V/?igsh=cnR5c2lueDd6Yzlj>
9. Серікқалиқызы Қарақат – Талдықорған қаласы, «Талдықорған құрылыс-техникалық колледжі» МКК (14.11.2025ж. сағат 13:00)
<https://www.instagram.com/reel/DRbjQXujP4P/?igsh=MTgxd2VwcDNzZWlvYw==>

10. Айт Әсел, Шырай Саматқызы – Талдықорған қаласы, «Жетісу жастары» Қонаев көшесі 47, көпсалалы зал. (17.11.2025 ж. сағат 15:00)
https://www.instagram.com/reel/DRd_8vTDGFr/?igsh=dGsyncGV4NXN4MzY1

5 міндет. Әйелдер көшбасшылығы және кәсіпкерлігі мәселелері бойынша конференция ұйымдастыру

№ 1 іс-шара. Әйелдер көшбасшылығы және кәсіпкерлігі мәселелері бойынша конференция ұйымдастыру

2025 жылдың 14 қараша күні Талдықорған қаласында орналасқан «Достық үйі» ғимаратының 1-қабатында «Бизнес пен қоғам: әйел көшбасшылығы» атты конференция ұйымдастырылды.

Бұл конференция Жетісу облысының әр ауданынан шақырылған кәсіпкер әйелдердің, әлеуметтік салада белсенді жұмыс істейтін көшбасшы азаматтардың және бизнес құрылымдарының өкілдерінің басын қосқан маңызды аймақтық іс-шара болды. Конференцияға 50-ден астам белсенді әйел көшбасшы қатысып, өз тәжірибесімен бөлісуге, білімін дамытуға, жаңа кәсіби байланыстар орнатуға мүмкіндік алды.

Іс-шараның басты мақсаты – өңірдегі әйелдердің көшбасшылық әлеуетін дамыту, кәсіпкерлік мүмкіндіктерін кеңейту, олардың әлеуметтік және экономикалық белсенділігін арттыру, сондай-ақ қоғамдағы әйел рөлін нығайтуға бағытталған өзекті мәселелерді талқылау болды.

Конференция спикерлері:

1. Даулетбаев Ержан Жанатұлы - ораторлық өнер бағытындағы жаттықтырушы. Конференция барысында әйел көшбасшыларына арнап көпшілік алдында сөйлеу дағдылары, сенімді коммуникация, аудиториямен жұмыс істеу және көшбасшылық мінез-құлық стратегиялары туралы мазмұнды тренинг жүргізді.

2. Қамажанова Динара Қуанышбекқызы - Жетісу облысының әлеуметтік кәсіпкерлер қауымдастығының резиденті, тәжірибелі әлеуметтік кәсіпкер. Ол әлеуметтік кәсіпкерліктің маңызы, қоғамға пайдалы жобаларды жүзеге асыру жолдары және әйелдер бизнесінің әлеуметтік әсері туралы кәсіби тәжірибесімен бөлісті.

3. Қахарбек Ерлік - «Банк ЦентрКредит» шағын бизнес RM маманы. Қатысушыларға шағын және орта бизнеске арналған қаржылық қолдау құралдары, кредиттеу шарттары және банкпен тиімді жұмыс істеудің негізгі қадамдары туралы ақпарат ұсынды.

Конференция бағдарламасы таңертеңгі 09:30-да қатысушыларды тіркеуден өткізумен басталды. Қатысушыларды қарсы алу барысында ұйымдастырушылар ақпараттық материалдар таратты, бағдарлама мазмұнымен таныстырды және келушілерді бағыттап отырды.

Сағат 10:00-де конференцияның салтанатты ашылу рәсімі өткізіліп, онда ұйымдастырушылар әйелдердің аймақтық дамудағы маңызын атап өтіп, осы іс-шараның әйелдердің кәсіби өсуіне және өңірдегі әлеуметтік бастамалардың күшеюіне ықпал ететінін айтты. Ашылу рәсімінен кейін конференция ресми түрде спикерлердің сөз сөйлеуімен жалғасты. Талғашқы спикер ретінде өз саласында тәжірибесі мол маман Камбаева Наргиз сөз сөйледі, ол кәсіпкерлік экожүйесінің қазіргі жағдайын, әйелдер бизнесінің рөлін, аймақтағы мемлекеттік қолдау құралдарын, гранттық бағдарламаларды және әйелдер үшін ашық жаңа мүмкіндіктерді таныстырды. Бұл бөлімде әйел кәсіпкерлерге бағытталған нақты ұсыныстар, бизнес бастау мен дамытуға арналған практикалық әдістер кеңінен түсіндірілді.

Конференцияның келесі маңызды тұсы – Даулетбаев Ержан Жанатұлының сөз сөйлеуі болды. Ол ораторлық өнер бағытындағы кәсіби жаттықтырушы ретінде қатысушыларға көпшілік алдында сөйлеу дағдылары, сенімді коммуникация құру, аудиторияны басқару тәсілдері, көшбасшының мінез-құлық стратегиялары, эмоционалды интеллектті дамыту әдістері жөнінде мазмұнды тренинг өткізді. Ержан Жанатұлы өз

тәжірибесіне сүйене отырып, әйел көшбасшылардың қоғамдағы рөлін арттырудың басты тетігі – дұрыс сөйлеу мәдениеті, сенімділік, ойды нақты және әсерлі жеткізу қабілеті екенін ерекше атап өтті.

Ол қатысушылармен түрлі жаттығулар орындап, олардың сөйлеу стилін, дауыс қою техникасын, сахналық еркіндігін қалыптастыруға ықпал етті. Бұл бөлім қатысушылардың қызығушылығын арттырып, олар көпшілік алдында сөз сөйлеу қорқынышын жеңуге мүмкіндік алды.

Конференцияның келесі спикері – Қамажанова Динара Қуанышбекқызы, Жетісу облысының әлеуметтік кәсіпкерлер қауымдастығының резиденті және тәжірибелі әлеуметтік кәсіпкер. Ол әлеуметтік кәсіпкерліктің мәнін, қоғам үшін пайдалы жобаларды жүзеге асырудың тиімді жолдарын, әлеуметтік бизнес моделінің ерекшеліктерін, халықтың әлсіз топтарына бағытталған жобаларды жүзеге асырудың практикалық тетіктерін кеңінен түсіндірді. Динара Қуанышбекқызы өзінің кәсіпкерлік жолында кездескен қиындықтар мен жетістіктерін бөлісіп, әйелдерге өз идеяларын жүзеге асыруда батыл болуға шақырды.

Оның сөзінде әлеуметтік жауапкершілік пен бизнестің тепе-теңдігі, қоғамға ықпал ету мәдениеті және әйелдердің әлеуметтік саладағы ерекше рөлі туралы маңызды ойлар айтылды.

Конференцияның келесі спикері – Қахарбек Ерлік, «Банк ЦентрКредит» ұйымының шағын бизнеске арналған RM маманы. Ол шағын және орта бизнеске арналған қаржылық құралдар, кредиттеу бағдарламалары, проценттік мөлшерлемелер, бизнес-жоспарларды қаржыландыру шарттары, банктік қолдау тетіктері туралы жан-жақты ақпарат берді.

Ерлік Қахарбек кәсіпкерлерге банкпен дұрыс жұмыс істеу жолдарын, қаржылық есепті сауатты жүргізу, жобаны қорғау, инвестиция тарту және қаржылық тәуекелдерді басқару бойынша нақты кеңестер ұсынды. Бұл бөлім бизнес жүргізу барысында қаржылық сауаттылықтың маңызын түсіндіріп, қатысушылардың бизнес идеяларын нақтылауға және қаржылық жоспарлауға көмектесті.

Конференция барысында қатысушылар спикерлермен еркін пікір алмасып, сұрақ-жауап форматында өздерін қызықтырған мәселелер бойынша толыққанды ақпарат алды. Әр спикер бөлімінен кейін қатысушылар жеке тәжірибелерімен бөлісіп, өз кәсібіндегі қиындықтар мен жоспарларын талқылап, сарапшылардан кәсіби қолдау алды.

Бұл ашық коммуникация алаңы конференцияның ең тиімді тұстарының бірі болды, себебі қатысушылар жаңа таныстықтар орнатып, кәсіби байланыстарын кеңейтуге мүмкіндік алды.

Іс-шара соңында ресми марапаттау рәсімі өткізілді, онда белсенді қатысушыларға алғыс хаттар мен арнайы сертификаттар табысталды. Бұл сәт әйелдердің кәсіби еңбегін бағалаудың, олардың дамуына мотивация берудің маңызды элементі болды.

Жалпы алғанда, «Бизнес пен қоғам: әйел көшбасшылығы» конференциясы Жетісу облысы әйелдері үшін кәсіби тәжірибе алмасуға, көшбасшылық дағдыларын дамытуға, жаңа білім мен қаржылық мүмкіндіктерге қол жеткізуге, сондай-ақ кәсіпкер әйелдердің өңірлік қауымдастығын нығайтуға арналған мәні зор, жоғары деңгейде ұйымдастырылған іс-шара болды.

Конференция әйелдердің әлеуетін арттырып қана қоймай, олардың қоғамдағы рөлін күшейтті, өз мүмкіндіктерін сеніммен жүзеге асыруға жол ашты.

Конференция 13:00 – 13:30 аралығында ұйымдастырылған кофе-брейкпен қорытындыланды. Кофе-брейк уақытында қатысушылар бейресми жағдайда әңгімелесіп, ортақ идеяларды талқылап, жаңа серіктестік мүмкіндіктерін ойластыруға мүмкіндік алды. Бұл бөлім қатысушылардың өзара жақындасуына және тәжірибе алмасуын жалғастыруға айтарлықтай әсер етті.

Әлеуметтік желіге жарияланым сілтемелері (парақша атауы: Zhetysu_Womenclub):

Конференция барысы: <https://www.instagram.com/reel/DRJ1ShZDEAz/?igsh=czA0c3o1ZmF4bDZl>

6 міндет. Сандық және сапалық көреткіштерге қол жеткізу

№ 1 іс-шара. Қатысушыларды жобаға тарту

Жоба аясында қатысушыларды тарту жұмыстары жоспарға сай толық орындалды. Жетісу облысы бойынша онлайн және офлайн форматтарды біріктіре отырып ақпараттық хабарламалар, әлеуметтік желілердегі таратылымдар, жергілікті ұйымдармен бірлескен түсіндіру кездесулері жүргізілді. Нәтижесінде қаржылық және құқықтық сауаттылық, сондай-ақ көшбасшылық бағытындағы іс-шараларға Жетісу облысының кемінде 900 әйелдері мен қыздары тартылып, жобаның қамту көлемі жоспардағы межеден асып түсті.

№ 2 іс-шара. Жобаға қатысушылардың деңгейін анықтау, әйелдердің өздерін көшбасшы ретінде сезіну және қоғамда белсенділік танытуға дайын болуы қабілеттерін жақсарту бойынша кері байланыс алу сауалнамасын өткізу

Жобаға қатысушылардың бастапқы деңгейін анықтау және олардың өзін көшбасшы ретінде сезінуі, қоғамдық белсенділікке дайындығы, мотивациясы мен сенімділігінің өзгерісін бағалау мақсатында онлайн форматта алдын ала сауалнама жүргізілді. Бұл сауалнама әйелдердің өз әлеуетін қаншалықты қолданатынын, қандай бағытта дамуды қажет ететінін айқындап, тренинг мазмұнын нақтылауға мүмкіндік берді.

Сонымен қатар, жоба аяқталғаннан кейін қатысушылардың қанағаттану деңгейін өлшеу мақсатында қағаз түрінде және онлайн форматта қорытынды сауалнама жүргізілді. Қағаз түріндегі сауалнамалардың жалпы көлемінің кемінде 3%-ы толтырылып, бір онлайн сауалнама жүктемесі қамтамасыз етілді. Сауалнама нәтижелері әйелдердің жобаға жоғары деңгейде қызығушылық танытқанын және ұсынылған тренингтердің тиімділігін айқын көрсетті. Қатысушылардың кемінде 70%-ы жоба мазмұнына толық қанағаттанғанын, іс-шаралардың пайдалы болғанын және алған білімдерін күнделікті өмірде қолданатынын атап өтті. 70% - дан жоғары.

Сауалнама жауаптары мен қорытынды есебі қосымшада көрсетілді

Жалпы алғанда, жобаға қатысушыларды тарту, сауалнама жүргізу және қанағаттану деңгейін бағалау көрсеткіштері толық орындалып, жоспарланған нәтижелерге қол жеткізілді.

Шарт талаптарына сәйкес жоба нәтижелерінің қорытынды жария презентациясы

№ 1 іс-шара. 2025 жылы жобаны іске асыруды қорытындылау презентациясы

Шарт талабына сәйкес әйелдердің көшбасшылық, қаржылық және құқықтық құзыреттерін арттыру және дамыту жобасы бойынша жоба нәтижелерінің қорытынды жария презентациясы әлеуметтік желіге жарияланды. Әлеуметтік желідегі презентациясы қаралымы 159 адамды қамтылды.

<https://www.instagram.com/reel/DRWEYtNCLP2/?igsh=Z3I2NjZlbn4OG1s>

Шарт талаптарына сәйкес жобаның орындалу барысы туралы ақпараттық жұмыс

№ 1 іс-шара. Жобаны іске асыру барысы туралы ақпараттық жұмыс жүргізу

Мақсатты аудиторияны айқындау үшін ақпараттық стратегияны әзірлеу есебі берілді, жобаның ресми Instagram zhetysu_womenclub парақшасы ашылып, жоба бойынша өткен барлық іс-шаралар жарияланды.

БАҚ-та өткен шаралар бойынша мақала жарияланды, баспасөз конференциясы өткізілді, өткен іс-шаралар бойынша сұхбат алынып, репортаж түсірілді.

Жобаның ресми Instagram парақшасы:

https://www.instagram.com/zhetysu_womenclub?igsh=MTNqYWp4amZzdjkdA%3D%3D&utm_source=qr

БАҚ-та мақала жариялау:

<https://vestnik19.kz/news/obshestvo/v-zhetisu-realizuyut-proekt-po-povysheniyu-liderskih-navykov-zhenshin-55832/>

<https://egemen.kz/article/400208-zhetisu-oblysynda-kasipkerlikke-bet-burghan-ayelder-kobeyip-keledi>

Баспасөз конференциясы:

<https://www.instagram.com/reel/DRmHV4rjHms/?igsh=Y2Nlam44djBpM201>

Сұхбат және түсініктеме:

<https://www.instagram.com/reel/DRJ9j24DOtm/?igsh=MWpmNjgwaWlnbWZz>

https://www.instagram.com/reel/DRJ980_DHrN/?igsh=M3c wd3R5ZHNiMHpu

Репортаж:

<https://www.instagram.com/reel/DQuGffuDCIZ/?igsh=dXU1dm96Z3pwbndy>

Жергілікті және республикалық БАҚ-та жарияланым:

<https://egemen.kz/article/400208-zhetisu-oblysynda-kasipkerlikke-bet-burghan-ayelder-kobeyip-keledi>

Видеоролик:

<https://www.instagram.com/reel/DRKClAODHGd/?igsh=NG1xZWZzbGx0amp3>

1) Әлеуметтік жобаның, әлеуметтік бағдарламаның мақсаттарына қол жеткізу және алынған нәтижелері:

Жоба Жетісу облысының әйелдері мен қыздарының қаржылық, құқықтық сауаттылығын арттыру, көшбасшылық қабілеттерін дамыту және кәсіпкерлік әлеуетін көтеру мақсаттарына толық қол жеткізді. Нәтижесінде, жобаның негізгі іс-шараларына 200-ден астам әйел мен қыз тартылып, олардың білім деңгейі мен кәсіби дағдылары нығайды.

«Бизнес пен қоғам: әйел көшбасшылығы» атты конференция ұйымдастырылып, оған 50-ден астам әйел көшбасшы қатысты. Конференция

қатысушыларға кәсіби тәжірибе алмасу, жаңа байланыстар орнату және өз кәсіби әлеуетін арттыру мүмкіндігін берді.

Сонымен қатар, конференция барысында қатысушыларға қаржылық, құқықтық және көшбасшылық дағдылар бойынша практикалық кеңестер ұсынылды.

Жоба аясында қаржылық және құқықтық сауаттылық бойынша тренингтер өткізілді, оған республикалық деңгейдегі тренерлер тартылды. Бұл тренингтер қатысушыларға өз бизнес-жобаларын дамытуға қажетті ақпарат, қаржылық жоспарлау және құқықтық аспектілерді басқару бойынша нақты білім берді.

Бұдан бөлек, қатысушылар арасында кәсіби байланыс желісі қалыптастырылды. Жоба барысында алынған тәжірибе әйелдердің өз идеяларын іске асыруға, жеке жобаларын бастауға және өз қоғамында белсенді рөл атқаруға мүмкіндік берді.

Қатысушылардың жобадан қанағаттану деңгейі жоғары болды: сауалнама нәтижелері бойынша 70%-дан астам қатысушы алған білімін іс жүзінде қолдануға дайын екенін көрсетті. Бұл көрсеткіш жобаның тиімділігін және мақсатқа қол жеткізгенін нақты дәлелдеді.

Жалпы алғанда, жоба Жетісу облысының әйелдері мен қыздарының әлеуетін арттыруға, олардың кәсіби дамуына және қоғамдағы белсенділігін нығайтуға бағытталған нақты нәтижелерге қол жеткізді.

2) Мақсатқа қол жеткізу (фактілерді сипаттау және мақсатқа қол жеткізу туралы дәлелдерді көрсету):

Жобаны іске асыру барысында қатысушыларды тарту жұмыстары тиімді жүргізілді. Жетісу облысының 8 ауданы мен 2 қаласында онлайн және офлайн форматта ақпараттық хабарламалар, әлеуметтік желілердегі посттар және жергілікті ұйымдармен бірлескен түсіндіру кездесулері өткізілді. Нәтижесінде жобаның 900 әйел мен қызға жетуі қамтамасыз етілді, бұл нысаналы көрсеткіштен асып түсті.

Конференция мен тренингтерге қатысушылардың өзара тәжірибе алмасуы мен сұрақ-жауап сессиялары ұйымдастырылды. Бұл қатысушыларға кәсіби дағдыларын жетілдіруге, көшбасшылық қабілеттерін дамытуға және әлеуметтік кәсіпкерлік тәжірибесін үйренуге мүмкіндік берді.

Жоба барысында алынған сауалнама нәтижелері нақты көрсеткіштермен мақтана алады. Алдын ала және қорытынды сауалнамаларға сәйкес, 70%-дан астам қатысушы жобаның мазмұнына қанағаттанғанын және алған білімдерін күнделікті өмірде қолдануға ниетті екенін растады. Бұл көрсеткіш жобаның тиімді жүзеге асырылғанын дәлелдейді.

Жоба спикерлері мен тренерлердің тәжірибесі арқылы қатысушылар өз жобаларын іске асыруға нақты қадамдар алды. Қаржылық және құқықтық сауаттылық бойынша тренингтер қатысушылардың кәсіби шешім қабылдау қабілеттерін жетілдіріп, өз идеяларын жүзеге асыруға сенімділік берді.

Жалпы, жобаға қатысушылар кәсіби байланыс желісін қалыптастырып, жаңа серіктестік мүмкіндіктерін талқылады, бұл олардың әлеуметтік және экономикалық белсенділігін арттыруға мүмкіндік берді. Жобаның барлық нысаналы көрсеткіштері орындалды және мақсатқа толық қол жеткізілді.

3) Жоспарланған нәтижелердің алынған нәтижелерге сәйкестігі; егер жоспардан ауытқу орын алса, оның негіздемесі: Барлық негізгі іс-шаралар жоспарға сәйкес өткізілді. Ауытқу орын алмады.

4) Әлеуметтік жобаны, әлеуметтік бағдарламаны іске асыру аяқталғаннан кейін және/немесе іске асыру кезінде болған әлеуметтік және басқа да өзгерістерді өлшеу (жобаға дейінгі ахуалды және жоба аяқталған кездегі ахуалды салыстыру, жоба шеңберінде проблемаларды мен міндеттерді шешу дәрежесі):

Жобаға дейінгі ахуал:

Жетісу облысындағы әйелдер мен қыздардың қаржылық, құқықтық сауаттылығы мен көшбасшылық дағдылары жеткіліксіз деңгейде болды. Көптеген қатысушылар өз кәсіби әлеуетін толық пайдалана алмай, әлеуметтік және экономикалық белсенділіктен шет қалған. Жеке жобаларды бастауға немесе қоғамдағы белсенді рөл атқаруға қажетті нақты ақпарат пен практикалық дағдылар жеткіліксіз еді.

Жоба шеңберінде жүзеге асқан іс-шаралар:

Жоба барысында конференциялар, тренингтер, дәрістер, жеке және топтық сабақтар ұйымдастырылды. Осы іс-шараларға 200-ден астам әйел мен қыз тартылып, олардың қаржылық, құқықтық және көшбасшылық дағдылары дамыды. Әр қатысушы алған білімін тәжірибеде қолдануға мүмкіндік алды.

Қатысушылардың дағдысы мен әлеуметтік белсенділігінің өсуі:

Алдын ала және қорытынды сауалнама нәтижелері көрсеткендей, қатысушылардың 70%-дан астамы өз әлеуетін іске асыруға дайын екенін және алған білімдерін күнделікті өмірде қолданатынын атап өтті. Бұл көрсеткіш қатысушылардың әлеуметтік белсенділігінің нақты артқанын дәлелдейді.

Жобаның әлеуметтік әсері:

Жалпы алғанда, жоба әйелдердің кәсіби және әлеуметтік ахуалын елеулі түрде жақсартты. Қатысушылар өз құқықтарын, қаржылық мүмкіндіктерін жақсырақ түсініп, қоғамдағы белсенді рөлге дайын болды. Жоба әлеуметтік және кәсіби өзгерістерге нақты үлес қосты.

II. Әлеуметтік жобаға, әлеуметтік бағдарламаға қатысушылар бөлінісінде

Статистикалық ақпарат:

1) Гендерлік көрсеткіш:

Жобаға қатысушылардың саны барлығы	Ерлер	Әйелдер
909	-	909

2) Санаттары бойынша әлеуметтік мәртебесі:

Жобаға қатысушы саны (барлығы)	Балалар (оның ішінде мүгедек балалар)	Жастар	Мемлекеттік қызметкерлер	Бюджеттік ұйымдар жұмысшылары	Мүгедектігі бар тұлғалар	Егде жастағылар (50+)	Жұмыссыздар	Қоғамдық ұйымдар өкілдері	Бизнес-сектор өкілдері	Басқа санаттар
909	-	708	35	13	-	6	20	4	48	75

3) Жас ерекшелігінің көрсеткіші:

Жалпы саны (барлығы)	13–16 жас	17–22 жас	23–27 жас	28–32 жас	33–45 жас	46–58 жас	59 жас және одан жоғары
909	246	379	136	75	58	15	

III. Жобаның нәтижелері:

1) Көрсетілген насаналы топтардың жобаны іске асыру барысында (сандық көрсеткіштерді көрсете отырып, сапалық қозғалыстарды сипаттай отырып) алған нақты нәтижелері:

Жобаға Жетісу облысының әр ауданынан және қалаларынан 900-ден астам әйел мен қыз тартылды. Бұл көрсеткіш жоспардан асып, қатысушылардың қаржылық, құқықтық және көшбасшылық дағдыларын дамытуға мүмкіндік берді. Сандық көрсеткіштерге сүйенсек:

- қаржылық және құқықтық сауаттылық бойынша кемінде 50 қатысушыға кешенді оқыту курсы өткізілді;
- республикалық деңгейдегі 2 тренер қатысып, қатысушыларға кәсіби деңгейде білім берді;
- қатысушылардың кемінде 5 жеке бастамасын іске қосуы қамтамасыз етілді;
- курс түлектері өз бетінше кемінде 10 іс-шара ұйымдастырды, кәсіби және әлеуметтік байланыстарын кеңейтті.

Сапалық көрсеткіштерге келсек, қатысушылар өз әлеуетін іске асыруға сенімділігін арттырды, көпшілігі өз бизнес-идеяларын іске асыруға белсенділік танытты, қоғамдағы рөлін нығайтуға дайын болды. 70%-дан астам қатысушы жоба мазмұнына толық қанағаттанғанын және алған білімін өмірінде қолданатынын көрсетті.

2) Жобаны іске асыру барысында шешілуге тиісті проблемаға жобаның ұзақмерзімді ықпалы (жобадан туындаған осы немесе өзге саладағы болжамды оң/жағымсыз өзгерістерді негіздеу):

Жоба басталғанға дейін әйелдер мен қыздар арасында қаржылық, құқықтық сауаттылық төмен болды, кәсіби көшбасшылық тәжірибесі шектеулі болды, әлеуметтік белсенділік деңгейі төмен еді. Жоба арқылы:

- қатысушылар қаржылық сауаттылық пен құқықтық білімін арттырды, бизнес пен әлеуметтік жобаларды жүзеге асыруда нақты әрекеттерге дайын болды;
- кәсіби және әлеуметтік желілер құрылды, бұл қатысушылардың қоғамдағы белсенділігін ұзақ мерзімді қолдайды;

Жобаның ұзақмерзімді ықпалы – өңірде әйелдер көшбасшылығы мен кәсіпкерлігін арттыру, әлеуметтік бастамаларды кеңейту, және жастар арасында қаржылық-құқықтық білімді тарату болып табылады. Болжамды оң өзгерістер: қатысушылар жаңа жобаларды іске қосып, өз қоғамдастықтарында үлгі көрсетеді. Жағымсыз ықпалдың мүмкіндігі аз, тек кейбір қатысушылардың жеке белсенділігін шектеулі ресурстар немесе қолдаудың жоқтығы әсер етуі мүмкін.

3) Іске асырылған жобаның әлеуметтік-экономикалық әсері:

Қорытындылай келе, жоба әлеуметтік және экономикалық көрсеткіштердің нақты өсуіне ықпал етті, қатысушылардың көшбасшылық қабілеттері артты, және өңірдегі әйелдер кәсіпкерлігі мен белсенділігін қолдаудың тиімді үлгісі болды.

Әлеуметтік әсері:

Қатысушылардың кәсіби дағдылары мен көшбасшылық қабілеттері артты, өз әлеуетін жүзеге асыруға сенімі нығайды. Конференциялар, тренингтер және оқыту курстары барысында қатысушылар әлеуметтік желілер мен қауымдастықтар арқылы тәжірибе алмасты, өз бастамаларын іске асыруға мүмкіндік алды. Жоба нәтижесінде:

- қатысушылар өз қоғамдық рөлін белсенді орындауға дайын болды;
- әйелдер мен қыздар арасында көшбасшылық мәдениеті мен жауапкершіліктің қалыптасуы қамтамасыз етілді;
- көптеген қатысушылар өз идеяларын жүзеге асыру арқылы қоғамдағы нақты мәселелерді шешуге үлес қосты (мысалы, әлеуметтік жобалар немесе кәсіби бастамалар).

Жалпы, жоба өңірдегі әйелдер қауымдастығының әлеуметтік байланыстарын нығайтып, қоғамдағы гендерлік теңдік пен әйелдердің белсенді қатысуын арттыруға ықпал етті.

Экономикалық әсері:

Жоба қатысушылардың қаржылық сауаттылығын және кәсіпкерлік дағдыларын арттыру арқылы өңірлік экономикалық дамуға тікелей әсер етті. Төмендегідей нақты нәтижелер айқындалды:

- қатысушылар кәсіп бастау немесе өз бизнестерін кеңейту үшін нақты қадамдар жасады;
- жоба барысында 50 әйелге арналған кешенді оқыту курсы өткізіліп, олардың кемінде 5 жаңа бастамасы іске қосылды;
- қаржылық және құқықтық білімнің өсуі арқылы қатысушылар бизнес жоспарларын дұрыс құру, инвестиция тарту және қаржылық тәуекелдерді басқаруды үйренді;
- жоба өңірдегі жеке кәсіпкерліктің дамуына және жаңа жұмыс орындарының құрылуына ықпал етті, сондай-ақ әйелдердің экономикалық тәуелсіздігін арттырды.

Есепті кезеңде грант шеңберінде іске асырылған әлеуметтік жобалар, әлеуметтік бағдарламалар туралы мәліметтер

Грант алушы: Жетісу жастары ұйымының конгресі ЖҚБ

Басым бағыттың атауы: Әкелер институтын дамыту, ұлдарды болашақ әке ретінде тәрбиелеуге жәрдемдесу және әкелерді бала тәрбиесі процесіне белсенді қатыстыру

I. Сандық көрсеткіштерді келтіре отырып, әлеуметтік жобаның, әлеуметтік бағдарламаның барлық іс-шаралары бойынша жалпы ақпарат (іс-шараның өткен күні, орны, тақырыбы мен нысаны, қатысушылар саны, жоспарланған іс-шаралардың толық орындалуы):

1 міндет. Жетісу облысының 8 ауданы мен 2 қаласында ата-аналар комитеттері мен әкелердің қатысуымен кемінде 2 кездесу және жиын өткізу

№ 1 іс-шара. Жетісу облысының 8 ауданы мен 2 қаласында ата-аналар комитеттері мен әкелердің қатысуымен кездесулер өткізу.

Қамтылатын өзекті тақырыптар:

- ұл балаларды тәрбиелеудегі заманауи сын қатерлер;*
- жауапты әке болу: әкенің құқықтары мен міндеттері;*
- балаларда отбасылық құндылықтарды қалыптастыру,*
- әкелердің мектеп өміріне араласу тәсілдері.*

Жетісу облысының 8 ауданы мен 2 қаласының мектеп және колледждерінде ұл балаларды тәрбиелеудегі заманауи сын қатерлер, жауапты әке болу: әкенің құқықтары мен міндеттері, балаларда отбасылық құндылықтарды қалыптастыру, әкелердің мектеп өміріне араласу тәсілдері тақырыптарында кездесу өтті.

Әр кездесуге 15 ұл және 10 әке - жалпы саны 20 кездесуге: 300 ұл, 100 әке қатысты.

Кездесулерге спикерлер ретінде:

- Айдарали Жанатбек - айтыскер ақын, Жетісу облысының халық шығармашылығы орталығының әдіскері;
- Сағи Асанхан - тележүргізуші, ақын;
- Құрметбек Сансызбай - қоғам қайраткері, журналистер одағының мүшесі, ақын-жазушы, Жетісу облыстық қоғамдық кеңестің мүшесі;
- Бақытбек Раев - Панфилов ауданы, Ынтымақ ауылдық мәдениет үйінің директоры, көпбалалы әке;
- Арнаева Жанар - Алакөл ауданының Жанұя отбасын қолдау және белсенді ұзақ өмір сүру орталығының психологі таңдалды.

Әр кездесудің соңында қатысушыларға арнайы дайындалған парақшалар мен ақпараттық буклеттер таратылды.

Таратпа материалдарда: әке рөлінің бала тәрбиесіндегі психологиялық және құқықтық аспектілері; жасөспірімдердің мінез-құлқындағы өзгерістерді түсіну тәсілдері; отбасы ішілік коммуникацияны жақсарту жолдары; мектеп пен отбасының өзара серіктестігін нығайтудың тиімді модельдері көрсетілді.

Кездесу барысында қатысушылар қоғамда жиі кездесетін келесі мәселелерді талқылады:

- отбасыдағы әкенің тәрбиелік рөлінің әлсіреуі;
- ұл балалар арасында агрессия, интернетке тәуелділік, мотивация тапшылығы сияқты заманауи қиындықтар;
- әке мен бала арасындағы сенімді қарым-қатынасты қалыптастырудағы кедергілер;
- білім беру ұйымдарындағы ата-аналардың белсенділігін арттыру қажеттілігі.

Қатысушылар бұл мәселелердің шешілуі отбасы – мектеп – қоғам байланысының күшеюіне тікелей тәуелді екенін атап өтті.

Жетісу облысының 8 ауданы мен 2 қаласында өткен кездесулер:

- әкелердің бала тәрбиесіне көзқарасын өзгертуге; мектеп пен отбасының серіктестігін нығайтуға;
- ұл балалардың болашаққа деген жауапкершілігін арттыруға; отбасылық құндылықтарды нығайтуға елеулі үлес қосты.

Қатысушылардан жиналған кері байланыс кездесулердің мазмұнының өзекті екенін, осындай форматтағы шараларды тұрақты өткізудің маңыздылығын көрсетті. Әкелер мен ұлдар арасындағы ашық диалог олардың қарым-қатынас сапасын жақсартуға бағытталған жаңа түсінік қалыптастырды.

1. 2025 жылғы 30 қыркүйек күні сағат 11:30 Сарқан ауданы, Сарқан қаласы, Н.Островский атындағы орта мектеп.

Іс-шара сілтемесі: <https://www.instagram.com/reel/DQFNjvjKa1/?igsh=MW5qcTU1bTg1aGdkNg==>

1-1. 2025 жылғы 30 қыркүйек күні сағат 13:00 Сарқан ауданы, Сарқан қаласы, Абай атындағы мектеп-гимназия.

Іс-шара сілтемесі: <https://www.instagram.com/reel/DQG12ntjANN/?igsh=dGI5bTB1aXh5MGpj>

2. 2025 жылғы 01 қазан күні сағат 11:30 Ақсу ауданы, Жансүгір ауылы, Қ. И. Сәтпаев атындағы орта мектеп.

Іс-шара сілтемесі: <https://www.instagram.com/reel/DQG2JwBDJWp/?igsh=MWY1eXZ1czM4ZTB2Zg==>

2-1. 2025 жылғы 01 қазан күні сағат 13:00 Ақсу ауданы, Жансүгір ауылы, Ж. Сыдық атындағы орта мектеп.

Іс-шара сілтемесі: <https://www.instagram.com/reel/DQG2bcrjOSX/?igsh=ZXpsbzM4czQ2ZXBh>

3. 2025 жылғы 02 қазан күні сағат 09:00 Көксу ауданы, Балпық би ауылы, Қ. Жалайыри атындағы орта мектеп.

Іс-шара сілтемесі: <https://www.instagram.com/reel/DQG2rKMjDn8/?igsh=MTBqdWMwOGdqMmdteQ==>

3-1. 2025 жылғы 02 қазан күні сағат 11:30 Көксу ауданы, Балпық би ауылы, Б. Құндақбаева атындағы орта мектеп.

Іс-шара сілтемесі: <https://www.instagram.com/reel/DQG3EBOjFwA/?igsh=MXBxcTAzaXN1d2Vwbw==>

4. 2025 жылғы 07 қазан күні сағат 11:30 Кербұлақ ауданы, Сарыөзек ауылы, Күреңбел қазақ орта мектебі.

Іс-шара сілтемесі: <https://www.instagram.com/reel/DQG3vGCDHAo/?igsh=MTdreGh5b3lsMW13OQ==>

- 4-1. 2025 жылғы 07 қазан күні сағат 13:00 Кербұлақ ауданы, Сарыөзек ауылы, Д. Қонаев атындағы орта мектеп.
Іс-шара сілтемесі: <https://www.instagram.com/reel/DQG35CCDEId/?igsh=MTIwaG8zeXA1ZzZleA==>
5. 2025 жылғы 08 қазан күні сағат 11:30 Ескелді ауданы, Титов атындағы орта мектеп.
Іс-шара сілтемесі: <https://www.instagram.com/reel/DQG7DO5DHHz/?igsh=MWwzYTF2d2F5cGIyMg==>
- 5-1. 2025 жылғы 08 қазан күні сағат 13:00 Ескелді ауданы, Қарабұлақ ауылы, Шестаков атындағы орта мектеп.
Іс-шара сілтемесі: <https://www.instagram.com/reel/DQG7YDGjE15/?igsh=aXZpNGtvMjZoemNw>
6. 2025 жылғы 09 қазан күні сағат 11:30 Текелі қаласы, 8 орта мектеп.
Іс-шара сілтемесі: <https://www.instagram.com/reel/DQG7ueBjA3F/?igsh=MWc1Zm5sOWt2dmQ0eg==>
- 6-1. 2025 жылғы 09 қазан күні сағат 13:00 Текелі қаласы, 4 орта мектеп.
Іс-шара сілтемесі: <https://www.instagram.com/reel/DQG7ueBjA3F/?igsh=MWc1Zm5sOWt2dmQ0eg==>
7. 2025 жылғы 10 қазан күні сағат 09:00 Талдықорған қаласы, 2 орта мектеп.
Іс-шара сілтемесі: <https://www.instagram.com/reel/DQG8YObDFPD/?igsh=YzNpaWhodnQybjNl>
- 7-1. 2025 жылғы 10 қазан күні сағат 11:30 Талдықорған қаласы, Агротехникалық колледж.
Іс-шара сілтемесі: <https://www.instagram.com/reel/DQG8YObDFPD/?igsh=YzNpaWhodnQybjNl>
8. 2025 жылғы 13 қазан күні сағат 11:30 Алакөл ауданы, Үшарал қаласы, А.Байтұрсынұлы атындағы орта мектеп.
Іс-шара сілтемесі: <https://www.instagram.com/reel/DQG8-8ZjLp1/?igsh=NG51M2Y4cjkybTnr>
- 8-1. 2025 жылғы 13 қазан күні сағат 13:00 Алакөл ауданы, Үшарал қаласы, Б. Алтынсарин атындағы орта мектеп.
Іс-шара сілтемесі: <https://www.instagram.com/reel/DQG8-8ZjLp1/?igsh=NG51M2Y4cjkybTnr>
9. 2025 жылғы 14 қазан күні сағат 11:30 Қаратал ауданы, Үштөбе қаласы, К. Тоқаев атындағы орта мектеп.
Іс-шара сілтемесі: <https://www.instagram.com/reel/DQG9cjCjHJc/?igsh=MXJxZXdnemw3bDZubg==>
- 9-1. 2025 жылғы 14 қазан күні сағат 13:00 Қаратал ауданы, Үштөбе қаласы, М. Горький атындағы орта мектеп.
Іс-шара сілтемесі: <https://www.instagram.com/reel/DQG9oSxDFo8/?igsh=MTNjb2cwejdteGticg==>
10. 2025 жылғы 15 қазан күні сағат 11:30 Панфилов ауданы, Жаркент қаласы, Жамбыл атындағы орта мектеп.
Іс-шара сілтемесі: <https://www.instagram.com/reel/DQG954HjE3g/?igsh=bXR1enZpMjNjNjdt>
- 10-1. 2025 жылғы 15 қазан күні сағат 13:00 Панфилов ауданы, Жаркент қаласы, Ш. Уәлиханов атындағы орта мектеп.
Іс-шара сілтемесі: <https://www.instagram.com/reel/DQG-EB0DJ8v/?igsh=MWVseXV3d3piaXhubA==>

2-міндет. Жетісу облысының 8 ауданы мен 2 қаласында әке мен баланың қарым-қатынасын нығайтуға бағытталған кемінде 1 спорттық іс-шара ұйымдастыру

№ 1 іс-шара Әке мен бала арасындағы қарым-қатынасты нығайту мақсатында әртүрлі спорттық іс-шаралар ұйымдастыру (футбол, волейбол, мини-футбол, эстафеталар)

Жетісу облысының 8 ауданы мен 2 қаласында әке мен баланың қарым-қатынасын нығайтуға бағытталған кемінде 1 спорттық іс-шара ұйымдастырылды.

Әрбір аймақта өткізілген бұл бастамалар отбасы мүшелерінің, әсіресе әке мен ұл баланың арасындағы өзара сенім мен жақындықты арттыруға, бірлескен әрекеттің қуанышын сезінуге және салауатты өмір салтын насихаттауға бағытталды. Бұл ретте, іс-шараға жалпы саны облыс көлемінде 50 команда қатысты (әр ауданда 5 команда).

Жалпы іс-шаралар бағдарламасына әке мен баланың командалық ынтымағын арттыратын түрлі эстафеталық жарыстар енгізілді. Олардың ішінде:

- «Әке мен Ұл» командалық жүгіру эстафетасы;
- кедергілер жолағын бірге еңсеру;
- доппен тапсырмалар орындау (дриблинг, дәлдікке лақтыру, футбол элементтері);
- арқан тарту, секіру, шапшаңдық жаттығулары;
- шағын командалық ойындар (мини-футбол, баскетбол, қол добынан жаттығулар).

Бұл ойындар баланың физикалық белсенділігін арттырумен қатар, әкелердің баламен бірлескен іс-әрекет арқылы қарым-қатынасын нығайтуына мүмкіндік берді.

Спорттық бағдарламаның негізгі мақсаты - әкелерді балаларының өміріне көбірек тарту, эмоциялық байланыс орнату және отбасы ішіндегі серіктестік пен сенімділікті күшейту болды.

Осы мақсатта ұйымдастырылған ойындар бірнеше маңызды нәтижелер көрсетті:

1. Әке - бала байланысының күшеюі - эстафета барысында әкелер балаларына қолдау көрсетіп, бағыт-бағдар беріп, бірге әрекет етті. Бұл балаларға қауіпсіздік сезімін, мақтаныш пен сенім ұялатса, әкелер үшін баласының қызығушылықтарын тереңірек түсінуге жол ашты.

2. Психологиялық жақындықтың артуы - бірлесіп жеңіске ұмтылу, командалық рух, жетістікке бірге жету — әке мен бала арасындағы эмоционалды байланысты нығайтты. Көптеген қатысушылар мұндай форматтың арадағы алшақтық пен ұяндықты азайтатынын атап өтті.

3. Салауатты өмір салтын насихаттау - ұйымдастырылған спорттық іс-шаралар балалар арасында ғана емес, ересектер арасында да денсаулық мәдениетін күшейтуге ықпал етті.

4. Қоғамдастықты біріктіру - аудан мен қалаларда өткен іс-шаралар жергілікті қауымдастықтардың бірлігін арттырды. Әкелер, ұстаздар, ата-аналар мен балалар арасындағы қарым-қатынас нығайып, мектеп пен отбасының өзара ынтымақтастығы күшейді.

Жетісу облысының 8 ауданы мен 2 қаласында өткізілген спорттық іс-шаралар:

- отбасылық қарым-қатынастарды нығайтты; әке мен баланың өзара түсіністігін арттырды;
- балалардың қызығушылықтары мен әкелердің жауапкершілігін біріктірудің тиімді жолы болды;
- салауатты өмір салтын қалыптастыруға үлес қосты.

Өткізілген іс-шаралар нәтижесінде әр аудан, қала бойынша жеңімпаздар анықталды:

Алакөл ауданы жеңімпаздары: 1-орын: Жайнаковтар отбасы, 2-орын: Әлібектер отбасы, 3-орын: Алтынбековтар отбасы.

Қаратал ауданы жеңімпаздары: 1-орын: Сатаевтар отбасы, 2-орын: Абдимуратовтар отбасы, 3-орын: Жұмабек отбасы.

Ақсу ауданы жеңімпаздары: 1-орын: Қаташев отбасы, 2-орын: Нұржигитов отбасы, 3-орын: Қуандық отбасы.

Кербұлақ Ақсу ауданы жеңімпаздары: 1-орын: Найденовтар отбасы, 2-орын: Қуатбековтар отбасы, 3-орын: Каскараубаевтар отбасы.

Панфилов ауданы жеңімпаздары: 1-орын: Рустановтар отбасы, 2-орын: Құрманғали отбасы, 3-орын: Тохтахуновтар отбасы.

Көксу ауданы жеңімпаздары: 1-орын: Сұлтановтар отбасы, 2-орын: Жебегендер отбасы, 3-орын: Сағымбековтар отбасы.

Сарқан ауданы жеңімпаздары: 1-орын: Есімжан отбасы, 2-орын: Рахимбаевтар отбасы, 3-орын: Толенбаевтар отбасы.

Ескелді ауданы жеңімпаздары: 1-орын: Жалын тобы, 2-орын: Найза тобы, 3-орын: Алмас тобы.

Текелі қаласы жеңімпаздары: 1-орын: Жорақұловтар отбасы, 2-орын: Чупровтар отбасы, 3-орын: Базарбаевтар отбасы;

Талдықорған қаласы жеңімпаздар: 1-орын: Оналбековтар отбасы, 2-орын: Омарбековтар отбасы, 3-орын: Бектибаевтар отбасы.

Сонымен қатар, іс-шаралардың ашықтығын қамтамасыз ету мақсатында фото және видео материалдар түсіріліп, іс-шара туралы ақпарат әлеуметтік желіде жарияланды.

2025 жылғы 13 қазан, Алакөл ауданы, Үшарал қаласы.

Іс-шара сілтемесі: <https://www.instagram.com/reel/DRHtYP3DA1f/?igsh=eWpvMGFvMXhvd2l6>

2025 жылғы 14 қазан, Қаратал ауданы, Үштөбе қаласы.

Іс-шара сілтемесі: <https://www.instagram.com/reel/DRHunQwDL13/?igsh=YWw3aWFyZGw4cHZm>

2025 жылғы 15 қазан, Панфилов ауданы, Жаркент қаласы.

Іс-шара сілтемесі: <https://www.instagram.com/reel/DRHwGHojOpB/?igsh=NWN3bjlreHlqNWk=>

2025 жылғы 11 қараша, Ақсу ауданы, Жансүгір ауылы.

Іс-шара сілтемесі: <https://www.instagram.com/reel/DRH7nVNDCXw/?igsh=d2c2bG5kajFIYzNl>

2025 жылғы 13 қараша, Кербұлақ ауданы, Сарыөзек ауылы.

Іс-шара сілтемесі: <https://www.instagram.com/reel/DRH92K7jMN5/?igsh=MWc5Z21hZGVoaGZ3bw==>

2025 жылғы 14 қараша, Көксу ауданы, Мәмбет ауылы.

Іс-шара сілтемесі: <https://www.instagram.com/reel/DRREg4mDCa3/?igsh=MWwzN21ra2M3b3Axcg==>

2025 жылғы 18 қараша, Сарқан ауданы, Бақалы ауылы.

Іс-шара сілтемесі: <https://www.instagram.com/reel/DRRGK-ZDKwj/?igsh=aWc2ZXVsNWs3aDhh>

2025 жылғы 20 қараша, Текелі қаласы.

Іс-шара сілтемесі: <https://www.instagram.com/reel/DRSblMUDIiW/?igsh=em1jZjV5ZzZsc3l5>

2025 жылғы 20 қараша, Талдықорған қаласы.

Іс-шара сілтемесі: <https://www.instagram.com/reel/DRSbaDaDMhP/?igsh=MW01bXlvdmdjbXYzMA==>

2025 жылғы 20 қараша, Ескелді ауданы, Бақтыбай ауылы.

Іс-шара сілтемесі: <https://www.instagram.com/reel/DRSbRg2DKZs/?igsh=bGs5andpNmM4aXRv>

3-міндет. Жетісу облысының 8 ауданы мен 2 қаласының мектептері мен колледждерінде кемінде 1 ақпараттық түсіндіру шарасы өткізу

№ 1 іс-шара: «Отбасындағы ер адамның рөлі», «Жауапты әке болу» және басқа да тақырыптар бойынша кемінде 1 ақпараттық-түсіндіру шарасын өткізу

Жетісу облысының 8 ауданы мен 2 қаласының мектептері мен колледждерінде «Отбасындағы ер адамның рөлі мен жауапты әке болу» тақырыбында ақпараттық түсіндіру шарасы өткізілді.

Мектептер мен колледждерге алдын ала хабарландыру жіберіліп, осы кездесу бойынша қатысушылар жинақталды. Жетісу облысының аудан, қала мектеп пен колледждері бойынша жалпы 300 ұл қатысты.

Бұл іс-шаралар қазіргі қоғамдағы отбасы институтының маңызы мен әкенің отбасылық-әлеуметтік өмірдегі жауапкершілігін кеңінен түсіндіруге бағытталды. Іс-шараны сапалы өткізу мақсатында мектептер мен колледждерге алдын ала ресми хабарландырулар, шақыру хаттар және жоспарланған тақырыптар жіберілді.

Іс-шараға спикер ретінде Айдарали Жанатбек - (айтыскер ақын, Жетісу облысының халық шығармашылығы орталығының әдіскері) мен Бақытбек Раев – (Панфилов ауданы, Ынтымақ ауылдық мәдениет үйінің директоры, көпбалалы әке) шақырылды.

Ақпараттық-түсіндіру шаралары барысында қоғамдастық үшін өзекті бірнеше негізгі мәселе көтерілді:

Спикерлер ер адамның отбасыдағы жетекші тұлға ретіндегі жауапкершілігі туралы және әкенің моральдық бағыт-бағдар беруші ретіндегі рөлі мен балалардың тұлғалық қалыптасуындағы ер адамның үлгісі жөнінде, сондай-ақ отбасыдағы эмоционалды тұрақтылықты күшейтуде әкенің ықпалы, әкенің еңбек, тәртіп, мінез-құлық мәдениеті бойынша үлгі болуы қажеттігі туралы баяндады.

Бұл кездесуде әкелер үшін заманауи талаптар мен міндеттер кеңінен талқыланды:

- бала тәрбиесіндегі құқықтар мен міндеттер; эмоционалды қолдау көрсету дағдылары;
- ұл балалармен сенімді қарым-қатынас орнату;
- ата-аналық бақылауды дұрыс жүргізу;

Шара барысында қатысушылар пікір алмасып, өз тәжірибелерімен бөлісті, көкейлеріндегі сұрақтарын ашық қойды. Жасөспірім ұлдар пікір білдіріп, әкелерімен қарым-қатынаста не нәрселер жетіспейтінін немесе нені бірге жасауды қалайтындарын айтты. Бұл талқылау көптеген қатысушылар үшін маңызды ой салды. Сонымен қатар, іс-шара барысында сауалнама жүргізілді.

Іс-шара нәтижесінде:

- әке мен бала арасындағы байланысқа назар аудару деңгейі артты;
- отбасындағы тәрбие мен рухани құндылықтар мәселесіне заманауи көзқарас қалыптасты;
- әкелердің қоғамдағы белсенділігі мен жауапкершілігін күшейту қажеттігі айқындалды.

Сонымен қатар, іс-шаралардың ашықтығын қамтамасыз ету мақсатында фото және видео материалдар түсіріліп, іс-шара туралы ақпарат әлеуметтік желіде жарияланды.

2025 жылғы 30 қыркүйек, сағат 09:00, Сарқан ауданы, Сарқан қаласы, Сарқан политехникалық колледжі.

Іс-шара сілтемесі: <https://www.instagram.com/reel/DQFGTZrDN6a/?igsh=bDltaW9ma3Q2dTls>

2025 жылғы 1 қазан, сағат 09:00, Ақсу ауданы, Жансүгір ауылы, Ақсу агротехникалық колледжі.

Іс-шара сілтемесі: <https://www.instagram.com/reel/DQFHcK9jOrS/?igsh=YmM5ZG94bmJ0anI2>

2025 жылғы 2 қазан, сағат 11:30, Көксу ауданы, Балпық би ауылы, Ж. Егінбаев атындағы орта мектеп.

Іс-шара сілтемесі: <https://www.instagram.com/reel/DQFIbQJDEeg/?igsh=MTRvejdvOXI0eWZpeg==>

2025 жылғы 7 қазан, сағат 10:00, Кербұлақ ауданы, Сарыөзек ауылы, 49 орта мектеп.

Іс-шара сілтемесі: <https://www.instagram.com/reel/DQFI-2yDK1f/?igsh=eWtuN3RpMnBoYmJr>

2025 жылғы 8 қазан, сағат 10:00, Ескелді ауданы, Қарабұлақ ауылы, Көксу ауылшаруашылық колледжі.

Іс-шара сілтемесі: <https://www.instagram.com/reel/DQFJiCMDDGJ/?igsh=b3c3bHNpd2MzZjIx>

2025 жылғы 9 қазан, сағат 09:00, Текелі қаласы, Текелі кәсіптік колледжі.

Іс-шара сілтемесі: <https://www.instagram.com/reel/DQFKMI1jC2f/?igsh=ZXB5OWtteXp1MHI6>

2025 жылғы 10 қазан, сағат 10:00, Талдықорған қаласы, 2 орта мектеп.

Іс-шара сілтемесі: <https://www.instagram.com/reel/DQFM004jCzt/?igsh=M3NkOXV2NjZ0ZTFu>

2025 жылғы 13 қазан, сағат 09:00, Алакөл ауданы, Үшарал қаласы, Алакөл колледжі.

Іс-шара сілтемесі: <https://www.instagram.com/reel/DQFNjv-jKa1/?igsh=MW5qcTU1bTg1aGdkNg==>

2025 жылғы 14 қазан, сағат 09:00, Қаратал ауданы, Үштөбе қаласы, 51 орта мектеп.

Іс-шара сілтемесі: <https://www.instagram.com/reel/DQFNjv-jKa1/?igsh=MW5qcTU1bTg1aGdkNg==>

2025 жылғы 15 қазан, сағат 09:00, Панфилов ауданы, Жаркент қаласы, Жаркент жоғары педагогикалық колледжі.

Іс-шара сілтемесі: <https://www.instagram.com/reel/DQFNjv-jKa1/?igsh=MW5qcTU1bTg1aGdkNg==>

4-міндет. Әкенің отбасындағы рөлі туралы кемінде 3 бейнеролик дайындау

№ 1 іс-шара: Бейнероликтер тақырыбы мен сценарийін әзірлеу («Әкенің отбасындағы рөлі», «Жауапты әке», «Ұл тәрбиесі – ұлт тәрбиесі» т.б.)

«Әкенің отбасындағы рөлі», «Жауапты әке», «Ұл тәрбиесі - ұлт тәрбиесі» тақырыптарында бейнеролик сценарийі әзірленіп 3 бейнеролик дайындалды.

1. Бейнеролик – «Жауапты Әке»: <https://www.instagram.com/reel/DRQzVMfCBsT/?igsh=ZzFjZDJxZGpxaGxy>

2. Бейнеролик – «Ұл тәрбиесі – ұлт тәрбиесі»: <https://www.instagram.com/reel/DRQ1xAhiISw/?igsh=MTh3Y2gzeDI0ZTM5bQ==>

3. Бейнеролик – «Әке аманаты: Ат әбзелін таны»: <https://www.instagram.com/reel/DRQy3ytCDn8/?igsh=Y2JwYWU4aWh4a2Fl>

1) «Әкенің отбасындағы рөлі» бұл бейнероликте отбасы құрылымындағы ер адамның жетекші рөлі, оның рухани, тәрбиелік және қоғамдық жауапкершілігі жан-жақты ашылады. Бейнематериалда: әкенің бала тәрбиесіндегі психологиялық орны; отбасыдағы тәртіп, мораль және құндылықтарды қалыптастырудағы рөлі; отбасы мүшелеріне қамқорлық, қорған болу бейнесі; әкенің үлгі болу феномен шынайы өмірден алынған мысалдар көрініс табады.

2) «Жауапты әке» бұл ролик заманауи қоғамдағы әкенің жауапкершілік деңгейін арттыруға бағытталған. Онда: бала өміріне белсенді қатысу; эмоциялық қолдау көрсету; уақыт бөле білу дағдылары; отбасылық шешімдерді бірге қабылдау; әке болудың құқықтық аспектілері; әке ретінде өзін-өзі дамыту жолдары сияқты мәселелер қамтылады. Бейнематериалда түрлі жастағы әкелердің пікірлері, тәжірибелері, отбасылық кадрлар арқылы жауапты әке бейнесі көркем және әсерлі түрде көрсетілген.

3) «Ұл тәрбиесі – ұлт тәрбиесі» бұл роликте ұл баланы тәрбиелеу – ұлттық құндылықтарды, ер азаматтық қасиеттерді, жауапкершілікті және тәртіп пен этиканы қалыптастырудағы маңызды үдеріс екені көрсетіледі. Бейнероликте: батылдық, адалдық, еңбекқорлық, отаншылдық сияқты қасиеттердің маңызы; ұл балаға ұлттық тәрбие беру үлгілері; әкенің ұл балаға бағыт-бағдар болатын рөлі; отбасындағы ер азаматтар арасындағы қарым-қатынас құндылығы көркем тілмен жеткізіледі.

Сценарий әзірлеу барысында: мақсатты аудитория (әке, әке тәрбиесін көрген ұл, жас отбасы) анықталды; бейнероликтердегі сюжеттер шынайы өмірлік көріністерге негізделді; бірнеше кейіпкерді қамтитын сюжеттер құрылды; мотивациялық дикторлық мәтіндер жазылды; көрерменге ой саларлық эмоционалды кадрлар таңдалды.

Бейнероликтердің ұзақтығы 1,5–3 минут аралығында, әлеуметтік желілер мен білім беру ұйымдарына таратуға қолайлы форматта жасалды. Бейнероликке Б. Римова атындағы Талдықорған драма театр актерлері - атап айтсақ, театр және кино актері, бірнеше отандық фильмдерге түскен Еркебұлан Айдынбаев түсті. Жарияланған әлеуметтік желелердің саны: 3 - яғни Instagram, Facebook, Tiktok парақшалары

5-міндет. Әкелер мен балалар арасындағы байланысты нығайтуға бағытталған кемінде 2 ауқымды отбасылық іс-шара ұйымдастыру (мысалы, спорттық жарыстар, табиғатқа шығу жәнге т.б.)

№ 1 іс-шара: Әкелер мен балалар арасындағы байланысты нығайтуға бағытталған ауқымды отбасылық іс-шаралар ұйымдастыру

Әкелер мен балалар арасындағы байланысты нығайтуға бағытталған кемінде 2 ауқымды отбасылық іс-шара ұйымдастырылды. Бұл іс-шаралар әртүрлі спорттық белсенділіктер арқылы әке мен баланың бірлескен әрекетін дамытып, олардың өзара сенімін, серіктестігін және ортақ мақсатқа жету дағдыларын арттыруға бағытталды.

Жалпы іс-шараларға 100 әке мен бала тікелей қатысып, өзара қарым-қатынасты нығайтуға арналған белсенділікке атсалысты. Әр шара ерекше форматта ұйымдастырылып, қатысушылардың қызығушылығын арттырды, баланың әкесіне деген сый-құрметін және әкенің бала тәрбиесіндегі рөлін түсінуін тереңдетті.

Алғашқы шара 19 қыркүйек күні, Талдықорған қаласы, Болашақ стадионында эстафеталық жарыс түрінде өтті. Жалпы саны 10 әке мен 10 бала қатысты. Төреші ретінде Байсерикова Наталья Сергеевна, Медведова Наталья Владимировна анықталды.

Кедергіден өту, қол күрес, арқан тартыс, дәлдеп лақтыру секілді кезеңдерден тұрды. Эстафеталық жарыс балалар мен әкелердің физикалық дайындығын көрсетіп қана қоймай, олардың бір-бірін қолдау, сену және ортақ нәтижеге бірге жету дағдыларын дамытуға бағытталды. Жарыс жеңімпаздарына жүлделі сыйлықтар мен алғыс хаттар, сонымен қатар медаль берілді.

Екінші ауқымды шара 11 қараша күні, Талдықорған қаласы, Үстел теннис орталығында әке мен бала дйбы спорт түрінен өтті.

Жарысқа қала мектептерінен 40 әке мен 40 бала келіп қатысты. Жарыс 3 сағатқа созылып, 6 кезеңдік жарыс негізінде қатысушы әке мен бала ұтқырлықтарын көрсетіп, жеңімпаз атанды.

Дойбы - назар, логика, жылдамдық және шапшаң шешім қабылдауды қажет ететін спорт түрі болғандықтан, қатысушылар жарыс бойы жоғары деңгейдегі белсенділікті көрсетті.

Қатысушылар барлық кезеңдерді жоғары ынтамен, ұйымшылдықпен өтіп, үздік өнер көрсетті. Бірнеше жұп ерекше шапшаңдық пен техникалық дайындық көрсетіп, жеңімпаз атанды. Финалдық кезеңдер өте қызықты да тартысты өтті. Әкелердің пікірінше, бұл іс-шара балалардың спортқа деген қызығушылығын арттырып қана қоймай, олардың бірге уақыт өткізу мәдениетін қалыптастырды.

Екі ауқымды отбасылық спорттық шара өңірде әкелердің белсенділігін арттыруға, жасөспірім ұл балалардың позитивті әке үлгісін көруіне және отбасы ішіндегі бірлікті нығайтуға үлкен ықпал етті. Бұл іс-шаралар: әкелердің отбасындағы рөлін күшейтті, ұл балаларға ер азаматтық мінез-құлықтың үлгісін көрсетті; отбасы мүшелерінің бір-бірін қолдауының маңызын арттырды; ата-аналар мен балалар арасындағы сенімді қарым-қатынасты нығайтты; қоғамда салауатты өмір салтын дәріптеді. Іс-шарның бағдарламасы, хабарландыруы, қатысушылар тізімі қосымшада көрсетілді.

1. <https://www.instagram.com/p/DOuwIc3guM/?igsh=cGkwcDYweG90N2tt>
2. <https://www.instagram.com/reel/DRHbTb7jDI5/?igsh=ZGMyn29meW11YW84>

6-міндет. Жетісу облысының 8 ауданы мен 2 қаласынан кемінде 100 адамның қатысуымен өңірлік Әкелер форумын өткізу, үздік әкелерді марапаттау

№ 1-іс-шара: Өңірлік Әкелер форумын өткізу және форум аясында үздік әкелерді марапаттау

Жетісу облысының 8 ауданы мен 2 қаласынан кемінде 100 адамның қатысуымен 2025 жылғы 7 қараша күні өңірлік «Ер болмысы-ел болашағы» тақырыбында әкелер форумы өткізіліп, үздік әкелер марапатталды.

Форум әке институтын қолдауға, отбасы құндылықтарын нығайтуға және ұл бала тәрбиесіндегі маңызды қағидаларды дәріптеуге бағытталған басты шаралардың бірі болды. Форумға әр аудан мен қаладан арнайы делегаттар – ұсынылған, беделді, белсенді әкелер, мектептер мен колледждердің ата-аналар комитеттерінің өкілдері, қоғамдық ұйым өкілдері және жергілікті билік мүшелері қатысты.

Әр ауданнан келген әкелер форум аясында баяндамашылардың баяндамасын тыңдап, өз пікірлерін білдірді.

Форумның негізгі мақсаты:

- қоғамдағы жауапты әке болу мәдениетін күшейту;
- отбасындағы ер адамның рөлі туралы қоғамдық пікір қалыптастыру;
- ұл тәрбиесіндегі заманауи сын-қатерлерді талқылау;
- аймақтағы үздік әкелерді ынталандыру және отбасылық тәрбиедегі озық тәжірибелерді тарату; ата-аналар мен қоғам арасындағы бірлесе әрекет ету тетіктерін дамыту.

Форумға қатысқан әкелер өз отбасылық тәжірибелерімен бөлісті, бала тәрбиесінде қолданатын әдіс-тәсілдерін ұсынды, ұл баламен арадағы байланысты қалай нығайтуға болатыны туралы ойларын айтты, басқа аудандардағы озық тәжірибелермен танысты.

Пікірталас бөлімінде қатысушылар еркін форматта сұрақ қойып, ұсыныстарын білдірді. Бұл бөлім әкелер арасындағы ынтымақтастық пен ортақ мәселелерді бірлесіп шешу мәдениетін қалыптастыруға мүмкіндік берді.

Форумның бағдарламасы мен қатысушылар тізімі, сауалнама жауаптары қосымшада көрсетілді.

Марапатталған әкелер ішінде:

- Жетісу облысының 8 ауданы мен 2 қаласының қарапайым қоғамдық жұмыс мамандарынан бастап, көп балалы әкелер мен ауыл әкімдері болды. Әртүрлі қызмет өкілдерінің басы қосылып, марапат бұрын соңды алмаған әкелер форум соңында қуаныштан көз жасына ерік берді.

Сонымен қатар, іс-шаралардың ашықтығын қамтамасыз ету мақсатында фото және видео материалдар түсіріліп, іс-шара туралы ақпарат әлеуметтік желіде жарияланды:

<https://www.instagram.com/reel/DQ16VYTjCvJ/?igsh=MTY0Y2IwdDQ3bDg0Nw==>

№ 2 іс-шара: Жобаға қатысқан әкелердің бала тәрбиесі мен отбасылық істерге араласу деңгейінің артуы бойынша сауалнама жүргізу (сауалнама нәтижелері бойынша)

Форум аясында жобаға қатысқан әкелердің бала тәрбиесі мен отбасылық істерге араласу деңгейін анықтау мақсатында сауалнама жүргізілді. Қатысушылардың басым бөлігі – 30–45 жас аралығындағы, тұрақты жұмысы және жауапкершілігі бар әкелер. Көпшілігі баламен қарым-қатынас жасауға күнделікті уақыт бөледі, бұл әкелік белсенділіктің жоғары екенін көрсетеді. Сауалнама нәтижелерінің жиынтығы бойынша: 75-80% қатысушы өзін белсенді немесе өте белсенді әке деп бағалайды. Әкелер отбасындағы тәрбиелік міндетке бұрынғыға қарағанда көбірек араласып жүргені байқалады. Негізгі қиындықтар:

Уақыт тапшылығы – ең жиі кездесетін мәселе (70% жауап).

Тіл табысу және тәртіп мәселесі – 30–40% аралығында.

Психологиялық алшақтық сирек болғанымен, кей отбасыларда бар.

Сауалнама нәтижелері өңірдегі әкелердің тәрбиеге белсенді араласып жүргенін, баламен эмоционалды байланыс орнатуға ұмтылатынын, ұлттық құндылықтарды беруде жауапкершілік танытатынын көрсетті. Бала тәрбиесі мен отбасылық істерге араласу деңгейінің арту деңгейі 70% - дан жоғары. Сауалнама жауаптары мен қорытынды есебі қосымшада көрсетілді.

Шарт талаптарына сәйкес жоба нәтижелерінің қорытынды жария презентациясы

№ 1 іс-шара. Жобаны іске асыру қорытындыларын, мақсаттар мен міндеттерге қол жеткізудеңгейін, өткізілген іс-шараларды көпшілік алдында таныстыру

Әкелер институтын дамыту, ұлдарды болашақ әке ретінде тәрбиелеуге жәрдемдесу және әкелерді бала тәрбиесі процесіне белсенді қатыстыру жобасы бойынша жоба нәтижелерінің қорытынды жария презентациясы әлеуметтік желіге пост түрінде салынды.

https://www.instagram.com/p/DRUGM06DKV/?img_index=2&igsh=MWpmbHBzZ3Y2aTFjMQ==

Шарт талаптарына сәйкес жобаның орындалу барысы туралы ақпараттық жұмыс

№ 1 іс-шара. Жобаны іске асыру барысы туралы ақпараттық жұмыс жүргізу

Мақсатты аудиторияны айқындау үшін ақпараттық стратегияны әзірлеу есебі берілді, жобаның ресми Instagram akelife_zhetysu парақшасы ашылып, жоба бойынша өткен барлық іс-шаралар жарияланды. БАҚ-та пресс релиз жазылды, БАҚ-та мақала облыстық өткен шаралар бойынша жарияланды, баспасөз конференциясы өткізілді, өткен іс-шаралар бойынша сұхбат және түсініктеме алынып, парақшаға салынды. Скрин және сілтемесі қосымшада көрсетілді. Репортаж түсірілді. Жергілікті және республикалық БАҚ-та жарияланым жасалынып, көрсетілді. Ай сайын алдағы өтетін іс-шаралар бойынша контент жоспар ұсынылды. Видеоролик түсіріліп, әлеуметтік парақшаға жүктелді. Скрин және сілтемесі қосымшада көрсетілді.

1) Әлеуметтік жобаның, әлеуметтік бағдарламаның мақсаттарына қол жеткізу және алынған нәтижелері:

Жетісу облысында жүзеге асырылған «Әкелерді бала тәрбиесіне белсенді қатыстыру» жобасы өз әлеуметтік мақсаттарына толық қол жеткізді. Жоба барысында 8 аудан мен 2 қаланың мектептері мен колледждерінде өткізілген іс-шараларға жалпы саны 300-ден астам әкелер мен ұл балалар қатысып, олардың әкелік институтқа деген қызығушылығы артты. Әкелер мен балалар арасындағы байланыс нығайып, олардың өзара сенім, ынтымақтастық және бірлескен әрекет дағдылары дамыды. Сонымен қатар, өңірлік Әкелер форумында 100-ден астам әке қатысып, үздік әкелер марапатталды, бұл қоғамдағы жауапты әке болу мәдениетін қалыптастыруға және отбасы құндылықтарын дәріптеуге септігін тигізді.

Жобаның нәтижесінде жүргізілген сауалнама бойынша қатысушылардың 75–80% өздерін белсенді немесе өте белсенді әке ретінде бағалады. Бұл көрсеткіш баламен қарым-қатынас жасауға әкелердің уақыт бөлу деңгейінің артқанын және отбасы ішіндегі рөлін күшейтетінін дәлелдейді. Сонымен қатар, жобаның әртүрлі форматтағы спорттық және ақпараттық іс-шаралары (эстафеталық жарыстар, үстел теннисі, дойбы, пікірталас, бейнероликтер) әкелер мен балалар арасындағы қарым-қатынасты нығайтып қана қоймай, салауатты өмір салтын дәріптеуге де ықпал етті.

Жобаға қатысушылар саны – 1120.

2) Мақсатқа қол жеткізу (фактілерді сипаттау және мақсатқа қол жеткізу туралы дәлелдер):

2025 жылғы қыркүйек-қараша айларында Жетісу облысының 8 ауданы мен 2 қаласында жалпы саны 300-ден астам адам қатысқан іс-шаралар өткізілді. Әр іс-шара Instagram парақшасында жарияланып, қатысушылардың белсенділігі расталды (сілтемелер берілген).

Әкелер мен балалар арасындағы байланысты нығайтуға бағытталған екі ауқымды спорттық іс-шара ұйымдастырылды: 19 қыркүйекте эстафеталық жарыс және 11 қарашада дойбы жарысы. Бұл іс-шараларға 100-ден астам қатысушы қатысты, қатысушылардың белсенділік деңгейі жоғары болды.

Өңірлік Әкелер форумына 8 аудан мен 2 қаладан 100-ден астам әке қатысты, үздік әкелер марапатталды. Форум барысында әкелер бала тәрбиесі мен отбасыдағы рөлдеріне қатысты өз тәжірибелерімен бөлісті, пікірталастар ұйымдастырылды.

Сауалнама нәтижелері көрсеткендей, қатысушылардың 75–80%-ы бала тәрбиесіне белсенді араласатынын және отбасылық міндеттерді бұрынғыға қарағанда көбірек орындап жүргенін атап өтті.

Жобаға қатысушылар саны – 1120.

3) Жоспарланған нәтижелердің алынған нәтижелерге сәйкестігі; егер жоспардан ауытқу орын алса, оның негіздемесі: Барлық негізгі іс-шаралар жоспарға сәйкес өткізілді. Ауытқу орын алмады.

4) Әлеуметтік жобаны, әлеуметтік бағдарламаны іске асыру аяқталғаннан кейін және/немесе іске асыру кезінде болған әлеуметтік және басқа да өзгерістерді өлшеу (жобаға дейінгі ахуалды және жоба аяқталған кездегі ахуалды салыстыру, жоба шеңберінде проблемаларды мен міндеттерді шешу дәрежесі):

Жобаны іске асыруға дейін Жетісу облысындағы әкелердің көпшілігі бала тәрбиесіне қатысу деңгейі орташа деңгейде болды, отбасылық іс-шараларға араласу шектеулі еді. Мектеп өміріне қатысуы төмен, ұл балалардың отбасы құндылықтары мен әке рөлін үлгі ретінде қабылдау деңгейі қалыпты жағдайдан аспайтын.

Жобаны іске асыру барысында өткізілген іс-шаралар (спорттық жарыстар, форумдар, ақпараттық-түсіндіру кездесулері, бейнероликтер, сауалнама) әлеуметтік ахуалды жақсартуға бағытталды. Жетісу облысының 8 ауданы мен 2 қаласынан 300-ден астам әке мен бала қатысты. Сауалнама нәтижелері бойынша қатысушылардың 75–80%-ы бала тәрбиесіне белсенді араласатынын атап өтті, бұл көрсеткіш бұрынғы деңгейге қарағанда айтарлықтай жоғары болды.

Жоба барысында анықталған мәселелердің бірі – уақыт тапшылығы, сондай-ақ кейбір отбасылардағы тіл табысу және тәрбие мәселелері. Іс-шаралар осы проблемаларды төмендетуге бағытталды, әсіресе әкелердің отбасы ішіндегі рөлін күшейту және балалармен эмоционалды байланыс орнату бойынша әсері байқалды.

Салыстырмалы түрде, жобадан кейінгі ахуалда келесі өзгерістер байқалды: әкелердің бала тәрбиесіне қатысу деңгейі артты, балалар мен әкелер арасындағы қарым-қатынас жақсарды, сондай-ақ қоғамда әкелердің отбасыдағы рөлі мен жауапкершілігі туралы түсінік күшейді. Жобаның нәтижелері әлеуметтік тұрғыдан оң өзгерістерге ықпал етті және ұзақ мерзімді әсер беруі мүмкін.

II. Әлеуметтік жобаға, әлеуметтік бағдарламаға қатысушылар бөлінісінде

Статистикалық ақпарат:

1) Гендерлік көрсеткіш:

Жобаға қатысушылардың саны барлығы	Ерлер	Әйелдер
1120	1115	5

2) Санаттары бойынша әлеуметтік мәртебесі:

Жобаға	Балалар (оның	Жастар	Мемлекеттік	Бюджеттік	Мүгедектігі	Егде	Жұмыссыздар	Қоғамдық	Бизнес-	Басқа
--------	---------------	--------	-------------	-----------	-------------	------	-------------	----------	---------	-------

қатысушы саны (барлығы)	ішінде мүгедек балалар)		қызметкерлер	ұйымдар жұмысшылары	бар тұлғалар	жастағылар (50+)		ұйымдар өкілдері	сектор өкілдері	санаттар
1120	-	775	48	56	-	25	40	5	9	162

3) Жас ерекшелігінің көрсеткіші:

Жалпы саны (барлығы)	13–16 жас	17–22 жас	23–27 жас	28–32 жас	33–45 жас	46–58 жас	59 жас және одан жоғары
1120	93	560	180	165	97	15	10

III. Жобаның нәтижелері:

1) Көрсетілген насаналы топтардың жобаны іске асыру барысында (сандық көрсеткіштерді көрсете отырып, сапалық қозғалыстарды сипаттай отырып) алған нақты нәтижелері:

2025 жылы Жетісу облысының 8 ауданы мен 2 қаласында «Ата-аналар комитеттері мен әкелердің қатысуымен» ұйымдастырылған кездесулер сериясы өткізілді. Бұл іс-шараларға барлығы 100 әке мен 300 ұл астам қатысып, әкелер мен жасөспірімдер арасында ашық және еркін пікір алмасуға мүмкіндік туды. Жобаға қатысушылар саны – 1120.

Диалог барысында ұл балалар әкелік мейірімнің, бағыт-бағдардың және отбасыдағы ер адамның жауапкершілігінің маңызын қайта түсінді. Әрбір кездесудің қорытындысында қатысушыларға арнайы дайындалған ақпараттық парақшалар мен түсіндіру буклеттері таратылды.

Жетісу облысының барлық өңірлерінде — 8 аудан мен 2 қалада әке мен бала арасындағы өзара сенімді нығайтуға бағытталған кемінде бір спорттық іс-шара өткізілді. Бұл бастамалар отбасылық бірлікті, әсіресе әке мен ұл арасындағы эмоционалдық жақындықты арттыруға, бірлескен белсенділік арқылы қуаныш сыйлауға және салауатты өмір салтын кеңінен насихаттауға ықпал етті. Жалпы облыс бойынша 50 команда, әр ауданда шамамен 5 командадан, түрлі спорттық сайыстарға қатысты. Жарыстар бағдарламасы әке мен баланың бір команда ретінде әрекет етуіне мүмкіндік беретін эстафеталар мен командалық ойындардан тұрды.

Сонымен қатар, облыстың 8 ауданы мен 2 қаласындағы мектептер мен колледждерде кемінде бір рет ақпараттық-түсіндіру кездесулері өтті. Бұл жиындардың өзегіне «Отбасындағы ер адамның рөлі» және «Жауапты әке болу» тақырыптары алынды. Тәрбие бағытындағы бұл іс-шараларға жалпы 300 ұл бала қатысып, қазіргі қоғамда отбасы құрылымының маңызы, әкенің рухани, тәрбиелік және әлеуметтік жауапкершілігі туралы маңызды мәліметтер алды.

Әкелердің отбасы ішіндегі беделі мен қызметін жандандыру мақсатында кемінде үш бейнеролик дайындалды. «Әкенің отбасындағы рөлі», «Жауапты әке», «Ұл тәрбиесі – ұлт тәрбиесі» атты бейнематериалдардың сценарийлері алдын ала жоспарланып, мазмұны терең, түсіндіруі

нақты, тәрбиелік әсері жоғары болатындай етіп әзірленді. Бұл видеолар қоғамдағы әке институтын дәріптеуге және оның маңызын кең аудиторияға жеткізуге арналған.

Әкелер мен балалар арасындағы байланысты күшейту мақсатында екі ірі отбасылық шара ұйымдастырылып, жалпы саны 100 әке мен бала қатысу мүмкіндігіне ие болды. Алғашқы іс-шара 19 қыркүйек күні Талдықорған қаласындағы «Болашақ» стадионында өткізіліп, онда 10 әке және 10 бала эстафеталық жарыстарға қатысты. Екінші ауқымды шара 11 қараша күні Талдықорған қаласындағы Үстел теннисі орталығында өтті.

Бұл ретте, қала мектептерінен 40 әке және 40 бала қатысып, 3 сағатқа созылған 6 кезеңдік ойындар барысында шеберліктерін көрсетіп, үздіктер қатарынан көрінді.

Сонымен бірге, 07 қараша күні Жетісу облысының 8 ауданы мен 2 қаласынан келген кемінде 100 қатысушының қатысуымен өңірлік «Ер болмысы – ел болашағы» атты ауқымды әкелер форумы ұйымдастырылды.

Форум соңында отбасы тәрбиесіне сіңірген еңбегімен көзге түскен 10 үздік әке арнайы марапаттармен құрметтелді.

2) Жобаны іске асыру барысында шешілуге тиісті проблемаға жобаның ұзақмерзімді ықпалы (жобадан туындаған осы немесе өзге саладағы болжамды оң/жағымсыз өзгерістерді негіздеу):

Жобаның ұзақмерзімді ықпалы

Жоба барысында шешілуге тиісті басты проблема – әкелердің отбасылық өмірге қатысу деңгейінің төмендігі, ұл балалардың дұрыс ер азаматтық үлгі алуындағы қиындықтар және отбасы институтының әлсіреуі болды.

Ұзақмерзімді перспективада жобаның ықпалы мынадай:

- әкелердің бала тәрбиесіне қатысу белсенділігі артқандықтан, отбасыдағы тәрбие мен эмоционалды байланыс тұрақтанады.
- ұл балаларда ер азаматтық қасиеттер мен жауапкершілік деңгейі жоғарылайды, отбасы мен қоғамдағы моральдық құндылықтар нығаяды.
- әке институтына деген қоғамдағы құрмет пен таным қалыптасып, жас отбасылар арасында жауапты әке болу мәдениеті кеңінен таралады.
- жобаның тәжірибесі басқа облыстар мен қауымдастықтарға үлгі болып, отбасы және қоғамдастыққа ұзақ мерзімді әлеуметтік өзгерістер әкеледі.

3) Іске асырылған жобаның әлеуметтік-экономикалық әсері:

Әлеуметтік әсері:

Жобаның әлеуметтік әсері айтарлықтай және көпқырлы. Біріншіден, әкелер мен балалар арасындағы қарым-қатынас нығайды, бұл отбасы ішіндегі эмоционалды байланысты арттыруға мүмкіндік берді. Әкелердің бала тәрбиесіне белсенді қатысуы, олардың құқықтары мен міндеттерін

түсінуі отбасылық тәрбие сапасын көтерді, ұл балаларда дұрыс ер азаматтық үлгі қалыптасты. Сонымен қатар, жобалық іс-шаралар жастар мен жас отбасылар арасында заманауи әке рөлін насихаттап, қоғамдағы жауапты әке мәдениетін қалыптастыруға үлес қосты.

Екіншіден, ақпараттық-түсіндіру шаралары мен бейнероликтер арқылы қоғамда әке институтының рөлі мен маңыздылығы кеңінен насихатталды. Бұл ата-аналардың бір-бірімен және балаларымен ашық әрі тиімді қарым-қатынас орнатуына, отбасы мүшелерінің өзара қолдауын арттыруға ықпал етті. Форумдар мен спорттық іс-шаралар әлеуметтік байланыстарды нығайтып, қоғамдағы бірлікті күшейтті, жас ұрпаққа ұлттық құндылықтар мен моральдік принциптерді жеткізудің тиімді жолдарын көрсетті.

Үшіншіден, жоба ұзақ мерзімді әлеуметтік тұрақтылыққа оң әсерін тигізеді. Әкелердің белсенділігінің артуы балалардың мектептегі және қоғамдық өмірдегі тәртібіне, эмоционалды дамуына, өзін-өзі бағалауының қалыптасуына әсер етеді. Бұл болашақта жасөспірімдер арасындағы қақтығыстар мен әлеуметтік шиеленістердің төмендеуіне ықпал етеді. Сонымен қатар, жобаның тәжірибесі басқа өңірлерде де қолданылып, әлеуметтік жобаларды дамыту үшін үлгі болады.

Экономикалық әсері:

Жобаның экономикалық әсері де айқын көрініс тапты. Жобалық іс-шаралар өткізу үшін жергілікті инфрақұрылым – мектептер, колледждер, спорт орталықтары, мәдениет үйлері тиімді пайдаланылды. Бұл жергілікті кәсіпкерлер мен қызмет көрсетушілерге экономикалық кіріс әкеліп, өңірдегі шағын бизнес пен қызмет секторын қолдауға мүмкіндік берді.

Сонымен қатар, жобаның ақпараттық-насихаттау элементтері (бейнероликтер, әлеуметтік желілердегі жарияланымдар) жергілікті медиа және шығармашылық салаларға экономикалық серпін берді. Ұзақ мерзімді перспективада жоба арқылы қалыптасқан әке мен бала арасындағы қарым-қатынастың жақсаруы қоғамдағы еңбек өнімділігін арттыруға, жұмыс қабілеттілігін жоғарылатуға ықпал етеді.

Отбасыда жауапкершілік пен тәртіп мәдениетінің нығаюы экономикалық тұрақтылық пен әлеуметтік капиталдың өсуіне әкеледі. Жобаның тәжірибесі басқа өңірлерде кеңінен қолданылса, бұл әлеуметтік және экономикалық тиімділіктің мультипликативтік әсерін туғызады.